

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан КОММУНИСТІ


6

И Ю Н Ъ

1962

А Л М А Т Ы

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ



Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

ХІІ жыл ШЫҒУЫ

№ 6

И Ю Н Ь

1962

МАЗМУНЫ

БАС МАҚАЛА — Өндірістің өзекті мәселелері	3
Г. КОЗЛОВ — Барлық резерв пен мүмкіндік толық пайдаланылсын	10
Ә. ҚӘКІМЖАНОВ — Ауыл шаруашылығының коммунистік құрылыстағы орны	17
З. АЙТМАҒАМБЕТОВ — Сапа көрсеткіші — өнеркәсіп жұмысының айнасы	24
П. КРЮЧКОВ — Өндірістік басқармалардың алғашқы қадамы	31
Т. ЖАНКЕЛДИН — Халық — тарихты жасаушы	36
О. ЖӘУТІКОВ — Кибернетика және техникалық прогресс	43
Қ. БІЛӘЛОВ — Маман кадр даярлау талапқа сай болсын	49
Б. ҚАЙЫМОВ — Өнім өндіру және дайындау	55

ЖАҢА ПРОГРАММА ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ

В. КУЗНЯЕВА — Біртұтас коммунистік меншікке жету жолында	59
--	----

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Ф. МИХАЙЛОВ — Идеологиялық жұмыстың маңызды саласы	64
М. ФАЗЫЛОВ — Жаңа адамды тәрбиелеу — басты міндетіміз	70
Ж. БАЛАПАНОВ — Қоғамдық негіздегі жұмыс	74
О. ИСАБАЕВ — Ұйымшыл коллектив	78
ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫНЫҢ ХАБАРЛАРЫ	80

СОДЕРЖАНИЕ


ПЕРЕДОВАЯ—Больше внимания вопросам экономики промышленности	3
Г. КОЗЛОВ — Все резервы — на досрочное выполнение семилетки .	10
А. КАКИМЖАНОВ — Роль сельского хозяйства в создании материально-технической базы коммунизма	17
З. АЙТМАГАМБЕТОВ — Качественные показатели — зеркало работы предприятия	24
П. КРЮЧКОВ — Первые шаги территориально-производственных управлений	31
Т. ЖАНКЕЛЬДИН — Народ—творец истории	36
У. ЖАУТИКОВ — Кибернетика и технический прогресс	43
К. БИЛЯЛОВ — Подготовку кадров на уровень новых задач	49
Б. КАЮМОВ — Некоторые вопросы заготовок сельскохозяйственной продукции	55

БЕСЕДЫ О НОВОЙ ПРОГРАММЕ

В. КУЗНЯЕВА — Пути сближения двух форм собственности	59
--	----

ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

Ф. МИХАЙЛОВ — Важная отрасль идеологической работы	64
М. ФАЗЫЛОВ — Воспитание нового человека — главное в идеологической работе	70
Ж. БАЛАПАНОВ — На общественных началах	74
О. ИСАБАЕВ — В бригаде коммунистического труда	78
ХРОНИКА ПАРТИЙНОЙ ЖИЗНИ	80



Өндірістің өзекті мәселелері

Совет халқы партияның жаңа Программасын іске асыра отырып, бізде коммунистік құрылысты кең өрістетуге күресіне жұмылды. Бұл құрылыстың жемісті де шапшаң жүргізілуінің берік экономикалық негізі — коммунизмнің материалдық-техникалық базасы.

Коммунистік қоғамға лайықты материалдық-техникалық база жағдайда өнеркәсіп, оның күре тамыры — ауыр өнеркәсіп шешуші орын алады. Өйткені, ауыр өнеркәсіп халық шаруашылығының барлық саласын, оның ішінде ауыл шаруашылығы мен құрылысты өндіріс құралдарымен — машина-жабдықтармен жабдықтап отырады.

Өнеркәсіп өндірістің сапа көрсеткіштері — еңбек өнімділігі, өнімнің құны мен сапасы, өндірісті ұйымдастыру, оның техникасы мен технологиясын жетілдіру, ұқыптылық пен үнемділік сияқты аса маңызды экономикалық міндеттер жөнінде де басқа салаларға үлгі беріп көрсетіп отыруға тиіс. Ал, мұндай экономикалық көрсеткіштер солғұрлым жақсы да жоғары болатын болса, коммунизмнің материалдық-техникалық базасы солғұрлым жедел жасалады, социалистік Отандық коммунизм жеңісіне қарай солғұрлым шапшаң алға басады.

Өнеркәсіп пен құрылысқа басшылық жасауды қайта құру жөнінде партия белгілеп іске асырған күрделі шаралардың нәтижесінде өндіріс жұмысы едәуір жақсарды. Өнеркәсіп өнімдерін өндіру жоспары ал сайын артығымен орындалып келеді. Өндіріс техникасы үздіксіз жаңартылууда. Өткен жылда республикамыздың өнеркәсібінде өнім шығару жоспары 102 процент орындалды, жалпы өнім алдыңғы жылмен салыстырғанда 14 процент артық шығарылды. Соңғы үш жыл ішінде өнеркәсіптің жалпы өнімі жоспар бойынша 40,4 процент өсу орнына 22,5 процент өсті.

Жоспарды сан және сапа көрсеткіштері жөнінде де жақсы орындалып, алдыңғы қатарда келе жатқан завод пен фабрика, кен мен комбинат коллективтері республикамызда аз емес. Бұлай үздік шыққан кәсіпорындар коллективтеріне коммунистік еңбек коллективі деген құрметті атақ берілді. Олардың ішінде Өскеменнің В. И. Ленин атындағы Қарағасын-мырыш комбинаты, Қарағандының № 35 шахтасы, Ленинобор қорғасын заводы, Алматының Гагарин атындағы тігін фабрикасы мен басқа кәсіпорындар бар.

Республикамыздың өнеркәсібінде өнім шығару жоспары биылғы жылдың бірінші тоқсанында да едәуір артық орындалды.

Дегенмен, өнеркәсіпте әлі де болса толық пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктер мен резервтер көп. Бұлар көбінесе өндірістің сапа көрсеткіштеріне байланысты. Кәсіпорындар басшылары жоспарды жалғасын сан жағынан орындауға күш салады да, сапа көрсеткіштеріне жеткілікті маңыз бермейді. Сол сияқты партия, совет ұйымдары жоспарды аудан, облыс бойынша жалпы орындалуымен, бұл жөніндегі орта көрсеткіштермен қанағаттанып, жайбарақат отыра береді. Өндірістік тапсырманың әрбір кәсіпорны бойынша, ал оның ішінде әрбір цех пен бригаданың бойынша орындалуы үшін қамқорлық жасамайды. Өткен жылда республикамызда өнеркәсіп орындарының 22 проценті өнім шығару жоспарын орындамады. Егер өндірістік тапсырма әрбір кәсіпорны бойынша толық орындалған болса, онда елімізге жүздеген миллион сомның өнімі артық берілген болар еді. Міне, бұл — зор резерв бірі.

Өнім шығару жоспарын үнемі толық та асыра орындаудың әрбір кәсіпорнының жұмысты біркелкі істеуін қамтамасыз ету, жұмыс нормасын барлық жұмысшының да толық орындауына жету сияқты маңызды резервтері бар. Көптеген кәсіпорны өнім шығару тапсырмасын күн сайын, апта, ай сайын біркелкі орындап отырмайды. Жоспар көбінесе айдың бас кезінде кем орындалып жүреді де, оның есесін аяқ кезінде едәуір артық орындалады. Бұл әдетте, айдың басында жақ барақаттыққа салынып, аяғында жаппай аттаныс жариялауға байланысты.

Өндірістік тапсырманы бұлай әркелкі орындаудың жарқын үлгісін Алматының эмаль-ыдыс заводының жарамсыз тәжірибесінен айқындар көруге болады. Бұл завод өткен жылдың бірінші тоқсанында тапсырманы орындай алмаған болса, төртінші тоқсанында — 169 процент, аяқ оның декабрь айында—201,8 процент орындаған.

Партия, кәсіподақ ұйымдары, халық шаруашылығы советтері әрбір кәсіпорнының жұмысты әрдайым біркелкі істеуіне қажетті шаралардың бәрін алдын-ала белгілеп, оларды мүлтіксіз іске асыру үшін күресуге тиіс. Біркелкі жұмыс күнбе-күнгі керекті өнімдердің біркелкі өндірілуіне жеткізумен бірге, өндіріс жұмысының мәдениетін көтеруге машина-жабдықты, жұмыс күшін неғұрлым тиімді пайдалануға, аттанысқа байланысты орынсыз шығынға жол бермеуге, өндіріс коллективі жұмысында берік тәртіп орнатуға жәрдемдеседі.

Жұмыс нормасын әрбір жұмысшының күнбе-күн толық және асыра орындауына жету, бүкіл өндірісті осы бағытта ұйымдастыру, осы мақсат тұрғысынан жарысты кең өрістету—игі мүмкіндіктің бірі. Кәсіпорындарда нормалы тапсырманы орындамайтын жұмысшылар аз емес. Өткен жылда Оңтүстік Қазақстан халық шаруашылығы советінің қарасты ауыр өнеркәсіп орындарында жұмыс нормасын жұмысшылардың 11,2 проценті, жеңіл өнеркәсіпте—24,5 проценті, тамақ өнеркәсібінде—27 проценті орындамаған. Мұндай кемшілікке төзіп, жоспарды алдыңғы қатарлы жұмысшылар есебінен орындауды әдетке, заңды іске айналдыруға болмайды. Тапсырманы орындаудың жауапкершілігі мен салмағын барлық жұмысшы бірдей көтеруге тиіс.

Социалистік өнеркәсіптің үздіксіз өсіп, ұлғаюының, оның өнімділігі барған сайын көп беруінің ең басты шарты—еңбек өнімділігінің артуы. Бұл өндірістің ең шешуші сапа көрсеткіші болып та есептеледі. Коммунизмнің капитализмді түпкілікті жеңуі жолында еңбек өнімділігінің ерекше маңызы жөніндегі лениндік қағида жұртқа мәлім. Бұл қағиданы коммунистік партия өзінің бүкіл экономикалық саясатының өзекті міндеті етіп қойып келеді. Еңбек өнімділігін ұдайы арттыру міндеті жөнінде Н. С. Хрущев жолдас тынбай қамқорлық жасап жүр. Ол партияның XXII съезінде жасаған Программа туралы баяндамасында былай деп көрсетті: «Өндірістің коммунистік дәрежесіне жетуде еңбек өнімділігінің шешуші маңыз алатынын біз толық түсінуге тиіспіз. Қоғамдық еңбектің өнімділігін арттыру—біздегі прогресс өлшемі және адамдардың тұрмыс дәрежесі артуының аса маңызды қайнар көзі, міндет осы. Мәселені бұдан басқаша қоюдың қандайы болса да, бос сөз».

Еңбек өнімділігі елімізде шапшаң қарқынмен өсіп келеді. Өйткені социалистік қоғам жағдайында еңбек өнімділігінің тез артуына қажетті жағдайдың бәрі бар: өндіріс техникасы үздіксіз өсіп жетіледі, оның негізінде еңбекшілердің мәдени-техникалық, жұмысқа шеберлік дәрежесі көтеріле береді, олар өз игілігі үшін, бүкіл қоғам игілігі үшін еңбек ететін болғандықтан еңбекке асқан саналылықпен қарайды, оның тәртібін берік сақтайды, еңбек, өндіріс жұмыстары ғылыми негізде, тәртіпті бағы байлықтарды неғұрлым толық та тиімді пайдалану тұрғысынан ұйымдастырылады, еңбекшілердің еңбекке саналы көзқарасының жарқын бір көрінісі—социалистік жарыс кең өріс алады.

Міне, мұның бәрі іс жүзінде еңбек өнімділігінің елімізде шапшаң қарқынмен өсуіне жеткізді де. 1962 жылдың басына дейін 1913 жылғы дәрежемен салыстырғанда еңбек өнімділігі өнеркәсіпте 11,9 есе артқан болса, бұл уақытта Америка Құрама Штаттарының өнеркәсібінде тек 3 еседей, Англияда—1,6 есе, Францияда—2,7 есе ғана өсті. Сонымен, еңбек өнімділігінің өсу қарқыны жөнінен Совет Одағы капиталистік елдерден анағұрлым алда келеді. Бірақ еңбек өнімділігінің жалпы дәрежесі, яғни белгілі жұмыс уақыты ішінде өндірілген өнімнің саны бізде Англия мен Франциядағы дәрежеден жоғары болғанымен АҚШ-тағыдан әлі төмен. Сондықтан да біздің партия еңбек өнімділігінің дәрежесі жөнінде де АҚШ-ты қуып жетіп, басып озудың нақты міндеттерін алға қойды. Партияның жаңа Программасында белгіленгеніндей, үстіміздегі он жылда еңбек өнімділігі өнеркәсіпте 2 еседен аса, жиырма жылда 4—4,5 есе артады. Мұның нәтижесінде бізде еңбек өнімділігінің дәрежесі 1980 жылда АҚШ-тағыдан 2 еседей жоғары болады.

Бүкіл еліміздегідей Қазақстанда да еңбек өнімділігі шапшаң өсіп келеді. Соңғы үш жылда өнеркәсіпте ол 22 процент артты. Бірақ біздің республикада еңбек өнімділігі дәрежесі еліміздің өнеркәсіпті аудандарына қарағанда төмен. Бұл жағдай бізді еңбек өнімділігіне ерекше назар аударуға міндеттейді.

Осыған қарамастан республиканың өнеркәсіп қызметкерлері арасында еңбек өнімділігін арттыру міндетіне жете мән бермейтіндер кездеседі. Ондайлар әдетте өндірістік тапсырманы сан жағынан орындауға күш салып, жұмыстың сапа көрсеткіштерін қағажу қалдырады. Соның салдарынан көптеген завод, фабрикада еңбек өнімділігін арттыру тапсырмасы ойдағыдай орындалмай жүр. Өткен жылда республикамыздың өнеркәсіп орындарындағының 32 проценті еңбек өнімділігін арттыру жоспарын орындамады.

Өндірістің сапа көрсеткіштері республикадағы ең ірі де жетекші экономикалық аудан—Қарағанды ауданында төмен болып келеді. Өткен жылда Қарағанды халық шаруашылығы советіне қарасты кәсіпорындардың 37,3 проценті еңбек өнімділігін арттыру тапсырмасын орындамады. Бұлардың ішінде Қарағанды көмір комбинаты кәсіпорындарының 41 проценті бар. Ал, бұлардың көбі—шахталар мен құрылыстар.

Қарағандының шахталары мен құрылыстарында еңбек өнімділігін арттыру жоспары орындалмауының басты бір себебі—жұмыс күшінің жоспарлы мөлшерден артық ұсталуы. Шаруашылық қызметкерлері өнім шығару жоспарын сан жағынан орындауға тырысып, жұмысшылар санын мөлшерден арттырып жібереді. Мұның өзі өндіріс жұмыстарының сапасын төмендететінін, мемлекетке, қоғамға көп зиян келтіретінін елемейді.

Қарағандының көптеген шахтасында еңбек өнімділігін арттыру тапсырмасының орындалмауы өндіріс техникасының неғұрлым толық та өнімді пайдаланылмауына да байланысты. Шахталарда негізінен «Донбасс» көмір комбайны қолданылады. Әрбір комбайн орта есеппен ай сайын 10—12 мың тонна көмір беруге тиіс. Ал, көп шахтада комбайнның өнімділігі бұдан төмен болып жүр. Кейбір жеке озат шахталар мен учаскелерде ғана комбайн өнімді пайдаланылады. Мәселен, № 26 шахтада әрбір комбайнмен айына 20 мың тоннадан астам көмір шығарылды. Бұл нормадағыдан 9 мың тонна артық. № 31 шахтаның № 6 учаскесінің Сусяков, Волков, Омаров, Величкин сияқты озат комбайншылары комбайнның айлық өнімділігін 22 мың тоннаға дейін жеткізді.

Өндіріс техникасының пайдаланылуы басқа өнеркәсіп орындарында да ойдағыдай емес. Соколов-Сарыбай кен комбинаты руда шығару

жоспарын асыра орындап келеді. Бірақ бұл табысқа комбинат коллективі күрделі техниканы толық та өнімді пайдалану арқылы емес, оны сан жағынан артық қолдану арқылы жетіп жүр. Мұнда қуатты экскаваторлар жұмыс уақытының жартыға жуығын бос қарап тұрумен өткізеді. Бұған қарамастан, комбинат басшылары техника жетіспейді деп, байбалам салып жүр.

Еңбек өнімділігін үздіксіз арттыру үшін бар техниканы неғұрлым өнімді пайдаланумен бірге өндіріс жұмыстарын жаппай түгел механикаландыруды онан әрі кең көлемде жүргізе беру — алдағы айбынды міндет. «Коммунизм құрылысы,—деді Н. С. Хрущев жолдас темір жол қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесінде,—өндірісті механикаландыру мен автоматтандыру».

Партияның аталық қамқорлығымен өндіріс жұмыстары елімізде кең көлемде механикаландырылуда. Кәзір өндірістің негізгі жұмыстарының бәрі де машиналар, күрделі механизмдер арқылы орындалады. Дегенмен, өндіріс жұмыстарының барлық түрінің де жаппай түгел механикаландырылуы кәзіргі техникалық мүмкіндіктер дәрежесінде емес, әсіресе жүк тиеу, түсіру, оны тасымалдау сияқты көмекші жұмыстардың механикаландырылуы кейіндеп қалып жүр. Мұндай көмекші жұмыстарға қол күші едәуір көп жұмсалады. Мысалы, жаңа Қарағанды заводында көмекші жұмысшылардың үлес салмағы барлық жұмысшының 52 процентіне жетеді. Қолмен жұмыс істейтін көмекші жұмысшылардың мұнша көп болуы себепті заводтың механикаланған негізгі жұмыстарындағы жұмысшылар еңбегінің өнімділік дәрежесі завод бойынша мардымды емес, заводтың өнімі қымбат, түсіретін пайдасы аз. Мұндай жағдай өндіріс жұмыстары түгел механикаландырылмаған, көмекші жұмысшылары көп кәсіпорындардың бәрінде де кездеседі.

Бұл кемшілікті жедел жоюдың нақты жолы—өндірістің негізгі жұмыстарымен бірге көмекші жұмыстарын да жаппай толық механикаландыру, сөйтіп, өндірістің негізгі жұмыстарында еңбек өнімділігін арттыру жолында қол жеткен табысты баянды етіп, молайта беруге жету.

Еңбек өнімділігін арттырып, өнімді мол шығару, өндіріс техникасын неғұрлым өнімді пайдалану жолындағы күресте өндірісті, еңбекті ұйымдастыру жұмыстарын жетілдіре берудің де маңызы зор. Станок сияқты күрделі еңбек құралдарын өнімді пайдалану үшін өндіріс жұмыстарын бірнеше смена бойы үзіліссіз ұйымдастырған тиімді. Сонда күрделі машиналар өздерінің жұмыс істеуге тиісті мерзімінде ескіріп қалмай, пайдаланылатын болады. Н. С. Хрущев жолдас темір жол қызметкерлері кеңесінде өнеркәсіп пен транспорттың бірсыпыра көкейтесті мәселелерін көрсетумен бірге бұл мәселеге де ерекше тоқталды. Ол, алдымен, машина жасау заводтарында екі сменалық жұмысқа көшу керек екенін айтты. «Машина-жабдықты пайдалану мәселесі,—деді Хрущев жолдас,—жай ермек емес. Бұл—біздің зор мүмкіндігіміз...»

Бұл нұсқауды іске асыра отырып, өндіріс жұмыстарын күрделі техниканы өзінің жұмыс істеу мерзімі ішінде неғұрлым толық пайдаланылатындай етіп ұйымдастыру қажет.

Қандай да болмасын өндіріс орны жұмысының тағы бір маңызы сапа көрсеткіші—өндірілген өнімнің түсер құны. Бұл кәсіпорнының бүкіл өндірістік-шаруашылық жұмыстарының бәрінің нәтижесін жинақтай бейнелейді. Өнімнің түсер құны арқылы бүкіл өндірістік қордың қаншалықты өнімді де тиімді пайдаланылғаны, еңбек өнімділігінің дәрежесі, айналым қаражатының қаншалықты дұрыс ұсталғаны, үнемділік тәртібінің берік сақталып, орынсыз шығынға жол берілмеуі, өнді-

істің, еңбектің ұйымдастырылуы — бәрі де жарқын сыпатталады. Басқаша айтқанда, өнімнің түсер құны — кәсіпорны жұмысының айнасы.

Өнімнің түсер құны елімізде өндіріс техникасы молайып та жетіліп, еңбек өнімділігі арта түскен сайын кеміп келеді. Өнімнің түсер құны кемуі есебінен мемлекеттің жыл сайын жүздеген миллион сом қаражаты үнемделіп жүр.

Республикамызда өнімнің түсер құнын ұдайы кемітіп келе жатқан, мұның есебінен мемлекетке үнемі пайда түсіріп отырған кәсіпорындар аз емес. Өскеменнің В. И. Ленин атындағы қорғасын-мырыш комбинаты, Алматының күрделі машина жасау заводы, Гагарин атындағы тігін фабрикасы өткен жылды көп пайдамен аяқтады.

Бұл кәсіпорындардың тәжірибесі қай жерде өндірістің экономикалық мәселелеріне, ішкі резервтер мен мүмкіндіктерді тауып пайдалана білу міндеттеріне үнемі көңіл бөлінетін болса, сол жерде шаруашылықтың дұрыс жүргізілетінін көрсетеді. Мұны Татар халық шаруашылығы советінің тәжірибесі де дәлелдеп отыр.

Татар халық шаруашылығы советі артта қалып келе жатқан өнеркәсіп орындарының жұмысын жақсартуды, алдымен, экономикалық сапа көрсеткіштерін зерттеп талдаудан, ішкі мүмкіндіктерді толық іске қосудан бастаған. Осы мақсатпен әрбір кәсіпорнына өндіріс жұмыстарына жанжақты экономикалық талдау жасай алатын және оларға нақты көмек көрсете алатын бригада жіберіп отырған. Олар инженер-техник қызметкерлерден, жоспарлау, есеп қызметкерлерінен, экономистерден құралған. Мұның үстіне әрбір кәсіпорны мен құрылыста қоғамдық негізде жұмыс істейтін экономикалық талдау жасау бюросы құрылған. Кәсіпорындардағы өндірістік кеңестер жұмысы да жақсара түскен. Еңбек өнімділігінің артуын күнбе-күн есептеумен бірге өнімнің түсер құнын да күн сайын есептеп шығару тәртібі енгізілген.

Республикамызда өнеркәсіп өнімдерінің түсер құнының кемуі кәзіргі өскелең талапқа сай емес. Көптеген завод пен фабрикада, кен мен комбинатта өнімнің түсер құнын кеміту жөніндегі тапсырма орындалмай жүр. Және сондай кәсіпорындар саны азаю орнына көбейе түсуде. Өнімнің түсер құнын кемітудің жоспарын 1959 жылы республика өнеркәсіп орындарының 28 проценті орындамаған болса, өткен жылда 36,5 проценті орындамады. Бұл—дабыл қағып, жұртшылық назарын аударарлық үлкен кемшілік.

Өнімнің түсер құнын кеміту жоспарын орындай алмаған кәсіпорындар пайда түсіру орнына мемлекеттен айналым қаржысын толықтыру үшін ақша сұрауға мәжбүр болады. Қазіргі уақытта республикадағы өнеркәсіп орындарының айналым қаражаты жеткіліксіз болатын болса, мұның негізгі бір себебі—өнімнің түсер құнының кемімеуі, қор жинау жоспарының орындалмауы.

Өнімнің түсер құнының кемуі әрбір кәсіпорнының өнім шығару жоспарының саны, сапасы жағынан бірдей орындауына, еңбек өнімділігінің артуына, шикізатты, отынды, электр қуатын басқа да материалдарды үнемдеп жұмсауға, әкімшілік басқару шығындарын барған сайын азайта беруге байланысты. Басқаша айтқанда, өнімнің түсер құнын кеміту үшін үнемділік, ұқыптылық тәртібін берік сақтау керек, шаруашылық есеп әдісін кең қолдану қажет. Мемлекет қаржысын, қоғамдық мүлікті есептей де бағалай білу керек. Бұлар жөнінде партияның жаңа Программасында былай деп көрсетілген: «Ұқыптылық, қалық қарауындағы әрбір сомды тиімді пайдалану, қаржыны шебер жұмсау—...Совет қоғамының коммунизмге қарай алға басуын тездетудің қуатты қайнар бұлағы».

Алайда, бізде бұл талаптарға жеткілікті маңыз бермейтін, жоспардың жалпы сан жағынан орындалуына мәз болып, биғамдыққа, ұқыпсыздыққа жол беретін шаруашылық қызметкерлері кездеседі, ондай

қызметкерлер өндірістің сапа көрсеткіштерімен ұдайы шұғылданып, оларға терең талдау жасап отырмайды. Бұл жұмысты экономистердің жоспарлау, есеп қызметкерлерінің ғана міндеті деп біліп, оған зәулеті қарайды. Шаруашылықтың мұндай қырсыз басшыларына Н. С. Хрущев жолдас партияның XXII съезінде былай деп ескертпе жасаған еді: «Шаруашылықты социалистік жолмен жүргізу кәсіпорындар, құрылыстар, өнеркәсіп салалары жұмысының экономикалық жағын білгірлікпен терең талдай білуді талап етеді. Мемлекет ақшасын есептей білуге дарыланбаған, не болмаса оны есептей білмейтін, өз міндетін тек жоспарды орындау деп қана білетін қызметкерлерді шаруашылық құрылыстың басшылығында ұстап отыруға болмайды».

Бұл ескертпені басшылыққа ала отырып, өндіріс жұмыстарының экономикалық, техникалық сапа көрсеткіштерімен күнбе-күн мықтап шұғылданыу керек. Партия ұйымдары өздерінің шаруашылыққа басшылық жұмыстарында сапа көрсеткіштеріне баса назар аударуға тиіс.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау міндеттеріне орай республикамызда күрделі құрылыс жұмыстары кең көлемде жүргізілуде. Қазақстан—кәзір үлкен құрылыс алаңы. Республикада ашылған орасан мол табиғи байлық негізінде көптеген күрделі құрылыстар жүргізілуде.

Соңғы жылдарда құрылыс жұмыстары бұрынғыдан едәуір жақсарды. Дегенмен, партияның XXII съезінде Н. С. Хрущев жолдастың атап көрсеткеніндей, құрылыс жұмыстарында кемшіліктер әлі көп. Олардың ішіндегі ең негізгілері — құрылыс материалдары мен техниканың, күрделі қаражаттың аса маңызды тез пайдалануға берілуге тиісті құрылыстарға бағытталмай, көптеген объектілерге бөлшектеніп, берекесізденуі. Соның салдарынан маңызды құрылыстар мезгілінде пайдалануға берілмей қалады, көптеген ақша қаражаты ұзақ уақыт бойы айналымға түспейді. Мұның бәрі мемлекетке едәуір зиян келтіреді.

Бұлармен бірге құрылыс жұмыстарының сапа көрсеткіштері өнеркәсіптегіден де төмен. Еңбек өнімділігін арттыру тапсырмасы көп құрылыста орындалмайды, құрылыс техникасының пайдаланылуы нашар. Құрылыс жұмыстары қымбатқа түсіп жүр. Өткен жылда республикада құрылыс құны 4,1 процент қымбаттады.

Құрылыс жұмыстарының түсер құнында құрылыс материалдарының үлесі көп. Сондықтан құрылыс құнын төмендету жолындағы күресті, алдымен, құрылыс материалдарын мейлінше үнемдеп жаратудан олардың нормадан артық жұмсалуына, бұзылып, рәсуа болуына, кейде тіпті ұрлануына жол бермеуден бастау қажет. Құрылыс жұмыстарының сапасыз жүргізіліп, брак жасау арқылы да көптеген құрылыс материалдары орынсыз шығын болып жатады.

Қай құрылыста еңбек өнімділігін арттыру құрылыс материалдары мен техникасын тиімді пайдалану арқылы құрылыс құнын төмендету жөнінде ұдайы қамқорлық жасалатын болса, сол құрылыста жұмыс та жемісті келеді. Мұны Алматы тұрғын үй құрылысы тресінің екі құрылыс басқармасының мысалынан айқын көруге болады. Трестің № 15 және № 11 құрылыс басқармаларын алайық. Бұл екі басқарманың жағдайы барлық жағынан бірдей. Бірақ олардың жұмыс нәтижелері әртүрлі болып отыр: № 15 басқарма өткен жылда құрылыс жұмыстарының түсер құнын 61 мың сомға кеміткен болса, № 11 басқарма—524 мың сомға қымбаттатты. Мұның негізгі себептері—құрылыс материалдарының нормадан артық жұмсалуы, жұмыс күшінің, құрылыс техникасының өнімді пайдаланылмауы, басқарма басшылары тарапынан жұмыстың сапа жағына жеткілікті назар аударылмауы, құрылыстағы ұқыпсыздық пен тәртіпсіздік.

Демек, құрылыстарда да жұмыстың сапа көрсеткіштерімен халық шаруашылығы советтері, партия комитеттері күнбе-күн терең шұғылдануы керек.

отыруға тиіс. Бұлар жөнінде құрылыс басшыларынан қатаң жауапкершілікті талап еткен жөн.

КПСС Орталық Комитеті мен ССР Одағы Министрлер Советі өткен жылдың октябрь айында «Күрделі қаражатты тиімді пайдалану және салынып жатқан кәсіпорындарының іске қосылуын бақылауды жеңілдету шаралары туралы» қаулы алған болатын. Бұл қаулыда белгіленген міндеттерді мүлтіксіз орындау—құрылыс ұйымдарының, партия комитеттерінің айбынды да жауапты міндеті. Қаулыда атап көрсетілгеніндей, құрылыстарға жұмсалатын күрделі қаражатты неғұрлым тиімді пайдаланудың негізгі де шешуші шарттары—құрылыс жұмыстарын бөлінген материалдар мен техникаға сәйкес жүргізу, ақша қаражаты мен материалдарды іске қосылуға тиісті маңызды құрылыстарды аяқтау үшін шоғырландыра пайдалану, құрылыс жұмыстарын технологиялық әдісті қолдану арқылы барынша шапшаңдата жүргізіп, құрамының құнын кемітіп отыру.

Өнеркәсіп пен құрылыстың экономикалық мәселелерінің бәрі де бір-жерде өтіп жатқан экономикалық конференцияларда жанжақты талқылануы керек. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің қаулысы бойынша экономикалық конференция әрбір кәсіпорны мен ұжымына, қалада өткізілуіне тиіс.

Экономикалық конференциядағы негізгі мақсат—әрбір кәсіпорны мен құрылыстың экономикалық жағдайына терең талдау жасау, олардың өнімділігін арттыруға, өнімнің түсер құнын кемітуге тағы да экономикалық-техникалық көрсеткіштерді жақсартуға қажетті резервтер мен мүмкіндіктерді ашу және оларды пайдаланудың жолдарын белгілеу.

Кәзір кәсіпорындар мен құрылыстарда экономикалық конференциялар өткізіліп жатыр. Алғашқы мәліметтерге қарағанда экономикалық конференцияның әр жерде әртүрлі дәрежеде өтіп жатқаны байқалады. Конференция өткізуге әзірлік ойдағыдай болмаған, экономикалық мәселелер жанжақты терең талданбаған кәсіпорындар да кездеседі. Мәселен, Қарағанды көмір комбинатының № 23 шахтасында өткен конференцияның дәрежесі айтарлықтай болмаған. Шахта бастығы Г. Қосдуб жолдастың конференцияда жасаған баяндамасы жалпылама үстем болған. Ол тіпті өнімділігін арттыру, өнімнің түсер құнын кеміту жоспарларының орындалмауы туралы нақты мәліметтер келтірмей, бұларға талдау жасау орнына «өнімділігі әлі төмен, өнімнің түсер құны ойдағыдай кемітілмей келеді» деп жайдақтап өте шыққан. Сонымен, мұндай жалпылама сөзден келетін пайда аз.

Партия ұйымдары, шаруашылық басшылары экономикалық конференцияны мазмұнды да қызықты етіп, жоғары дәрежеде өткізу жөнінде қамқорлық жасау керек. Бұл маңызды шараға қалай болса солай ресми түрде қарауға жол бермеу қажет. Экономикалық конференцияда өндіріс пен құрылыс жұмыстарындағы кемшіліктердің батыл айтылып, қатал сыналғанына қажетті жағдайдың бәрі жасалуға тиіс. Бір-жердегі экономикалық конференциялардың жоғары дәрежеде өткізілуімен қатар, ағуст айында болатын республикалық экономикалық конференцияға жанжақты тыңғылықты әзірленудің негізі болуы тиіс.

Социалистік Отанымыздың өскелең де қуатты өнеркәсібінде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау күресіне сүбелі ес қосарлық резервтер мен мүмкіндіктер мол. Өндірістің экономикалық-техникалық сапа көрсеткіштерін барынша жақсартуға түсу арқылы оларды кең ашып, сарқа пайдалана білу керек болып отыр. Мұның бірі—социалистік өндірістің кәзіргі кезеңдегі өзекті міндеті.

Барлық резерв пен мүмкіндік толық пайдаланылсын

Г. КОЗЛОВ,

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары

Социалистік Қазақстанның халық шаруашылығы жоғары қарқынмен өркендеп келеді. Партияның жаңа Программасында республика экономикасын көтерудің жаңа белестері белгіленген. Коммунистік құрылыс ісіне қазақстандықтардың қосар үлесі жылдан-жылға ұлғая бермек.

Жетіжылдықтың өткен үш жылы ішінде Қазақстан өндіргіш күштерді дамытуда едәуір қадам жасады. 500-дей өнеркәсіп орны мен цех салынып, іске қосылды. Шойын, кокс, азот тыңайтқышын өндіру, шифер, экскаваторлар, көтергіш крандар, электр двигательдері, трансформаторлар, сым созатын стандалар мен ұста-пресс машиналарының жаңа түрлерін, өзге де көптеген өнімдерді шығару игерілді. Темір рудасын өндіру шамамен 3,5 есе, электр қуаты — 1,5 есе артты. Қара металлургия өнімі шамамен 2,5 есе, цемент — 3, құрылыс материалдары — 2,6, машина жасайтын және металл өңдейтін кәсіпорындардың өнімі — 1,8, жеңіл өнеркәсіп өнімі — 1,6 есе артық шығарылды.

Республиканың өнеркәсібі мен құрылысы ғылым мен техниканың соңғы табыстарын кең қолдану негізінде өркендеп келеді. Мұның өзі өнім өндіру қарқынын, еңбек өнімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік берді. Мәселен, жалпы өнім өндіру жөнінен Қазақстан жетіжылдықтың бақылау цифрларының дәрежесінде келеді. Жалпы өсім жоғарыдағы 40,4 проценттің орнына 48 процент болды. Машина жасайтын, металл өңдейтін кәсіпорындар, энергетика, жеңіл өнеркәсіп өз тапсырмаларын артығымен орындауда.

Дегенмен, өнеркәсіпте, құрылыста, транспортта елеулі кемшіліктер бар екенін атап көрсетпеске болмайды.

Ұлы Ленин: «Еңбек өнімділігі — сайып келгенде, жаңа қоғамдық құрылыстың жеңуі үшін ең маңызды, ең басты шарт» деп үйретті. Біздің жарқын болашағымыз, қоғамға лайықты коммунистік молшылық жасау ең алдымен еңбек өнімділігінің дәрежесіне байланысты. Партияның XXII съезі қойған міндеттер өнеркәсіп пен құрылыстың резервтері мен ішкі мүмкіндіктерін тиімді және жанжақты пайдалануды, техникалық-экономикалық көрсеткіштерді жақсартуды, еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің түсер құнын кемітуді талап етеді. Бірақ республиканың көптеген кәсіпорындары мен құрылыстары өнім шығару, құрылыс және монтаж жұмыстарын жүргізу, еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырмаларын орындай алмай, үлкен олқылықта отыр.

Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті өнеркәсіп, құрылыс, транспорт қызметкерлерінің республикалық экономикалық конференциясын өткізуді ұйғарды. Конференция еңбек өнімділігін арттырудың, өнімнің түсер құнын кемітудің, кәсіпорындардың бүкіл экономикалық қызметін жақсарту мәселелерін талдап-талқылап, бұлар жөніндегі кемшіліктерді жоюдың жолдарын белгілейді. Республикалық конференция алдында кәсіпорындар мен құрылыстарда экономикалық конференциялар өткізіледі. Конференцияларда

я органдарының қызметкерлері, инженер-техниктер, жоспар-есеп қызметкерлері, экономистер, рационализаторлар, өнертап-ар, өндіріс озаттары, ғылыми қызметкерлер, оқу орындарының қызматшылары қатысады. Олар бүкіл техникалық, экономикалық көрсеткіштерді едәуір жақсарту жөнінде нақты шаралар белгілеуге тиіс. Республиканың көптеген кәсіпорындарының, құрылыс ұйымдарының халық шаруашылығының жеке салаларының техникалық-экономикалық көрсеткіштері елімізде қол жеткен орташа дәрежеден едәуір төмен болып отыр. Жетіжылдықтың үш жылы ішінде Қазақстанның өнеркәсібінде еңбек өнімділігі 22 процент артты. Жылма-жылғы өсім есеппен 6,8 процент болды; бұл орташа жылдық өсімнің бақылау маңызынан 2 процент кем.

Өткен жылы халық шаруашылығы советтері кәсіпорындарының ішінде біріне жуығы еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі жоспарды орындамады. Мұндай кәсіпорындар, әсіресе Қарағанды, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан экономикалық аудандарында көп. Гурьев, Тын өлкесі, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе және өзге де халық шаруашылығы советтері құрылыс ұйымдарының жартысынан астамы еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырманы орындай алмады.

Өткен жылдың республикада өткен жылы әрбір жұмысшының еңбек өнімділігі орта есеппен Совет Одағындағыдан 34 процент төмен болды. Құрылыс қалдығын күйіп шығару жөнінен де еңбек өнімділігі бізде еліміздегі орта есеппен 22,6 процент төмен болып жүр. Еліміздің автомобиль өнеркәсібінде бір тонна күйма өндіруге Қазақстандағы машина жасайтын кәсіпорындарға қарағанда уақыт 8 еседен астам, трактор өнеркәсібінде 3 есе аз жұмсалады.

Қазіргі озат технология дайындау цехтарының өзінде жеке бөлшектер жасауға қажетті металды қалыпқа күйіп шығаруға мүмкіндік жоқ. Бұл үшін металды мүмкіндігінше темір қалыппен шыңдау, бөлшектерді кокильге (шойын не болат қалыпқа) күйіп жасау әдісі тиімді. Мұндай технология металды пайдалану мөлшерін төмендетсе кемітуге, металл кесетін станоктардың едәуір бөлегін басқа машинаға ауыстыруға жағдай жасайды. Бірақ республикада бүкіл өндіріс көлемінің шамамен 3 проценті ғана осындай технологиямен жасалады. Бөлшектер жасауға арналып күйілген металл көп жонылып, қалдық ысырабы нормадағыдан артық болып жүр. Бөлшектерді қалыпқа шығару аса тиімді. Темір қалыпқа күйілген бір тонна бөлшектерге қажетті мөлшерге жеткізу үшін 70 норма-сағат жұмсау, ал, бір қалыпсыз күйілген металды өңдеу үшін 250 норма-сағат жұмсау қажет. Демек, машина жасайтын және металл өңдейтін кәсіпорындардың коллективі металды қалыптап өңдеудің озат технологиясын енгізуге тез әрі кең енгізуге тиіс.

Кәсіпорындар мен құрылыстар өндіріс пен еңбекті нашар ұйымдастырудан, жұмыс уақытын босқа өткізуден едәуір зиян шегеді. Мысалы, Павлодар машина жасау заводының ұста және қосымша цехтарында салуға жақында 460 жұмысшы жұмыс уақытын бірнеше күн бойы тиімді пайдалана алмады. Себебі, мұнда еңбек тәртібі нашар, материал жетіспеді, жұмыс алаңы дер кезінде әзірленбеді, басқару оралымды болмады. Сол сияқты Соколов-Сарыбай кен комбинатында, Жітіқара асбест комбинаты құрылысында осындай себептернен уақыт босқа кетті.

Еңбек өнімділігін үздік арттыру үшін еңбекті көп керек ететін жәлепті жұмыстарды барынша толық механикаландыру керек. Республика кәсіпорындарында қол еңбегінің қолданылуы 55—70 процентке келеді. Әрине, бұған ешбір тәуелді болмайды. Алматы күрделі машина жасау заводында жағдай мұнан да жаман. Мұнда қол еңбегі 80 процент пайдаланылады.

Әрбір кәсіпорында қол еңбегін механикаландыруға қажетті мәжілістер бар. Бұл жөнінен қоғамдық негіздегі конструкторлық бюролар көп жұмыс істей алады, бірақ мұндай бюролар барлық жерлерде бірдей құрылған жоқ. Ірі кәсіпорындарда немесе халық шаруашылық советтерінде қол еңбегін механикаландыруға қажетті тетіктер жасауын тәжірибе цехтарын ұйымдастыру қажет.

Еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жәрдемші жұмысшылардың санын азайтып, сол арқылы еңбек өнімділігін арттыруға жету мүмкіндіктерінің бәрін кең пайдалану керек. Қазақстанның кәсіпорындарында жәрдемші жұмысшылардың саны 56 процент болып отыр. Кейбір шаруашылық басшылары, экономистер бұл мәселемен мүлде шұғылданбайды. Ал кейбіреулері тіпті бұл мүлде маңыз бермейді. Жақында Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті бірқатар кәсіпорындар мен халық шаруашылық советтерінің басшыларынан өнеркәсіп пен құрылыстағы жәрдемші жұмысшылардың саны туралы мәлімет беруді сұрады. Жер-жерден түсірілген мәлімет бойынша бізде жәрдемші жұмысшылардың саны орта есеппен Совет Одағындағыдан үш есе кем болып шықты. Бұған күмәндану тексеріс келгенде Ақтөбе, Алматы, Қарағанды халық шаруашылық советтерінің басшылары мен экономистері негізгі жұмысшылар мен жәрдемші жұмысшылар арасындағы айырмашылықты жақсы білмейтін болып шықты. Бұл кейбір шаруашылық, партия қызметкерлері мен кәсіпорындардың техникалық-экономикалық көрсеткіштеріне терең танып-санау жасап отырмайтынын көрсетеді.

Ұлғаймалы ұдайы өндіріс мүддесі еңбек өнімділігінің жалақыға оза өсуін талап етеді. Жалақының дәрежесі, — деп көрсетті Н. С. Хрущев жолдас, — материалдық өндірістің және еңбек өнімділігінің қол жеткен дәрежесіне сай келуге тиіс. Еңбек өнімділігі әр уақытта жалақыдан оза өсуге тиіс. Мұны барлық коммунист, барлық социалист адамдары түсінуге тиіс.

Бірақ, республиканың кейбір кәсіпорындарында, тіпті өнеркәсіптің бүкіл бір саласында жалақының өсу қарқыны еңбек өнімділігінің өсу қарқынынан артып кетіп отыр. Мысалға мұнай өндіретін кәсіпорындарды алайық. Мұнда еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырма 97 процент орындалған болса, жалақы қоры 102 процент болып арттырылған. Бұл арада мына жағдайды да айта кеткен жөн: Қазақстанда мұнай әрбір жұмысшыға Татарстандағыдан 3 есе аз өндіріледі. Республиканың ағаш өнеркәсібінде жалақының өсу қарқыны еңбек өнімділігінің арту қарқынынан 5—8 процент, ағаш өндіретін кәсіпорындарда — 13, ет және балық өнеркәсібінде — 25 проценттен астам болып отыр. Ал, бастауыш партия ұйымдары, аудандық, қалалық облыстық партия комитеттері мұндай жағдайға төзіп, жайбардану жүр.

Республиканың кен өнеркәсібі көзіргі заманғы ең жаңа техникамен қаруланған. Бірақ техникасы, геологиялық жағдайы және өндіріс технологиясы бірдей бола тұрса да көрсеткіштері әртүрлі кен аз емес. Мысалы, Березов кенінде сменада бір адамға 1,8 тонна руда өндіріледі, руданың түсер құны 7 сом 96 тиын, ал Гүлшат кенінде бір жұмысшы 1,42 тонна руда шығарады, оның түсер құны 12 сом 37 тиын. Тіпті бір мысал келтірейік. Жезқазған кенінде руда бір жұмысшыға Мырлысай кеніндегіден едәуір көп шығарылады және едәуір арзанға келеді.

Ал ашық әдіспен руда шығарылатын кәсіпорындарда жағдай осындай. Әңгіме Қонырат, Соколов, Сарыбай кендері туралы болып отыр. Олардың геологиялық жағдайы бірдей. Өндіріс технологиясы да бірдей. Рас, Соколов кенінде руда автомашинамен көбірек тасымалданы. Бірақ Қоныратта әр адамға бір сменада Соколов, Сарыбай кендеріне қарағанда едәуір көп руда шығарылады.

ден руда екі еседей артық шығарылады және бір тонна руданың құны 1 сом 22 тиын кем. Магнитканың рудасы Қоңырат рудасынан үш еседей, Соколов, Сарыбайдың рудасынан 6 еседей арзан. Сонымен бірге бола тұрса да Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Тың өлкесі, Қазақ халық шаруашылығы советтері бұл үлкен айырмашылықтың себебін зерттеп көрген емес.

Шынын айтқанда, бұл кемшіліктер техниканы дұрыс пайдаланбаудан болып отыр. Жезқазған кен-металлургия комбинатында экскаваторлар жұмыс уақытының 5-тен төрт бөлігін ғана, Лениногор кен-металл комбинатында бұрғылау станоктары — үштен бір бөлігін ғана пайдаланады. Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатында қуатты экскаваторлар мен өздігінен жүк түсіргіш автомобильдер жұмыс уақытының жартысын босқа өткізеді. Бірақ комбинат директоры Сандригайло жолдас бұл ойсыраған кемшілікті көрмей, кенде жұмыс уақытын ұйымдастырудың кәзіргі тәртібін дұрыс деп есептейді. Сандригайло жолдастың пікірі бойынша комбинаттың кәсіпорындары машина-жабдықтармен жеткілікті қамтамасыз етілмеген, олар техниканы кәсіпорындардан екі еседей артық алуға тиісті-міс. Ал, есептей келгенде комбинатта техниканың тиісті мөлшердегіден төрт есе артық екені анықталады. Шаруашылыққа осылай басшылық етуге бола ма?

Алматы халық шаруашылығы советінің кәсіпорындарында машина-жабдық толық пайдаланылмай келеді. Күкірт қышқылының жетіспеуі салдарынан республикада суперфосфат өндіру едәуір төмендеп отыр. Ал, Жамбыл суперфосфат зауытында осы қышқылды өндіретін агрегаттардың қуаты толық пайдаланылмайды.

Техниканың қарап тұруын ақтау үшін толып жатқан себептерді анықтаса, бұл жөнінен өзінен басқаның бәрін кінәлайтын басшылар табылады. Мысалы, Павлодар машина жасау зауыты жаңа машина-жабдықтармен қаруланған, бірақ олар 23 процент қана пайдаланылады. Кейде машиналар болмашы себептермен қарап тұрып қалады. Зауыттың директоры Исаков жолдас кәсіпорынға керекті запас бөлшектер мен аспап-саймандар жетіспейді деп арыз айтуға құмар. Ол көптеген бөлшектерді зауыттың өзінде де жасап алуға болатынын ескермейді.

Экономикалық конференцияларда күрделі машина-жабдықтардың тиімсіз жұмыс істеуіне, техниканы неғұрлым толық пайдалануға, жұмыс уақыты 2—3 сменада ұйымдастыруға көңіл бөлген жөн. Станоктар мен машиналардың қуатын барынша толық пайдаланған жағдайда өнімді бұрынғыдан едәуір көп шығаруға болады. Сонда жаңа цехтар мен зауыттар салудың қажеті болмайды. Бізде кәсіпорында бір сменаға жұмыс ішуді талап ететін, сонымен бірге жаңа машина-жабдық сұрайтын кәсіпорындар да кездеседі. Мұндай басшылар өнімнің түсер құнының қаншама қымбатқа түсетінін ескермей, мұны «прогресс» деп есептейді.

Кейбір кәсіпорындар, тіпті өнеркәсіптің жеке салалары шаруашылық басшыларының бейқамдығынан және жоспарлау орындарының кемшілігінен толық қуатымен жұмыс істей алмайды. Мәселен, бірінші жартыжылқыда ет өндіретін кәсіпорындар көп уақыт қарап тұрды, ал осы уақытта мал өшкәнді жоспарсыз республикадан тыс жерлерге әкетілді. Осының салдарынан өнеркәсіптің бұл саласы 1800 мың сомның өнімін жоғалтты. Біз республикадан ондаған мың тонна өңделмеген жүнді өңдей алмаймыз. Оны жергілікті жерде жуып, тазаласа, қосымша 96 миллион сом ақша алынатынын ескермейміз. Мұндай мысалдарды көптеп кездестіруге болады. Бұлар біздің орасан зор мүмкіндіктеріміз бен резервтеріміз бар екенін дәлелдейді.

Совет Одағы Коммунистік партиясының Программасында: күрделі құрылыс көлемінің ұлғая түсуі құрылыс индустриясын және құрылыс материалдары өнеркәсібін жедел өркендетіп, техникалық жағы-

нан жетілдіруді, оларды халық шаруашылығының қажетін толық өтейтіндей дәрежеге жеткізуді талап етеді, делінген. Индустрия әдісінің үлгі жобаларды, ірі конструкцияларды қолдану негізінде құрылыстарды барынша тез салып, оның түсер құнын кеміту, сапасын жақсарту керек. Біздің республикада ірі панельден үй салу жөнінде көп жұмыс істелді. Өткен жылдың аяғына дейін бұл кәсіпорындар жылына 795 мың шаршы метр үй салатындай дәрежеге жетті. Таяудағы жылдары жылына 800 мың шаршы метр үй салатындай заводтар салу белгіленіп отыр. Бұған қарағанда тұрғын үйлер тез салынады деуге болады. Бірақ үй салудың озат әдісі өндіріске баяу енгізілуде. Кейбір жерлерде үйлерді кірпіштен бұрынғы ескі әдіспен салуды артық санап, ірі панельден бойын аулақ салатын басшылар да бар.

Өткен жылы республикада ірі панельден 149 мың шаршы метр ғана үй салынып, пайдаланылуға берілді. Бұл — жоспардың 25 проценті және ірі панельді үй құрылысы кәсіпорындары қуатының 20 проценті ғана. Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Тың өлкесі халық шаруашылығы советтері өздерінің мүмкіндіктерін нашар пайдаланып келеді. Мысалы, Қарағанды халық шаруашылығы советі бір жыл ішінде небәрі 32 мың шаршы метр үй салды. Ал, облыстағы ірі панель кәсіпорындарының қуаты жыл басында 93 мың шаршы метр болды. Тың өлкесінің халық шаруашылығы советі өткен жылы ірі панельден үй салатын кәсіпорындар қуатының оннан бірі ғана пайдаланды.

Жітіқарада өткен жылы қуаты 35 мың шаршы метрлік ірі панельді үй құрылысы заводы пайдалануға берілді. Бірақ кәсіпорын жұмысты нашар істейді, ал тұрғын үй сонау Құйбышевтан тасып әкелінген силикат кірпішінен салынады. Бұл кірпіштен салынған үйдің бір шаршы метрі екі еседен астам қымбатқа түсуде. Биылғы жылы Қазақ асбест құрылыс тресі (басқарушысы Федосов жолдас), Тың өлкесінің халық шаруашылығы советі заводқа ірі панельді үй салу жоспарында берген жоқ.

Кейбір шаруашылық және партия ұйымы басшыларының жаңа технологияға кертартпалықпен қарауы мемлекетке қымбатқа түсіп отыр. Мұны Павлодардан көруге болады. Мұнда жылына 70 мың шаршы метр тұрғын үй саларлық қуаты бар ірі панельді үй құрылысы комбинаты жұмыс істейді. Солай бола тұрса да, биылғы жылы қалада ірі панельден небәрі 12 мың шаршы метр, ал кірпіш пен ірі блоктан 57 мың шаршы метр тұрғын үй салу жоспарланған. Ірі панельден салынатын үйдің бір шаршы метрі 110 сомға, ал блок пен кірпіштен салынатын үй 160—200 сомға түсуде. Егер Павлодарда үй тек ірі панельден салынса, сол бөлінген қаржының өзіне кірпіштен салынған үйге қарағанда 28 мың шаршы метр үйді артық салуға болар еді. Сондай-ақ, ірі панельден салынатын 48 пәтерлі үй 90 күнде, ал дәл сондай үй кірпіштен бір жарым жыл ішінде салынады. Ірі панельдің тиімді екені даусыз. Бірақ Павлодарда үй салудың бұрынғы ескі әдісінен айырылғысы келмейтін басшылар бар, ал, партия ұйымдары ондайларды көрмейді. Мұнда алдағы уақытта да үйлерді кірпіштен салу көздеуде.

Ірі панельді үй құрылыс комбинаты бар қалалар мен поселкелерде тұрғын үйлерді кірпіштен салуға бұдан былай ақша бермеу керек деп ойлаймыз.

Экономикалық конференцияларда құрылысты арзандату мәселесіне ерекше көңіл бөлу керек. Республикада құрылыс жұмыстары 1960 жылы жоспардағыдан 3,9 процент, өткен жылы 4,1 процент қымбатқа түсуіне жол берілді. Мұның себебі не?

Құрылыс жұмыстарының түсер құнында құрылыс материалдарының үлес салмағы 70 процентке дейін жетеді. Материалдардың мә-

ерден артық жұмсалуды, олардың сақтау кезінде ысырап болуы, баян республикалардан тасып әкелінуі құрылыс құнының қымбатқа түсуіне, зор шығынға әкеліп соқтыруда.

Мұндай кемшілік әсіресе Тың өлкесінде көбірек орын теуіп отыр. Мәселен, Қазақ асбест құрылыс тресі өткен жылы Пермь, Свердлов, және де халық шаруашылығы советтерінен 10 миллион данадан астам кірпіш, 16 мың текше метр темірбетон, 60 мың шаршы метрдей есік және терезе блоктарын тасып әкелді. Тың өлкесінің совхоздар басқармасы мен Совхоз құрылыс тресі кірпішті Ленинградтан, Өскеменнен, Литвадан, Литвадан, Эстониядан тасыды.

Алыстан тасымалданып келген кірпіш қымбатқа түсіп жүр. Қостанай және Қарағанды облыстарында мың кірпіш 23 сом 50 тиын болатын болса, Куйбышевтан әкелінген кірпіш — 60 сомға, Өскемендікі — 77, Ленинградтікі — 124, Литва мен Эстонияныкі — 130 сомға түседі. Соколов кен құрылысы тресінде құрылыс материалдары сырттан әкелінгендіктен құрылыс 1936 мың сом қымбатқа түсті. Бірақ бұл мұндай құрылыс басшыларының және Тың өлкесі халық шаруашылығы советі басшыларының ойына кіріп те шығар емес.

Құрылыс материалдары кәсіпорындары жұмысты бұрынғысынша істей беріп келеді. Мәселен, Рудный қаласындағы блок жасайтын завод 35 мың текше метр темірбетон конструкциясын берудің орнына тек 9 мың текше метр темірбетон жасап шығаруда. Бұл қандай? Мұндағы басшылар темірбетонды бұдан артық шығаруға заводтың қуаты жетпейді, өйткені жобалау кезінде қате жіберілген деп сылтауратады. Ал, шын мәнінде машина-жабдық дұрыс пайдаланылмай, автоклавалардың қуаты 30 процент қана пайдаланылады, атмосфералық қысым жобадарыдан өте аз беріледі.

Рудный қаласындағы кірпіш заводы жоспар бойынша 28 миллион кірпіштің орнына іс жүзінде 9—12 миллион кірпіш беруде. Мұндағы басшылар да жобада кемшілік жіберілген дегенді сылтауратып, жұмысты жолға қоймай отыр. Оның есесіне Қостанай құрылыс трестерінің басшылары Челябинск, Свердлов облыстарынан биыл 40 миллион кірпіш тасып әкелуді талап етуде.

Партия ұйымдары тарапынан бақылаудың жоқтығынан құрылыс материалдарында анықталмаған, тіпті көптен бері қимылсыз жатқан машина-жабдықтар жиналып қалған. Өткен жылы 40 миллион сомның қымбатшы артық жабдықтары табылған, бұл, нормадағыдан бір жарым есе артық.

Әсіресе, жылына бір миллиондай сомның жұмысын істейтін ұсақ құрылыс ұйымдарының техникалық-экономикалық көрсеткіштері төмен болып отыр. Мұндай құрылыс ұйымдары республикада аз емес. Бірақ бір жерлерде осындай ұсақ құрылыс ұйымдары әлі де құрылуда. Мәселен, Қарағандыда Қазақ ССР Құрылыс министрлігінің ірі мақсатта ұйымдандырылған ұйымдары бола тұрса да Қарағанды халық шаруашылығы советінің жарлығымен Қарағанды құрылыс тресі электростанцияны қажыдау және санитарлық-техникалық жұмыстар жүргізетін екі ұсақ ұйымға учаске құрды. Республикада осындай 40 ұсақ құрылыс ұйымдары таратуға немесе біріктіруге болады. Мұның өзі тек әкімшілік-шаруашылық шығындары есебінен ғана 1 миллион 500 мың сомдай қаржы үнемдеуге мүмкіндік береді.

Құрылыс ұйымдарындағы экономикалық конференциялар құрылыс материалдары кәсіпорындары жұмысына мұқият талдау жасап, олардың жұмысын жақсартудың нақты шараларын белгілейді деп сенеміз.

Партия Программасында: «Шаруашылық есепті барынша күшейтіп, қатан үнем мен ұқыптылық жасалуын, ысыраптың жойылуын, қаржы құнды кемітіп, өндірістің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету

керек» делінген. Бұл жөнінен біз істейтін жұмыстың шегі жоқ. Өйткені көптеген кәсіпорындар жылма жыл мемлекеттік тапсырмаларды орындай алмай келеді. Мәселен, өткен жылы 148 өнеркәсіп орны, 321 құрылыс ұйымы жоспарды орындамады. Биылғы жылдың бірінші тоқсанында өнеркәсіп орындарының төрттен бір бөлегіне жуығы, мердігерлік құрылыс ұйымдарының жартысы өздеріне жүктелген міндетті ақша кара алмады. Қазақ асбест құрылыс, Торғай алюминий құрылыс, Орал кәсіпшілік құрылыс, Қызылорда құрылыс, Алматы тұрғын үй құрылыс трестері үш жылдан бері жоспарды орындай алмай жүр.

Мемлекеттік тапсырмаларды орындамау қисапсыз зиян шектірді. Қазақ халық шаруашылығы советі бойынша өткен жылы 304 өнеркәсіп орны 152 миллион сом зиян келтірді. Мердігерлік құрылыс ұйымдарының шығыны 47 миллион сомдай болды.

Халық шаруашылығының кейбір саласында, мәселен, ағаш өнеркәсібі мен құрылыс материалдары өнеркәсібінде зиян шеккен кәсіпорындардың саны көбейе түсті. Өткен жылға дейін ет өнеркәсібінде мұндай бірде-бір кәсіпорын болмаған болса, кәзір олардың саны 12-ге жетті. Қор жинау, пайда түсіру жөніндегі жоспарды орындамайтын кәсіпорындардың саны да көбейіп келеді.

Мемлекеттік жоспарды орындамау, шаруашылық есеп тәртібі бұзу, материалдардың нормадан тыс қорын жасау, кейбір кәсіпорындарды, тіпті өнеркәсіптің жеке салаларын қаржы жөнінен үлкен қиыншылыққа душар етті. Шаруашылық жұмысқа олақ, дәрменсіз басшылар шеккен зиянды айналым қаржы есебінен өтел, оның есебіне тағы да қаржы сұрауға дағдыланып алған. Өткен жылдың аяқ шенінде республика үкіметі көптеген өнеркәсіп орындары мен құрылыс ұйымдарына қосымша айналым қаржы босатты. Бірақ ұлтай өтпей жатып айналым қаржы тағы да жетпей қалды. Мысалы, Қарағанды халық шаруашылығы советінде жылдың басында 26, Тыман өлкесі құрылыс тресінде 12 миллион сомдай айналым қаржы жетіспеді. Мемлекет қаржысын бұлай орынсыз жұмсауға бұдан былай төзетін болмайды.

Көптеген партия, шаруашылық және финанс органдары кәсіпорындардың көп жыл бойы артта қалуына жол беріп, олардың жұмысын жақсартуға, өнімнің түсер құнын кемітуге бағытталған ешқандай ұсыныстар енгізбей келеді.

Мемлекеттік банк, мемлекеттік құрылыс банкі, Қазақ ССР Финанс министрлігі жұмысты нашар істеп, ақшаның жұмсалу барысын жеткілікті бақылау жасамайды. Олар Н. С. Хрушев жолдас айтқандай, коммунизм құрылысы барлық өндірістік мүмкіндікті тиімді және дұрыс пайдалануды, еңбекті барынша үнемдеуді талап ететінін жетінен шығарған.

Партия ұйымдары, шаруашылық басшылары кәсіпорындар мен құрылыстардағы барлық резерв пен мүмкіндікті тауып, тиімді пайдалануға, жаңа өндірістік қуаттарды тезірек іске қосуға тиіс. Қоғамдағы еңбектің өнімділігін онан әрі арттырып, өнімнің түсер құнын кеміту қамтамасыз ету керек. Кәсіпорындар мен құрылыстардағы экономикалық конференциялардың бүкіл жұмысын осыған бағындыру қажет.

Шаруашылық және қоғамдық ұйымдардың басшылары экономикалық конференцияларға әзірленуде, оны өткізуде асығыстық жасамауға тиіс. Мұндағы басты міндет — құрылыста, өнеркәсіпте, транспортта техникалық-экономикалық көрсеткіштерді жақсартудың мүмкіндіктерін тауып, оларды коммунистік құрылыстың кәдесіне жарат

Ауыл шаруашылығының коммунистік құрылыстағы орны

Ә. ҚӘКІМЖАНОВ,

экономика ғылымының кандидаты

Партиямыздың Программасында социализмнен коммунизмге өту үшін алдымен коммунизмнің материалдық-техникалық базасының жасалуы, коммунистік қоғамдық қатынастың қалыптасуы және қоғамның барлық мүшесінің коммунизм рухында тәрбиеленіп, жанжақты жетілдірілуі керек екені атап көрсетілді. Осы үш негізгі міндеттің ең бастысы—коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау дегеніміз—елімізді түгел электрлендіру және осы негізде өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында қоғамдық өндіріс техникасын, оның технологиясы мен ұйымдастырылуын жетілдіру деген сөз, сонымен бірге онда өндірісті түгел механикаландырып автоматтандыру, халық шаруашылығында химияны кеңінен қолдану, өндірістің жаңа, экономика жағынан тиімді салаларын кең өрістетіп, материалдардың жаңа түрлерін пайдалану шаралары іске асырылады. Табиғи байлықты толық, тиімді пайдалану, ғылымды өндіріспен өзектестіре байланыстыру және ғылыми-техникалық прогрестің қарқынын шапшаңдату, еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесін арттыра түсу, еңбек өнімділігі жағынан жоғары дамыған капиталистік елдерді басып озу керек. Ал еңбек өнімділігі жағынан мұндай озып шығудың өзі коммунистік құрылыстың жеңіп шығуының аса маңызды шарты екені жұртқа мәлім.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудың, коммунизмге лайық өндіргіш күштерді өркендетудің негізі—ауыр индустрия. Демек, оны күшті қарқынмен алға бастыру қажет. Жаппай электрлендіру негізінде елді аса мықты индустриямен қаруландыру коммунизмнің өндіргіш күштерінің өзегі екенін кемеңгер Ленин сан айтқан-ды. Мұның өзі адамның еңбек жағдайларын түбірінен жақсартып, жеңілдету үшін, жұмыс күнін қысқартып, тұрмысты көркейту үшін, ауыр дене еңбегін жою үшін қажетті жағдайлардың бәрін жасауды қамтамасыз етеді.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудағы қоғамдық өндірістің шешуші саласының бірі социалистік ауыл шаруашылығы екені мәлім. Өйткені, коммунизмге лайықты молшылыққа жету үшін өнеркәсіп өнімдерімен бірге ауыл шаруашылығының өнімдері де ғыл-тегіл көп өндірілуі керек.

Партия Программасында қуатты өнеркәсіппен қатар, көркейіп өркендеген, барлық жағынан дамыған және өнімділігі жоғары ауыл шаруашылығын жасау—коммунизм орнатудың міндетті шарты екені атап көрсетілген. Жаңа Программаны сынаушылардың кейбіреулері «совет коммунистері коммунизмді тағамға толы дастархан, тұтынушылар қоғамы деп түсінеді» дегенді айтып, шындықты бұрмалап жүр. Совет коммунистері коммунизмді саяси және әлеуметтік теңдік, оның үстіне материалдық және рухани байлық деп түсінеді.

Халық бұқарасы сан ғасырлар бойы саяси және әлеуметтік теңдікке ғана емес, сонымен бірге материалдық және рухани игіліктерге

де зәру болып келді. Бұл зәрулікті жою—адамзаттың ежелгі арман.

Еңбекші бұқараның материалдық игілікке зәрулігі, әсіресе капитализм тұсында арта түсті. Капитализм ат төбеліндей қанаушы топты байлыққа малындырды да, бүкіл бұқараны игіліктен махрұм қалдырды. Капитализм жұртты аштықтан құтылдыра алмады. Аштық осы күнгі алдыңғы қатарлы капиталистік елдердің өзінен де кездеседі. Америка Құрама Штаттарының президенті Кеннеди өз елінде күн сайын 17 миллион адам кешке аш жататынын мойындады. Ал, АҚШ-тың сенаторы Морзе жетім балалар жыл сайын көбейіп келеді, коқысты қаз балап тамақ іздеген бұл топтың халі мүлде нашар деп жазды.

Капитализм адамдарды аштықтан құтқара алмайтын болған соны жақтаушылар «жер байлығы адамдарды асыруға жетпейді» деген сандырақты ойлап шығарды. Англиядан шыққан аты-шулы Мальтус күнкөріс өнімдерін өндіру адамдардың өсу қарқынынан әлдеқайда артта қалып қойып отырады да, адамзат аштықтан құтылмайды деп лаққан болса, капитализмнің осы заманғы жақтаушылары адамдар саны есепсіз өсіп бара жатыр, олардың өсуіне шек қою керек немесе миллиондаған адамды қыру керек дегенді айтып, империалистердің соғысқұмарлық саясатын қолдап үгіт жүргізуде. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында шығатын «Лук» деген журналда жарияланған мақаласында А. Майзель дейтін біреу «Дүние жүзі халықтарының қаулап өсуі атом бомбасының көбеюінен де күшті қауіп» деп шімірікпестен жазды. Сол елдегі Фогт деген фашист жер жүзінің байлығы 900 миллионнан астам адамды ғана асырай алады дегенді айтып оларды азайту үшін қырғын соғыс ашуға шақырады.

Азық-түлік, күнкөруге қажетті өнімдер жер шарындағы адамдарды асырауға толық жетеді. Бірақ олар капиталистік дүниеде дұрыс бөлінбей жүр. Америка Құрама Штаттарында 1870 жылдан 1950 жылға дейін халықтың саны 3,8 есе өскен болса, бидай өнімі 4,4 есе артты. Немесе, бұл елде 1899—1939 жылдар арасында халық саны 1,8 есе өскен болса, өнеркәсіп өнімі 3,7 есе көбейді. Бұдан адам санының өсу қарқыны өмірге керекті өнімдер өндіру қарқынынан төмен екені байқалады. Ендеше әңгіме өнімді бөлудің капиталистік тәртібінде болып отыр. Байлық капиталистердің қолында болады да, оны өндірушілер яғни халық бұқарасы аштық пен зәрушіліктің зардабын тартады, оны үстіне капиталистік өндіріс барлық халықтың мұқтажын қамтамасыз ететін дәрежеге әлі жете алмай отыр. Ең ірі капиталистік ел—АҚШ-тың 17 миллион адам түнде аш жататын болса, Англияда да тамаққа жарымайтындар көп-ақ. Ал Францияда шығатын «Оранс Обсерватор» журналы елдегі халықтың отыз проценті тамаққа жарымайды деп көрсеткен. Бұл жерде капитализмнің іргелі елдері әңгіме болып отыр. Капиталистік дүниедегі басқа елдер халықтарының жағдайы бұдан да нашар.

Ал социализм жағдайында тұрмыс дәрежесін арттыруға әбден болатынын өмір мен тәжірибе дәлелдеп берді. Оны социалистік елдердің әсіресе Совет Одағының өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы дамуының күшті қарқынынан көруге болады. Ең соны мысалдарды алайық. Бұрын болып көрмеген қысқа мерзім ішінде елімізде 42 миллион гектар тың және тынайған жер игеріліп, жаңадан жүздеген ірі-ірі совхоздар құрылды. Колхоздар мен совхоздардың материалдық-техникалық базасы нығайтылды. Машина-трактор станциялары қайта құрылды. Жоспарлаудың жаңа тәртібі енгізілді. Колхоздар мен совхоздар басшы және маман кадрлармен нығайтылды. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің дайындау бағасы едәуір арттырылып, ауыл-селодағы өндіріс мақсатына арналған товарлардың бағасы кемітілді. Осы шараларды іске асырудың нәтижесінде ауыл шаруашылығының өндіргіш күштері шапшаң дамыды.

Партиямыздың Орталық Комитетінің үстіміздегі жылғы март Пленумы атап көрсеткендей, еліміздің бүкіл ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1953 жылдан 1961 жылға дейін 1,6 есе өсті. Ауыл шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіру осы айтылған жылдардың ішінде мынадай мөлшерде артты: астық—5 миллиард 36 миллион пұттан 8 миллиард 380 миллион пұтқа дейін, ет—5,8 миллион тоннадан 8,8 миллион тоннаға дейін, сүт—36,5 миллион тоннадан 62,5 миллион тоннаға дейін, жұмыртқа—16 миллиардтан 29 миллиардқа дейін артты. Қант өндіру 3 миллион 434 мың тоннадан 6 миллион 85 мың тоннаға дейін көбейді. Сол сияқты мақта, майлы дақылдар, картоп, овощ, жеміс, шай және басқа ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру де мықтап артты.

Бұл—зор табыс. Алайда бұған қанағаттануға болмайды. Олай деуіміздің себебі, біріншіден, ауыл шаруашылығының кәзіргі дәрежесі халықтың материалдық әл-ауқатын жақсарту жөніндегі талаптан кейін қалып отыр, екіншіден, коммунизмге лайықты молшылық жасау талабынан әлі де алыс жатыр.

Бұл жағдайды партия Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі барлық жұмысшыларға, колхозшыларға, совхоз жұмысшыларына, совет интеллигенциясына, бүкіл совет халқына арнаған үндеуінде ашып көрсетті. Министрлер Советінің қаулысына орай ірі қара, шошқа, қой, ешкі және құс етінің сатып алу бағасы орта есеппен 35 процент арттырылатын болды. Мұның өзі мал шаруашылығының өнімдерін өндіруді мықтап ұлғайтуға колхоздардың ынталылығын арттырады.

Ауылшаруашылық өнімдерін молайту жолындағы басты міндеттің бірі—халқымыздың күнбе-күн артып отырған тұтыну қажетін қанағаттандыру. Бұл жерде халқымыздың саны жақсы өсіп келе жатқанын ескерген жөн. 1953 жылға қарағанда еліміздегі халық саны 29 миллионға артты. Бұл—осы жылдарда еліміздің халқына Голландия, Дания, Норвегия және Швеция сияқты елдер халықтарының жалпы санындай адам қосылды деген сөз. Соңғы үш жылдың өзінде еліміздегі халық саны 11 миллионға көбейді. Осы бағытпен бара бергенде еліміздегі халық саны 250—280 миллионға жететін уақыт та алыс емес.

Халықтың саны өсумен қатар еліміздің еңбекшілерінің табыстары да артуда. Салықтың мөлшерін азайту және жою, заемға жазылуды доғару, пенсияның мөлшерін арттыру және басқа шаралар еңбекшілердің нақты табысын арттыра түсті. 1953 және 1961 жылдар арасында еліміздің еңбекшілерінің табысы 42 миллиард сомдай артты. Бұл, әрине, халықтың азық-түлік және басқа да тұтыну заттарын сатып алу мүмкіншілігін мықтап молайтты. Мұны мемлекеттік сауда арқылы халықтың сатып алған азық-түлігінің шамасы артуынан айқын көруге болады.

Елімізде тұтыну дәрежесі бұдан да арта бермек. Осыған орай ауылшаруашылық өнімдерін молайта түсу қажет. Алайда, бұл істің барысы өмір талабына сай келмей отыр. Жетіжылдықтың ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі тапсырмаларының орындалуы қанағаттанғысыз болып келеді. Партиямыздың март Пленумында атап көрсетілгендей, 1961 жылы елімізде жетіжылдықтың тапсырмалары бойынша 9,4 миллиард орнына 8,4 миллиард пұт астық жиналды. Ал Қазақстанда 1,3 миллиард орнына 0,9 миллиард пұт астық алынды. Өткен жылы жоспар бойынша 11,8 миллион орнына 8,8 миллион тонна ет, 78,4 миллион орнына 62,5 миллион тонна сүт алынды. Демек, бұл жөнінде Қазақстан еңбекшілері Отан алдында борышты болып қалды. Неге бұлай? Оның себебі, республика колхоздары мен совхоздары тың және тыңайған жерді игеруге байланысты туған зор мүмкіншіліктерді дұрыс пайдалана алмады.

Ауылшаруашылық өндірісін мықтап алға бастыру, сөйтіп еліміздің өсіп келе жатқан тұтыну қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыру—бүгінгі таңдағы ең басты да шұғыл міндеттердің бірі. Коммунистік партия мен Совет үкіметі бұл міндетті ойдағыдай орындау жолындағы нысананы белгілеп отыр. Мұндағы басты мәселе—ауыл шаруашылығының аса маңызды өнімдерін тұтынудың жан басына шаққандағы мөлшерін арттыра беру. Мәселен, 1962 жылғы жоспар бойынша жан басына шаққанда ет және ет өнімдерін тұтыну 42 килограммға, сүт пен сүт өнімдерін тұтыну 266 килограммға, жұмыртқа 127 данаға, қант 34 килограммға жеткізілуге тиіс. Халықтың тұтыну қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыру үшін өнімдерді жан басына тұтыну мөлшері 1970 және 1980 жылдарда орта есеппен: ет өнімдері—90—100 килограмм, сүт өнімдері—467 килограмм, қант—44 килограмм, жұмыртқа—365 дана болмақ. Бұл—азық-түлікті молынан тұтыну дәрежесіне жету деген сөз. Капиталистік дүниеде азық-түлікті мұндай дәрежеде тұтынып отырған бірде-бір ел жоқ және біз алға қойып отырған міндетті арман ете алмайды да. Еліміздің азық-түлік жөніндегі осындай өскелең тілектерін қанағаттандыру үшін Совет Одағы бойынша ауылшаруашылық өнімінің жалпы көлемі бірнеше есе арттырылуға тиіс. Дәлірек айтқанда, 1961 жылы өндірілген астықтың жалпы мөлшері 8,4 миллиард пұт болса, 1980 жылы—18—19 миллиард пұтқа жеткізілуге тиіс. 1961 жылы өндірілген еттің жалпы салмағы 8,8 миллион тонна болса, 1970 жылы 25 миллион тонна, 1980 жылы 30—32 миллион тонна болмақ. Сол сияқты сүт өнімі сол жылдарда тиісінше 62,5 миллион тоннадан 135 және 170—180 миллион тоннаға дейін өспек.

Ауыл шаруашылығы өндірісін осындай зор дәрежеде алға бастыру үшін жерді дұрыс пайдалану керек. Н. С. Хрущев партия Орталық Комитетінің март Пленумында жасаған баяндамасында жерді дұрыс пайдалану деген сөз—әрбір жүз гектар жерден алынатын өнімді еселеп арттыру деген сөз екенін атап көрсетті. Елдің тұтыну қажеттерін толық қанағаттандыру үшін әрбір жүз гектар жерден өндірілетін астықтың мөлшері осы күнгі шамаға қарағанда екі еседей, ет пен сүтті үш еседей арттыру керек.

Жер—ауыл шаруашылығындағы негізгі өндірістік құрал. Оның басқа өндіріс құралдарынан айырмасы тек мынада ғана, егер оны дұрыс пайдаланса, ол басқа өндіріс құралдарындай тозбайды, оның өнімділігі кемімейді, қайта арта береді. Тыңайтқыш енгізу және мұқият өңдеу жолымен топырақтың құнарлылығын ұдайы арттыруға болатынын ғылым мен тәжірибе айқын көрсетіп отыр. Осыған орай біздің өнеркәсібіміз тыңайтқыштар өндіруді мықтап алға бастырмақ. Қолхоздарымыз бен совхоздарымыз химиялық тыңайтқыштарды қолдану мәдениетін көтеруге тиіс. Тыңайтқыштарды ысырап етуге ешқандай жол бермей, түгелінен пайдалану—ауыл шаруашылығының әрбір еңбеккерінің құрметті борышы.

Ауыл шаруашылығының мәдениетін көтеріп, өнімділігін арттыру үшін мемлекет тарапынан ірі-ірі шаралар жүзеге асырылмақ. Н. С. Хрущев жолдас март Пленумындағы баяндамасында бұл мәселеге кеңінен тоқталды. «Шөптанапты егіншілік жүйесінен бас тартып,— деді ол,—ауыл шаруашылығын жүргізудің неғұрлым интенсивті түрлеріне көшу мемлекеттен белгілі бір материалдық күш жұмсауды керек етеді. Біз, әсіресе отамалы дақылдарды өсіру үшін тыңайтқыш өндіруді, ауыл шаруашылығы машиналарын шығаруды көбейтуіміз керек. Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету мүдделері үшін біз көп күрделі қаржы жұмсауға тиіспіз».

Осындай шаралар қолдану арқылы ауыл шаруашылығын коммунизм орнату мүддесі талап еткендей күшті қарқынмен дамытуға қажетті материалдық-техникалық база жасалмақ. Мұның өзі ауыл ша-

руашылығы өндірісінің саналуан саласындағы жұмыстарын жетік механикаландыруға, мұндағы ауыр қол еңбегінің бәрін жойып, жұмыстың қай түрін болса да техниканың күшімен жүргізуге мүмкіншілік жасайды. Осы бай техниканың келуі және оны шебер пайдалану ауыл шаруашылығындағы еңбекті индустриялы еңбектің бір түріне айналдыруды қамтамасыз етеді.

Ауыл шаруашылығын күшті қарқынмен өркендетуді қамтамасыз ету үшін, жердің құнарлылығын арттыра беру үшін Коммунистік партия көрсетіп отырған негізгі бағыт—егістің құрылымын реттеу. Бұл мәселені шешкенде, біріншіден, жерден неғұрлым мол өнім алуды, екіншіден, жердің құнарлылығын арттыра беруді көздеу керек. Екіншіліктегі басты міндет—алдымен астық өндіруді қауырт алға бастыру. Партия Программасында айтылғанындай, астықты мол өндіру—ауыл шаруашылығының барлық саласын онан әрі өркендетудің негізі. Совет Одағы бойынша дәнді дақылдардың жалпы өнімі жиырма жылдың ішінде екі еседен астам, ал олардың түсімділігі екі есе көбейеді. Бидай, жүгері, бұршақ өнімдері үздік арттырылады. Астық өнімін молайту күресіне Қазақ республикасы зор үлес қосады. Республика колхоздары мен совхоздары жыл сайын 3,5 миллиард пұт астық өндіріп, мемлекетке жылына 2 миллиард пұт астық сатып отыруға тиіс.

Н. С. Хрущев жолдас март Пленумында жасаған баяндамасында Қазақстанның астық өндіруді молайтудағы орнын ерекше атап көрсетті. Мұнда,—деді ол,—оңтүстік аудандарды есептемегенде, жүгері негізінен сүрлем үшін өсірілуде. Сондықтан астық өндіру бидайдың түсімділігін арттырып, бұршақты дақылдарды кеңінен енгізу, сондай-ақ жаңа жерді онан әрі игеру есебінен молайтылмақ.

Республикада жыл сайын 3,5 миллиард пұт астықтың өндірілуін қамтамасыз ету үшін колхоздар мен совхоздарда бидай мен асбұршақтың әрбір гектарынан кемінде 20 центнер өнім алынып отыруға тиіс. Соңғы жылдарда бидайдың түсімділігі гектарына 7—8 центнерден ғана айналып жүргенін еске түсірсек, егіннің түсімділігін арттыру жолында табанды күрес жүргізу керек екенін көреміз. Бұл жөнінде партия алға қойып отырған дәрежеге жетуге—республикада барлық жағдай бар.

Қазақстан жерінің құнарлы екенін тәжірибе сан рет дәлелдеді. Солтүстік Қазақстан облысының колхоздары мен совхоздарының 1938 жылы 747,3 мың гектар егістік жердің әр гектарынан 20,9 центнерден өнім алғаны жұртқа мәлім. Целиноград облысының «Ново-Никольский» совхозының Андрей Бормисов басқарған бригадасы 1956 жылы 230 гектар бидайдың әр гектарынан 40,1 центнерден өнім алғанды. Гектарына 20 центнер және одан да артық өнім жинайтын озат шаруашылықтар мен бригадалар, жеке озаттар республикамыздың астықты облыстарының қайсысынан болса да кездеседі. Н. С. Хрущев март Пленумында Солтүстік Қазақстан облысының «Мамлют» совхозы көп жылдар бойы дәнді дақылдардың әрбір гектарынан 20—22 центнерден өнім алып келе жатқанын сүйсіне айтып, одан үлгі алуға шақырды.

Астық өнімін молайтуда жүгерінің де маңызы зор. В. И. Ленин жүгерінің халық шаруашылығындағы маңызын көрсете келіп, 1921 жылғы октябрьде Г. М. Кржижановскийге жазған хатында былай деген:

«Жүгерінің (лобия мен фасольдің) артықшылықтары, сірә, бірсыпыра жағдайларда дәлелденген. Ендеше, неғұрлым тез және неғұрлым нақты шаралар қолдану керек.. Жүгеріні насихаттау және шаруаларды жүгері дақылына үйрету үшін бірқатар дәлме-дәл және әбден ойластырылған ережелер жасап шығару керек» (Лениндік жинақ, 23-том, 114—115-беттер).

В. И. Лениниң бұл хатты жазғанына қырық жылдан асты. Бірақ ол өзінің маңызын жоймағаны былай тұрсын, өмірдің кәзіргі талабы мен үндесіп жатыр. Өмір жүгерінің шығымды дақыл екенін көрсетті. Ал мал азығына жүгеріден жұғымды және тиімді дақыл жоқ. Сүттен бастаған кезде бір гектардан орып алынған жүгері бір гектар арпаның өніміне қарағанда 2,3 есе, сұлыдан—2,8 есе, жонышқадан—4,4 есе артық жемшөп өлшемін береді.

Жүгері республикамыздың қай жерінде болса да мықтап орын тепті. Жүгерінің әрбір гектарынан, орта есеппен, 600 центнерден сүрлемдік көкмайса, 50—70 центнер дән жинап жүрген озаттар Қазақстанның әр түкпірінен шығып отыр.

Жүгері іріқара мен шошқаны бордақылау және сиырдың сүттілігін арттыру үшін ғана емес, сонымен қатар ол қой-ешкіні де азықтандыруға қажетті. Қойды шөбі шүйгін жерде жайып семірту, әрине, өте арзанға түседі. Ал егер қойға жемшөп әзірлеу керек болса, жүгеріден артығы жоқ. Мал қыстайтын жерге жеткілікті жүгері сүрлемін әзірлеген шаруашылықтар қойды қыстан әрі аман, әрі қонды етіп шығарады.

Республика колхоздары мен совхоздарының егіс құрылымын жақсартуда шешуші орын алатын дақылдардың бірі—бұршақ. Бұл дақыл Қазақстан жерінде жақсы өседі. Асбұршақ бидайдан 15 күн бұрын піседі. Асбұршақты Н. С. Хрущев «Қазақстанға табиғаттың өзі берген дақыл» деп өте дұрыс айтты. Асбұршақтың мұндай қасиетін төмендегі мәліметтер толық дәлелдейді. Семей облысының Үржар сортты учаскесінде 1959 жылы асбұршақтың әрбір гектарынан 27,7 центнерден, Қарағанды облысының Осакаров учаскесінде—25,1 центнерден, Қарқаралы учаскесінде—37,2 центнерден, Шығыс Қазақстан облысының Зырян учаскесінде—41,8 центнерден, Қостанай облысындағы Қарабалық учаскесінде—44,2 центнерден өнім алған болатын. Мұндай көрсеткіштерді республикамыздың қай жерінен болса да кездестіруге болады.

Сол сияқты атбұршақтың да төзімділігі жөнінде толып жатқан мәліметтер келтіруге болады. Бұршақты дақылдар—мал азығы ретінде жүгерінің серігі. Олар белоктарға бай. Бұршақты дақылдардың енді бір басты қасиеті бұл дақылдар жерді органикалық тыңайтқыштарға және азотқа байытып әрі тыңайтып отырады. Бұршақты дақылдар арамшөптердің өсуіне жол бермейді. Бұршақты дақылдардан кейін сол жерге егілген бидай жақсы өнім береді.

Қазақстан жағдайында кеңінен орын теуіп келе жатқан ендігі бір бағалы дақыл—қант қызылшасы. Бұл дақыл да республика жерінде жақсы өсетінін көрсетті. Оның қант өндірудегі маңызын былай қойғанда, ол—малға аса құнды азық.

Сонымен бидай, жүгері, асбұршақ, атбұршақ, қант қызылшасы—Қазақстан жағдайында молшылық көзі және жұрт айтып жүргендей коммунистік дақылдар. Онымен қатар тары, мақта, күнбағыс және сол сияқты әр жердің ыңғайына қарай мол өнім беретін дақылдар егіншілік құрамында өзіне лайықты орын алуға тиіс.

Партиямыздың Орталық Комитетінің март Пленумы мал шаруашылығын өркендетуде, елімізді етпен, сүтпен, маймен және басқа өнімдермен қамтамасыз етуде жемшөп өндіруді молайтудың маңызы зор екенін атап көрсетті. Жемшөп мәселесін шешу үшін жүгеріден, қант қызылшасынан, бұршақты дақылдардан мол өнім алуды ұйымдастыру керек. Мал азығындық дақылдарды дұрыс іріктеп алған жөн. Жұмсалған еңбекті есептегенде қай дақылдың қанша жемшөп өлшемін беретініне зер салу керек. Іске тек осылай қарағанда ғана шаруашылықты дұрыс жүргізуге, барлық дақылдың да түсімділігін арттыруға, колхоз бен совхозды көркейтудің келешегін көріп отыруға болады. Мысалы, егістік жердің әрбір 100 гектарына 75 центнер ет өндіру үшін қандай жемшөптік дақылдар егу керек екенін нақты білу қажет. Ірі қа-

ның сойғандағы салмағымен 75 центнер ет өндіру үшін 1 100 центнер жемшөп өлшемі керек. Осы көлемде жемшөп өндіру үшін әрбір 100 гектар егістік жердің неше гектарына жемшөп егуге, қандай түріне қанша егуге болады? Бұл жағына да зер салу керек.

Март Пленумы ет өндіруді молайту жолындағы кезендерді белгілеп берді. Бірінші кезеңде—егістік жердің жүз гектарына есептегенде 5 центнер, ал басқа жерлердің жүз гектарына есептегенде 16 центнер өндірілуге тиіс. Әрбір шаруашылық үшін партиямыздың Орталық Комитетінің таяудағы жылдарға арналған минимум-программасы осындай. Бұл программаны орындау еліміздің жан басына ет өндіру жөнінде Америка Құрама Штаттарын жедел қуып жетуіне мүмкіндік береді.

Екінші кезеңде—егістік жердің жүз гектарына есептегенде жүз центнер ет өндірілуге тиіс. Озат шаруашылықтардың мұндай дәрежеге жетудің өзінде-ақ жеткенін Орталық Комитеттің Пленумы атап көрсетті. Міне, осы озаттардың тәжірибесін кең тарату кәзіргі айбынды міндеттің бірі болып отыр.

Үшінші кезеңде—егістік жердің жүз гектарына есептегенде 150 центнер ет өндірілуге тиіс. Орталық Комитет мұндай дәрежеге жеткен шаруашылықтарды жақсы көрсеткішке ие болған, коммунистік молшылық жасау жолындағы жарыста озған деп санап, оларды құрметпен атау керек екенін атап көрсетті. Демек, мұндай озат шаруашылықтарға және жаңашылдардың есімдері бүкілхалықтық құрмет кітабына «Қызыл кітапқа» жазылмақ.

Сонымен қатар Орталық Комитет ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне астық, ет, сүт және басқа өнімдер өндіруді арттыру ісінде материалдық жағынан ынталандыру принципін дәйектілікпен жүзеге асырып шаруадан талап етуде. Адамдарды өнімнің арта беруіне ынталандырып шаруа үшін колхоздар мен совхоздарда еңбекті нормалау және оған ақы төлеу әдістерін жетілдіре беру керек. Колхоздарда колхозшылардың еңбегіне қарай ай сайын аванс беру тәртібін қолданған жөн. Өнім өндіруде жақсы нәтижелерге жеткені үшін еңбекке қосымша ақы төлеу әдісін де ұдайы жетілдіре беру қажет. Мұның өзі—мемлекеттік міндетіміздің зор жұмысы. Еңбекті нормалау және оған ақы төлеу әдістерін жетілдіруде жақсы инициатива көрсетіп жүрген шаруашылықтар біздің назарымызға аса қажет. Олардың тәжірибесін жергілікті жағдайларға қарай, кеңінен тарату пайдалы.

Ауылшаруашылық өндірісін басқаруды жақсарту мақсатымен партиямыздың Орталық Комитеті белгілеген және жүзеге асырып жатқан шаралар өмір талабына сай келіп отыр. Ендігі жерде колхоз-совхоз өндірісінің басқармалары өндіріске тікелей басшылық етеді. Олар өндірісті ғылым мен озат тәжірибенің негізінде жоспармен жүргізуге қабілетті мүмкіндік ашады. Өндірістік басқармалар осы күннің өзінде шаруашылықтарға егістік жердің құрылымын жақсарту, жерді және ауыл шаруашылық техникасын неғұрлым өнімді пайдалану, сөйтіп үстіміздің жылдың өзінде келелі табыстарға жету үшін нақты көмек көрсете бастады.

Коммунистік партияның басшылығы арқасында совет халқы қол жеткізген алған әрбір ұлы-кішілі істердің әрдайым нәтижелі болып келгені мәлім. Енді партия коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау үшін ауылшаруашылық өндірісін жоғары сатыға көтеру мәселесін назарымызға алып отыр. Оның бұл ерлік ісі де айтарлықтай нәтиже бермекші. Бұл ұлы іске Қазақстан еңбекшілері де лайықты үлес қосады.

Сапа көрсеткіші—өнеркәсіп жұмысының айнасы

Елімізде коммунистік құрылыстың кең өрістетіліп отырған кәзіргі кезеңінде шаруашылықты басқарудың түрін жетілдіре түсудің, өндірістік резервтерді сарқа пайдаланып отырудың, сөйтіп, әрбір кәсіпорынның техникалық-экономикалық көрсеткішін жақсарту берудің маңызы зор. Таяудағы жиырма жылда коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау сияқты іргелі міндетті ойдағыдай орындау мүддесі осындай тұтқалы мәселелердің бәріне әрдайым баса көңіл бөліп отыруды керек етеді.

Кәсіпорынның жұмысына экономикалық талдау жасаудың мәні ерекше. Мұның өзі—оның жұмысын егжей-тегжейлі зерттеп білудің бірден-бір жолы. Сонымен қоса ол жұмыстағы кемшілікті, пайдаланылмай жатқан мүмкіндікті ашуға, өндіріс көлемін кеңейтуге жәрдемдеседі. Экономикалық талдау негізінен өнеркәсіп жұмысындағы сапа көрсеткіштерді жақсарту мақсатын көздейді. Экономикалық талдау көзбояушылыққа, есепке қосып жазуға, істің жайын боямалап бейнелеуге қарсы күресті күшейту жөнінен қоғамдық ұйымдарға үлкен көмегін тигізеді. Сонымен қатар ол—өндірістік жоспардың қалай орындалып келе жатқанына бақылау жасау әдістерінің бірі. Міне сондықтан Коммунистік партия экономика мәселелеріне ұдайы мән беріп, оған жұртшылықтың назарын аударып келеді. КПСС ХХІ, ХХІІ съездерінде партияның Орталық Комитетінің июль Пленумында (1960 ж.) экономикалық талдауға көңіл бөлмейтін шаруашылық басшыларының қатаң сын семсерімен түйрелгені де осыдан.

Соңғы жылдары Қарағанды облысының партия ұйымдары, совет, шаруашылық органдары өнеркәсіпке басшылық дәрежесін арттыру, олардың экономикалық көрсеткішін жақсарту бағытында кейбір шараларды іске асырды. Соның бірі—1960 жылы халық шаруашылығы советінің қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, өткізген облыстық экономикалық конференциясы болды. Онда кәсіпорындардың резервін пайдалану жөнінде бірнеше баяндама тыңдалды, секция мәжілістерінде өнеркәсіптің жеке саласына байланысты мәселелер қаралды. Конференцияда облыстың өнеркәсіп, транспорт, құрылыс жұмыстарын жақсартуға бағытталған ұсыныстар жасалып, шаралар белгіленді. Оның көбі кейіннен нақты іске асырылды да. Ал, 1961 жылы халық шаруашылығы советінің бірнеше ірі кәсіпорнында жұмысшы, инженер-техник қызметкерлердің кең мәжілісі өткізіліп, онда мемлекеттік жоспардың сапа көрсеткішін жақсарту мәселелері сарапқа салынды.

Өнеркәсіп қызметкерлерінің экономикалық білімін тереңдету, мамандығын, іскерлігін арттыра түсу мақсатымен қысқа мерзімді курстар ұйымдастырылды. Бұл курстарды көмір өнеркәсібіндегі жоспарлау қызметкерлерінің, еңбекті нормалаушылардың, бухгалтерлердің үш тобы оқып шықты.

Партия ұйымдарының басшылығымен, кәсіподақ, комсомол органдарының көмегімен іске асырылған осындай шаралар кейбір нәтижеге жеткізді. Халық шаруашылығы советінің кәсіпорындарында жеті жыл-

жұмыстың соңғы екі жылында жалпы өнім өндіру көлемі біраз өсті. Көптеген кәсіпорын өткен жылдың өндірістік жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Облыстың өнеркәсібінде еңбек өнімділігі 1960 жылмен салыстырғанда 9 процент өсті. Жаңашылардың, өнертапқыштардың қозғалысы біраз қанат жайды. Қарағанды көмір комбинаты былтыр жоспардан тыс 144 мың тонна отын шығарды. Биылғы бірінші тоқсанда жоспардан тыс шығарылған көмірдің мөлшері 127 мың тоннаға жетті.

Облыс бойынша жұмысты кәзіргі талапқа сай істеп келе жатқан өндіріс машиналары мен жабдықтың қоры аз емес. Соның бірі — Пархоменко атындағы машина жасау заводы. Мұнда жалпы және товарлы өнім шығару жоспары әрдайым асыра орындалады, еңбек өнімділігі жоғары, өнімнің түсірілу құны төмен. Ал, еңбек өнімділігінің өсу мөлшері жалақының өсу мөлшерінен ылғи озық келе жатыр. Завод 1955 жылдан бері жұмысты орындауға істейді. Жұмыста үздік табысқа жетіп, социалистік жарыста жеңіп шыққаны үшін завод сегіз жыл ішінде 15 рет ақшалай сыйлық, КСРО Министрлер Советінің, Қазақ ССР Министрлер Советінің, ЦК КПС-тың, кәсіподақтың Қарағанды облыстық советінің, халық шаруашылығы советінің ауыспалы Қызыл туларын бірнеше мәртебе жеңіп алды. Оның шығаратын өнімдері республикадан тыс жерлерге жөнелтіліп жатады. Оның машиналарын ұлан-байтақ Отанымыздың Кузбасс, Донбасс сияқты көмір бассейндерінен, Воркута, Тула, Сахалин, Кемерово, Прибалтика өңіріндегі көмір өнеркәсібі орындарынан жиі кезіктіруге болады. Заводтың өнімдері Қытай, Чехословакия, Вьетнам, Конголия сияқты халықтық демократия елдеріне де жіберіліп тұрады.

Завод коллективі өткен жылы да үздік табысқа ие болған. Завод жұртшылығы өнім шығару тапсырмасын едәуір артық орындауымен бірге жұмыстың техника-экономикалық көрсеткішін жақсартып, арта түсу, өндірісті, еңбекті ұйымдастыру дәрежесін көтеру, соның негізінде еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің түсірілу құнын кеміту жөнінде де сәтті кадам жасады. Еңбек өнімділігін арттыру жоспары едәуір асыра орындалды. Көмекші жұмыста істейтін адам саны мықтап азайды. Сол сияқты қолмен атқарылатын еңбектің үлесі бірқыдыру кеміді. Еңбек өнімнің түсірілу құнын белгіленген мөлшерден кеміту есебінен ғана 2 мыңнан астам сомның пайдасы келтірілді.

Заводта өндіріс жұмысын механикаландыру, автоматтандыру дәрежесін үздіксіз көтеру жолында қажырлы күрес жүргізілуде. Цехтың жабдығынан болса да жұмысы өнімді жаңа машина-жабдықтың орнатылғанын көресіз.

Заводта 1962 жылдың алғашқы айларының жұмыс қорытындысы жақсы жұрт сүйсінерліктей. Еңбек өнімділігі үш айда 17,7 процент артса, жұмысшылардың орташа жалақы мөлшері 1,7 процент өсті. Сөйтіп, еңбек өнімділігінің өсімі жалақы мөлшерінің өсуінен үздік артық. Ал — қуанарлық жәйт. Товарлы өнімнің әрбір сомына жұмсалған шығын кәзір күрт кеміп отыр.

Заводтың партия ұйымы (секретары М. И. Красноперов жолдас) және кәсіподақ комитеті (председателі А. Е. Мошонин жолдас), дирекциямен келісе отырып, коллектив арасында социалистік жарыстың нақты да пәрменді болуына зер салуда. Завод коллективі коммунистік еңбек коллективі деген құрметті атаққа ие болу үшін күресуде. Кәзіргі уақытта өзінде 11 бригада осындай құрметті атақты жеңіп алған. Жұмысшылар жаппай оқиды. Мысалы, 109 адам озат тәжірибе мектебіне, 150 адам қосымша мамандық алу курсына, 142 адам өндірістік-техникалық оқу орнына қатысады. Кешкі институттарда, техникумдарда, жұмысшы жасар мектебінде өндірістен қол үзбей оқитындар мұның сыртында. Завод анында кен техникумының кешкі бөлімшесі бар.

— Жұмысшылардың өндірістік мамандықты, жалпы білім дәрежесін арттыруға деген құштарлығы барған сайын арта түсуде, — дейді

партия ұйымының секретары Михаил Иванович Красноперов жолдас. — Мұның өзі адамдарымыздың саналылығын арттырып, ой-өрісін кеңейтумен бірге өндіріс жұмысына жақсы ықпалын тигізіп отыр.

Қоғамдық негізде конструкторлар бюросы жұмыс істейді. Олардың жұмысына белсенді қатысушылардың қатарынан жұмысшы Б. Тоқмағамбетов, мастер Б. Иманғалиев, конструктор Мұстафин, Менкет жолдастарды кездестіруге болады. Заводта өндіріс техникасын жетілдіру жұмыстың барлық түрін механикаландырып, автоматтандыруға бұлардың әрқайсысының сіңірген еңбегі зор.

Завод жұмысының үнемі алға басуын, оның әсіресе экономикалық көрсеткішінің жақсы болуын қамтамасыз етіп отырған негізгі екі жайды атап өтуге тура келеді. Біздің пікірімізше, оның бірі—мұнда ынталы мағы күшті, ұйымшыл коллективтің қалыптасуы, кадрлардың жұмыста үнемі тұрақты болуы. Завод іргетасын қалағаннан бастап күні бүгінге дейін тапжылмай істеп келе жатқан адамдар көп. Сондықтан оларды коллектив әрдайым қадір тұтып, сый-құрметке бөлейді. Осындай еңбек ардагерінің қалың тобынан он саусағынан өнер тамған Бақтыбай Әукенов, бүкіл семьясы дерлік осы заводта істейтін инженер Александр Дипнер, ұста Иманбек Ахметжанов, қалыптаушы Василий Богомоллов, слесарь Орынбай Шаламбаев жолдастардың есімін кездестіреміз. Бұлар 25—30 жылдан бері осында жұмыс істеп, коллектив өмірімен біте қайнасып келе жатқандар. Олардың әрқайсысы талай жас түлекті баулып, тәрбиелеген.

Завод еңбеккерлерінің көкейіне экономика мәселелері берік қонған. Коллектив табысының екінші бір сыры міне осында деп білеміз. Кіммен сөйлессеңіз де—қатардағы жұмысшымен, мастермен, инженермен сөйлессеңіз де—олардың учаске, цех, бригада, бүкіл завод жұмысына қамқоршы екенін, олардың еңбегінің өнімді, жұмысының берекелі болуын қалайтынын сезесіз. Біз мұны завод цехтарын аралап, жұмыс жайымен танысқанымызда өз көзімізбен көріп, білдік.

Партия ұйымының тікелей басшылығы арқасында коллектив республикалық конференцияға даярлықты жақсы жүргізді. Ірі цехтың бәрінде, сондай-ақ бүкіл завод бойынша экономикалық конференция болды. Онда қаралған мәселелердің тақырыбы сан-алуан. Оның ішінде материалды үнемдеудің тың мүмкіндігі, жаңа технологияны қолдану шарасы, еңбек өнімділігін арттыру резервтері, жұмыс уақытын тиімді пайдалану жолдары, шығарылатын өнімнің сапасын жақсарту түсу әдістері туралы мәселелер бар.

Жалпы заводтық конференция «Өндіріс резервтерін заводтың жетіжылдық тапсырманы мерзімінен бұрын орындауына жұмылдырайық» деген ұранмен өтті. Экономикалық конференцияның жұмысына жұмысшы, инженер-техник қызметкерлер, цех бастықтары белсене қатысып, кәсіпорынның жұмысын, оның техникалық-экономикалық көрсеткішін жақсартуға, тың мүмкіндіктерді ашуға бағытталған құнды ұсыныстар енгізді. Мысалы, заводтың жоспарлау бөлімінің бастығы Е. Ф. Ценкер жолдас мынадай қызықты есеп жасағанын хабарлады. Егер смена сайын бос қарап тұрушылықты бір минут қысқартса, жылына 500 мың сомның өнімін қосымша өндіруге болады. Тек металл конструкциясы цехы бойынша жұмсалатын металдың шығынын бір процент азайтса, ай сайын төрт тонна, жылына 48 тонна металл үнемдеуге мүмкіндік жасалады, ал бұдан әрқайсысы 4 тонналық ысырғыш 15 конвейерді қосымша жасауға болар еді.

Конференцияда жасалған ұсынысты жинақтап, қорытып, іске асырудың бар амалын жасау—завод басшыларының, мұндағы қоғамдық ұйымдардың құрметті міндеті. Мұның өзі заводты қайта құру, жеті жылдықта өндіріс қуатын екі есе ұлғайту, жұмысты онан әрі механикаландырып, электр қуатымен болат балқыту, пісіру пештерінің жұ-

автоматтандыру жөнінде белгіленген шараларды іске асыруға себін тигізеді.

Техникалық прогресс көмір өнеркәсібінде де шахталар мен байыту техникалары жұмысы өнімді де мінсіз машина-жабдықпен қамтамасыз етуді керек етеді. Мұны пархоменкошылар жақсы түсінеді.

Бірақ Қарағанды облысындағы машина жасау заводтарының бәрі бірдей жұмысты осылайша жақсы істеп отырған жоқ. Өткен жылы облыстық шаруашылығы советіне қарайтын машина жасау кәсіпорындағының көбінде жұмыстың жайы берекесіз болды. Олар ленталы конвейерлер, мұнаралы кран, шахтаға арналған стандартты жабдық әзірлеу жұмыстарын орындай алмады. Еңбек өнімділігінің өсуі жетіжылдықта белгіленген мөлшерден едәуір кенде қалды. Товарлы өнімнің әрбір мыңына жұмсалатын шығын нормадағыдан асып кетті.

Үстіміздегі жылдың алғашқы тоқсанында Қарағанды халық шаруашылығы советінің машина жасау басқармасы бойынша өндірістік жұмыстар жалпы орындалғанымен, товарлы өнімнің түсер құны 399 мың сомға қымбаттады. Сол сияқты өнімнің сапасыз шығарылуынан, металл жұмыстың отынның, электр қуатының бей-берекет жұмсалыуынан, өнімсіз жұмыстардың көбеюінен бірқатар завод үлкен зиян шекті.

Жаңа Қарағанды заводтарының жұмысты жақсы істеуіне жағдайы жақсы: мұндағы өндірістік орын, цехтар жаңа үлгі бойынша салынған, жерінде сан-алуан түрлі жаңа техника, станок орнатылған. Бірақ зауыттың жұмысы осы бай мүмкіндікке ешбір сай емес. Бұл негізінен цехтардың басшыларының, алдымен завод директоры Станкевич жолдарының оралымсыздығынан болып отыр. Заводта өндірісті ұйымдастыруда, адамдарды тәрбиелеуде, олардың жауапкершілігін арттыруда шағын жұмысшылық көп. Былтыр товарлы өнім өндіру жоспары 89 процент орындалды.

Бұл заводтағы ірі кемшіліктің бірі — еңбек өнімділігі дәрежесінің төмендігі. Істің жайы кәзір де оңып отырған жоқ. Заводтағы бағалы жұмыс орнына бірінші тоқсанда 258 мың сомның зиянын шектен тыс шахтаға арналған 128 тонналық түрлі машина-жабдықты, 97 тіреуіш тапсырмадағыдан кем берді. Товарлы өнімнің түсер құны 200 мың сомға қымбаттады. Мұнда бағалы заттар нормадан көп жұмсалып, завод ауласында бей-берекет шашылып жатыр. Сол сияқты жұмысы аяқталмаған құрылыс орны да көп. Бұл жағдай кәсіпорындағы, әсіресе финанс жағдайын өте нашар күйге әкеліп соқтырып отыр.

№ 2 заводтағы істің жайы бұдан да мүшкіл. Мұнда да жұмыс төрттен бірідей ақсаулы. Былай деуіміздің себебі бар. Завод 1961 жылы товарлы өнім өндіру, өнімнің түсер құнын кеміту, еңбек өнімділігін арттыру, соның негізінде шығарылған өнімнің әрбір сомына кейін шығынды азайту жөніндегі жоспарлардың бірде-бірін орындаған жоқ. Биылғы жұмысы да берекесіз. Бірінші тоқсанда 155 мың сомның зиянын жасалды. Мұнда жалақының өсу мөлшері еңбек өнімділігінің мөлшерінен 0,9 процент артық.

Осы тәрізді кемшіліктер басқа да заводтардың жұмысынан орындалып отыр. Халық шаруашылығы советінің, оның әсіресе машина жасау өнеркәсібі басқармасының (бастығы Чудинов жолдас) іргесінде отырса бұл заводтарды олқылықтан шығаруға тиісті шара қолданбай отырып, оны таңымыз бар.

Коммунистік еңбек коллективі деген құрметті атаққа республикамыздың бір өнеркәсібінде тұңғыш рет ие болған № 35 шахтаны кім білмейді. — Қарағанды көмір комбинатының, бүкіл облыстың мақтанышы. Шахта кеншілері бұл абыройға өздерінің үздік еңбегімен, үлгі-өнегелі еңбегімен жетті. Қазыналы жер қойнауынан қара алтын шығарып жатпай, майталман кеншілер туралы, олардың қиын да қызық еңбегі туралы алы сөз еткенде ауызға алдымен ілінетін де осы шахта. Бұл заңды

да. Мұнда жарыс туы әрқашанда жоғары ұсталады. Қарағанды көмір ошағында экономикалық көрсеткішті жақсарту жолындағы жорықты бастаушы да осы коллектив.

Жұмыста қызу қарқыннан танбау, көмір шығаруды тасқындата еселеп арттыра беру—№ 35 шахта коллективінің бойына біткен игі қасиет. Сондықтан мұнда еңбек өнімділігінің өсуі әрдайым жоғары, ол жалақының өсу мөлшерін ұдайы кейін қалдырып отырады. Оны мына төмендегі кестеден аңғаруға болады.

	Жоспардың орындалуы (процент есебімен)			
	1958	1959	1960	1961
Еңбек өнімділігінің артуы	101,2	105,0	112,3	105,7
Жалақының артуы, өсуі	96,8	96,3	100,8	100,0

Еңбек өнімділігінің артуына байланысты шығарылатын көмірдің мөлшері де жыл сайын үнемі өсуде.

№ 35 шахта коллективі жетіжылдықтың басынан бері 110 эшелон көмірді жоспардан тыс жөнелтті. Көмірдің түсер құнын кеміту есебінен ғана 500 мың сом қаржы үнемделді. Кәзір әрбір жұмысшы ай сайын екі тоннадан астам отынды тапсырмадан тыс шығарады. Шахта әр айда екі-үш күн үнемделген материалмен жұмыс істейді. Былтыр осының есебінен 40 күн жұмыс істелді. Кен комбайндарының жұмыс өнімділігі жоғары. Мысалы, «Донбасс I» комбайнымен ай сайын жоспардан 10 500 тонна орнына 11 316 тонна көмір қазылуда. Сөйтіп шахта биылғы жылдың алғашқы үш айында көмір шығарудың жоспарын 103 процент орындады.

Шахта басшылары (бастығы Т. Ф. Қасилов жолдас), партия ұйымы (секретары Қ. Түсіпов жолдас) кеншілердің барлық күш-жігерін шығарылатын отынның түсер құнын үнемі төмендету, жұмыстың пайдалылығын арттыру күресіне жұмылдырып келеді. Шахтаның шығаратын көмірі комбинат бойынша өте арзанға түсірілуде. Мысалы, 1958 жылы көмірдің әрбір тоннасының түсер құны 8 сом 44 тиын болса, ол былтыр 7 сом 51 тиынға, биылғы бірінші тоқсанда 7 сом 35 тиынға дейін кемітілді.

Шахтада техниканы өнімді пайдалануға ерекше назар аударылады. Мұнда ленталы, ысырғыш конвейер, саналуан көтеру тетігі, желдеткіш қондырғы автоматтандырылған, бірнеше лавада еңбек тәуліктік комплекс әдісі бойынша ұйымдастырылған. Бұл шаралар жұмыстың мәдениетін көтеруге, кеншілердің еңбегін едәуір жеңілдетуге, еңбектің өнімділігін арттыруға, көмірдің түсер құнын кемітуге жеткізді. Сонымен қатар ол көмекші жұмысшылар санын 146 адамға азайтуға мүмкіндік берді.

Шахта коллективі жақында өткен экономикалық конференцияда кәсіпорынның сапа көрсеткішін онан әрі жақсарту туралы жанжақты сөз етті. Онда көмір шығарудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындау, еңбек өнімділігін былтырғыдан 5 процент өсіру, көмірді шабу, құлату жұмысын түгел механикаландыру, кен жолын ашудың машинамен атқарылуын күшейту, кен комбайнның жұмыс өнімділігін айына 500 тоннаға арттыру, көмірдің әрбір тоннасының түсер құнын 10 тиын кеміту жөнінде нақты шаралар белгіленді.

Қарағанды көмір бассейнінде өзінің техникалық-экономикалық көрсеткіші жағынан № 35 шахтамен үзеңгілес келе жатқан коллектив № 70 шахта кеншілері болып отыр. Олар жеті жылдың басынан бері жоспардан тыс 192 эшелон көмір берді. Соңғы кезде көмір шығару жөнінен бұл шахта басқалардан едәуір алда жүр. 1961 жылы мұнда

өнімділігін өсіру жоспары асыра орындалды. Жыл қорытынды-
да 87 мың сом үнемделді. Еңбек өнімділігінің өсуі жалақының өсу
лерінен 27 процент артық.

Шахта коллективі қол жеткен табысты баянды етіп, биыл да жұ-
мысты өнімді істеуде. Өткен төрт айда жоспардан тыс 24 мыңнан аса
өнімді отын өндірді. Еңбек өнімділігі тапсырмасы да асыра орындалды.
өнімнің әрбір тоннасының түсер құны 10 тиын төмендетіліп, соның
арқасынан 27 мың сом үнемделді.

Кен техникасының жаңалығы алдымен осында сыннан өткізіледі.
«К-52 м» машина комплексі осы шахтада бірінші болып қолданылды.
«Комбасс» комбайнымен салыстырғанда оның жұмыс өнімділігінің
көп екені байқалды. № 2 учаскенің кеншілері апрель айының
соңында комбайнмен 50 мың тонна көмір шығарды. Ал кейбір күндері,
мысалы, 21 апрельде төрт сменада шығарылған көмір 2765 тоннаға
жетті. Ал тәуліктік тапсырма тек 855 тонна болатын. Қазір шахта
жұмысшылығы жұмыс қарқынын онан әрі үдетіп, август айының есебіне
жеткізілді.

Шахтада өткізілген экономикалық конференция көмір шығару мөл-
дерін еселеп ұлғайтудың, еңбек өнімділігін мықтап арттырудың, отын-
ның түсер құнын кеміте берудің, жұмыс уақытын, машина-жабдықты
өнімді пайдаланудың және экономикалық басқа көрсеткішті жақсарту
жолдарын жаңа резервтерін ашты.

Дегенмен, Қарағанды көмір комбинатының басшылары, партия
жұмысшылары озат кәсіпорындардың, әсіресе біз жоғарыда мысалға кел-
ген шахталардың жұмыс тәжірибесін жанжақты зерттеп, оны көп-
шіліктің игілігіне айналдырумен шұғылданбай отыр. Ол ол ма, еңбек
өнімділігін арттырудың озық тәсілдерінің өндіріске енгізілуі де шабан. Бір
деңгейде цикл алу графигі бойынша жұмыс істеуге көшкен лава, жеке
шахталар көбейген болатын. Қазір бұл әдіс ұмытылуға жуық. Цикл
аулу графигімен жұмыс істейтін бүтіндей шахтаның болмай отырғаны
қандай да дәлел.

Бұдан біраз уақыт бұрын Луганск шахтерлерінің сменалық тапсыр-
маны бір сағат ерте орындап, үнемделген осы уақытта жоспардан тыс
өнім беру жөніндегі бастамасы Қарағандыда да кен қолдау тапқан.
Қазір бұл сезілмейді. Мұндай елеулі резервті елемеушілік Қара-
ғанды қалалық, аудандық партия комитеттерінің жұмысындағы үлкен
кемшілік болып отыр.

Шахталардың көбінде жұмысты түгел механикаландыру, автомат-
тандыру шаралары жөнді іске асырылмай келеді. Жетіжылдықтың ая-
на дейін он шахтада жұмыстың тұтас механикаландырылуы белгі-
ленген. Бірақ бұл шараны іске асыру әлі басталмаған. Көмір шы-
ғаратын машина комплекстерінің дені іске қосылмай, босқа жатыр.
Мұндай жағдай, әсіресе Октябрь, Киров, Саран көмір трестерінің шах-
таларында орын алған. Жоғарыда айтылғанындай, «К-52 м» машина
комплексі № 70 шахтада қолдану жақсы нәтиже беріп отыр. Бірақ
оның тәжірибесін таратумен ешкім шұғылданбай келеді. Ал бұл ма-
на комплексін іске қосу еңбек өнімділігін 25 процентке дейін артты-
рды, көмірдің түсер құнын 15 процент төмендетеді.

Бірақ осындай елеулі резерв пайдаланылмай отыр. Комбинат бо-
лса кен машина-жабдығын, әсіресе комбайндарды пайдалану жайы
нағаттанғысыз. Комбинаттағы 38 шахтаның 17-де ғана көмір бірінші
комбайнмен өндіріледі. Ал, басқаларында қол еңбегі әлі де басым.
Есейінді тұтас алғанда биыл бірінші тоқсанда 128 кен комбайны кө-
мір шығаруға қатыстырылмады. Комбайн жұмысының өнімділігі, әсі-
ресе №№ 19, 20-бис, 23/83 шахталарында мәз емес. Көмірді қырға
шығару, порода тиеу-түсіру машина-жабдығының пайдаланылуы да на-
ғаттанғысыз.

Өндіріс жұмысын ұйымдастырудағы осындай шалағайлықтардың аяғы үлкен олқылыққа әкеліп соғып отыр. Рас, Қарағанды көмір комбинаты жоғарыда айтылғандай, отын өндірудің жылдық, тоқсандық жоспарын үнемі асыра орындайды. Бірақ осы орташа цифрдың, жалпы көрсеткіштің көлеңкесінде үлкен олқылық бар. 1961 жылы 11 шахта биыл бірінші тоқсанда 10 шахта, 75 учаске көмір шығару тапсырмасын орындамады. Киров көмір тресіндегі 9 шахтаның жетеуі жоспарды орындай алмай, 78 мың тонна көмірге борышты болып қалды. Сонымен бірге кәсіпорындарда экономикалық көрсеткіштердің деңгейі режесі мүлде төмен. Мысалы, еңбек өнімділігінің төмендігінен бытыр комбинат бойынша алты миллион сом зиян шекті. Биылғы үш айда жиырма шахта еңбек өнімділігін арттыру тапсырмасын орындаған жоқ. 25 шахтада шығарылған көмір жоспардағыдан едәуір қымбатқа түсіп, бұдан жасалған шығын 2 миллион 800 мың сомға жетті.

Еңбек өнімділігі, өнімнің түсер құны сияқты экономикалық көрсеткіштердің осылайша құлдырауы облыстағы басшы партия, шаруашылық ұйымдарының көз алдында болып жатыр. Ал, Қарағандыда көмір өнеркәсібіне басшылық етуге тиісті орындар аз емес. Халық шаруашылығы советі, көмір комбинаты, трестері, олардың толып жатқан бөлімдері бар. Амал не, нақты ұйымдастыру жұмысын жүргізудің орнына олар өз уақытының көбін нұсқау жазумен, мәжіліс құрумен өткізеді.

Облыста кәсіпорындардың жұмыс сапасына, олардың экономикалық көрсеткіштеріне талдау жасайтын ғылыми орталық жоқ. Өнеркәсіп саласында жоспарды орындау, еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің түсер құнын кеміту резервтерін ашуға жұртшылықтың күшін пайдалану ойдағыдай емес. Жаңашыл, өнертапқыштардың қоғамы, конструкторлардың қоғамдық бюросы, тұрақты жұмыс істейтін кеңестер көп жерде жоқ. Ал экономикалық талдаудың қоғамдық бюросы мұнда осы уақытқа дейін құрылмаған. Қарағанды халық шаруашылығы советіндегі, облыстық партия комитетіндегі кейбір басшы қызметкерлермен сөйлесіп, осындай бюро бар ма, деп сұрағанымызда олар бұдан бейхабар екенін аңғартты. Ал, облыстық партия комитетінің өнеркәсіп бөлімінің меңгерушісі Е. И. Сорокин жолдас ол не қылған бюро деп таңданды.

Бірсыпыра кәсіпорынында экономикалық конференция асығыс түрде атүсті өткізілді. Олардың кейбіреуі күнделікті өндірістік кеңеске ұқсады.

Мұның бәрі біз сөз еткен облыстың машина жасау, көмір өнеркәсібінде жоспарды жалпы сан жағынан орындауға ғана мән болып экономикалық мәселелерге назар аударылмайтынын ыспаттайды. Бұ арада Н. С. Хрущев жолдастың мына бір сөзін еске түсіруге тура келеді. Ол былай деген болатын: «Шаруашылықты социалистік жолмен жүргізу кәсіпорындар... қызметінің экономикалық жағын білгірлікпен терең талдай білуді талап етеді. Мемлекет ақшасын есептей білуді дағдыланбаған, не болмаса оны есептей білмейтін, өз міндетін тек жоспарды орындау деп қана білетін қызметкерлерді шаруашылық құрылыстың басшылығында ұстап отыруға болмайды». Міне, мұны әрдайым есте тұту керек.

З. АЙТМАҒАМБЕТОВ

Қарағанды.

Өндірістік басқармалардың алғашқы қадамы

П. КРЮЧКОВ,

*Қазақстан КП Орталық Комитеті ауыл шаруашылығы бөлімі
меңгерушісінің орынбасары*

Партияның Орталық Комитетінің март Пленумы саяси-шаруашылық маңызы орасан зор мәселе қарады. Н. С. Хрущев жолдастың аяндамасы мен қорытынды сөзінде, Пленумның қаулысында ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде партия Программасында белгіленген биік белеске шығудың жолдары, колхоз, совхоз экономикасын нығайтып көтерудің болашағы белгіленді.

Таяудағы жылдары ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді екі-үш есе ұлғайту міндеті алға қойылды. Бүкіл халықтың, бүкіл партияның ісіне айналып отырған бұл құрметті міндетті орындауда Қазақстан қол жеткен орын алуға тиіс. Тың игеру жорығында ерлік көрсеткен республикамыздың колхоздары мен совхоздары күрделі де қуатты техникамен қаруланған, егіншілік пен мал шаруашылығының барлық саласын күрделі өркендетуге олардың мүмкіндігі мол. Бірақ осы бай мүмкіндік сарқара пайдаланылмай келеді. Бұл кемшілік март Пленумында қатаң сынға алынды.

Соңғы жылдары партия, совет ұйымдарының колхоз, совхоздарға басшылығы бәсеңдеуі, егіншілік пен мал өсіру мәдениетінің төмендігі салдарынан республикада ауылшаруашылық өнімдерін өндірудің өсу қарқыны жетіжылдықта белгіленген межеден кенже қалып қойды. Жылтыр жетіжылдықтың бақылау цифрлары бойынша белгіленгендегіден астық 400 миллион пұт, ет 90 мың тонна, сүт 300 мың тонна кем өндірілді. Егіншілігі басым аудандарда астық өндіру мен дайындаудың тым артта қалуына жол берілді.

Колхоз, совхоз басшылары мен мамандары егіншілік мәдениетін арттырып, ауыл шаруашылығы жұмыстарын қолайлы мерзімде өткізе алмай жатқан жерде дәнді дақылдардан мол өнім жиналып жүр. Мұны соңғы жылдардың тәжірибесі айқын көрсетіп отыр. 1961 жылы «Мамлют» совхозы 10 мыңдай гектар бидайдың әр гектарынан 20,1 центнер, «Петропавл» совхозы 10 800 гектардың әр гектарынан 17,5 центнер өнім алды. «Федоров», «Қиялы», «Кантемировец» совхоздарының жинаған өнімі гектар басы 11—14 центнерден айналды. Жеке озаттардың қол жеткен табыстары бұдан да жоғары болды. Мысалы, «Кантемировец» совхозында Б. Поездников жолдастың бригадасы 725 гектар бидайдың әр гектарынан орта есеппен 26 центнер өнім жинады.

Амал не, егіншілікті жоғары дәрежеде өркендетіп, астық өндіруді ұлғайтып келе жатқан озаттармен бірге кенже қалып жүрген шаруашылықтар әлі көп. Оларда, әсіресе астықтың түсімі төмен.

Партияның Орталық Комитетінің март Пленумы атап көрсеткендей, республика мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөнінде де артта қалып, жетіжылдық жоспардың тапсырмаларын орындай алмай келеді. Әсіресе Алматы, Ақтөбе, Жамбыл, Семей облыстарында ет, сүт өндірудің қарқыны тым баяу болып жүр.

Астық, ет, сүт және басқа өнімдер өндіру қарқынының төмен болып келуінің негізгі бір себебі — осы уақытқа дейін ауыл шаруашылығын басқарудың дәйекті жүйесі болмады. Бүкіл елдегі сияқты республикамыздағы ауыл шаруашылығын басқару жүйесі өскелең талап-

қа, бүгінгі күн міндетіне сай келмеді. Ал, мұнын өзі колхоздар мен совхоздардың мүмкіндігін толық пайдалануға кедергі жасады.

Асылында, ауыл шаруашылығын іскер, шебер басқаратын, өнім өндірумен және дайындаумен тікелей шұғылданатын, колхоз, совхоздардың мұн-мұқтажын жете ескеріп отыратын, жерді, техниканы неғұрлым тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін, оған жауапты органдар болған жоқ. Республикада ауыл шаруашылығы жөнінде басшы ұйымдар аз болмады. Екі министрлік — ауыл шаруашылығы, дайындау министрліктері, совхоздардың екі басқармасы (Алматы мен Целиноградта) жұмыс істеді. Бірақ колхоздар мен совхоздардағы істің жайына осылардың қайсысы тікелей жауап берді? Іс жүзінде мұндай ұйым болған жоқ. Осы уақытқа дейін ауылшаруашылық органдары қарап жазумен ғана айналысып, өндірісті ұйымдастырумен тікелей шұғылданбады, әр шаруашылықты өркендетуге ықпалын тигізбеді.

Март Пленумының қаулысына орай ауыл шаруашылығын басқару аппараты түбірінен қайта құрылды. Республикалық, өлкелік және облыстық ауыл шаруашылығы комитеттері құрылды, оларды тиісті партия комитеттерінің бірінші секретарьлары басқарады. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және дайындау министрлігі, олардың өлкелік, облыстық басқармалары ұйымдастырылып, жұмыс істеп жатыр.

Ауыл шаруашылығы өндірісін басқарудың негізгі буыны — колхоз-совхоз өндірісінің территориялық басқармалары. Кәзір республикада ауданаралық 61, аудандық 8 өндірістік басқарма құрылып, жұмысқа кірісті. Ал, Гурьев, Қызылорда облыстарында ауыл шаруашылық өнімдерін өндіруге және дайындауға облыстық басқармалар басшылық етеді.

Басқарудың мұндай құрылымы ауыл шаруашылығын өркендетудің жаңа кезеңіне толық сайма-сай келеді, ол басшылықты жергілікті орындарға жақындатуға, колхоз, совхоз өндірісін нақты, жедел істі байыбына жете біле отырып басқаруға мүмкіндік береді. Территориялық өндірістік басқармалардың қарамағында 15-тен 40-қа дейін шаруашылық бар. Олардың ең үлкендері — Мартөк, Алға, Өскемен, Жанасемей, Түркстан, Шымкент басқармалары. Бұлардың әрқайсысына 40—52 шаруашылық қарайды.

Өндірістік басқармалардың қандай екенін мына мысалдардан көруге болады. Көкшетау облысындағы Қызылту совхоз басқармасы Ленинград, Қызылту аудандарының 28 шаруашылығын қамтиды. Олардың 926 мың гектар өгісі, 46 мың ірі қарасы, 99 мыңдай қойы бар. Өндірістік басқарма бойынша биыл мемлекетке 33 миллион пұт астық, 6 мыңдай тонна ет, 13 мыңнан астам тонна сүт сатылуға тиіс. Қостанай облысындағы Октябрь өндіріс басқармасының совхоздары 940 мың гектарға егін салады, мұндағы шаруашылықтарда ірі қара мен қойдың саны 90 мыңнан асады. Басқармаға қарайтын совхоздар биыл Отан қоймасына 36 миллион пұт астық құяды, бес мың тоннадан астам ет, тоғыз мың тоннадан артық сүт сатады. Демек, бұл басқармалар негізінен өгіншілік мәселесімен шұғылданады. Мұнда астық өндіруді арттыру — жедел міндет. Ал, Алматы облысындағы Қаскелең совхоз-колхоз өндірістік басқармасы Жамбыл, Балқаш, Қаскелең аудандарының 21 совхозы мен 12 колхозын біріктіріп отыр. Бұлардың өгіс көлемі 300 мың гектардан асады. Басқарма мемлекетке жыл сайын 4 миллион пұт астық сатуға тиіс. Бұл басқарманың колхоз-совхозында алпыс мыңнан астам ірі қара бар. Олардың қорасына 800 мыңға жуық қой-ешкі өреді. Демек, бұл басқарма мал шаруашылығына көптен-көп көңіл бөледі. Малды көбейту, оның өнімділігін арттыру мәселелерін шебер шешу, колхозға бұл жөнінде тиянақты көмек беру су қажет.


республиканың партия ұйымдары ауыл шаруашылығын басқару-
жаңа органдарына кадрларды іріктеп алу, оларды орналастыру
едәуір жұмыс істеді. Бұған ауыл шаруашылығын жақсы біле-
тін тәжірибелі қызметкерлер жіберілді. Өндірістік басқарма басшыла-
рдың жоғары білімі бар, олар ауыл шаруашылығының маманда-
лардың ішінде көп жыл бойы басшы партия қызметінде істеген-
дер аз емес. Мысалы, Степной аудандық партия комитетінің бұрынғы
бірінші секретары А. С. Бычков Алға өндірістік басқармасының, Аман-
келді аудандық партия комитетінің бұрынғы бірінші секретары О. Қо-
шев Аманкелді аудандық өндіріс басқармасының бастығы болып іс-
теді. Сол сияқты Вишнево аудандық партия комитетінің бұрынғы
бірінші секретары В. И. Голенищенко, Жәнібек аудандық партия ко-
митетінің бұрынғы бірінші секретары Т. Ишмақов жолдастар облыс-
тық партия комитетінің партия ұйымдастырушылары болып бекітілді.
Территориялық өндірістік басқармалардың негізгі міндеті — әр
бір совхозда өндірісті дұрыс ұйымдастыру, жер мен техника-
лық қымды пайдаланылуын, еңбек пен қаржыны аз жұмсай отырып,
жерден жерден өнімнің неғұрлым мол алынуын қамтамасыз ету.
Партияның Орталық Комитетінің март Пленумында жасаған баян-
дында Н. С. Хрущев жолдас былай деп атап көрсетті: «Кәзір ауыл
шаруашылығындағы басты мәселе ұйымдастыру мәселесі — адамдар-
ды іріктеп алу және үйрету болып отыр. Ал бұл істе өндірістік колхоз-
дар басқармалары маңызды роль атқаруға тиіс. Жаңа органдардың
әрбір жұмыстарға алаңдамай, ауыл шаруашылығы өндірісінің
қажеттерімен күнбе-күн шұғылданып отыруы қажет». Міне бұл нұс-
қа күнделікті жұмыста басшылыққа алып отыру керек.

Сөйлеп келгенде, жаңа басқарманың бүкіл жұмысы ауылшаруашы-
лық өнімдерін өндіру мөлшерін үрдіс ұлғайтуға, сөйтіп ол өнімдерді
қажетке сатудың жоспарын абыроймен орындауға, әрбір шаруашы-
лықта қажетті тұқым, жем және басқа қоғамдық қор жасап отыруға
қатыналуы шарт. Бұл үшін жаңа органдардың қызметкерлері ғылым
жетігін, озаттардың, үлгілі шаруашылықтардың тәжірибесін өндіріс-
пен тереңірек танып біліп, олармен бірге еңгізіу арқылы дақылдардың түсімін, малдың өнім-
ін мейлінше арттыруға міндетті. Осыған орай колхоздар мен сов-
хоздарда еңбек ұйымдастыруға, оны нормалауға, еңбекке ақы төлеуге
қатынастар назар аударылуға тиіс. Өйткені, астық, ет, сүт және басқа өнім-
дерді өндіруге колхозшыларды, совхоз жұмысшыларын бүкіл ауыл-село
шаруашылығын материалдық жағынан ынталандыру — ауыл шаруашы-
лығын мықтап өркендетудің мықты құралы болып саналады.

Март Пленумының қаулысына сәйкес колхоздарда еңбекке қосым-
ша ақы төлеу, совхоздарда кесімді-сыйлық беру тәртібін дәйектілік-
пен қолданудың маңызы зор. Ауыл шаруашылығын басқарудың жаңа
органдары селода басшы кадрлар қатарын толықтыруға, адамдарды
қажетті жаңа әдісіне үнемі үйретіп отыруға міндетті.

Колхоз-совхоз өндірісінің басқармасы — жұмысқа іскер басшылық
орынын, жауынгерлік орган. Ол өндірісті жанжақты зерттеп, терең
біліп, есеп-қисап, бақылау жұмысын өз қолында ұстауға, жұмыстың
қажетін қалған, осал жеріне күшті бағыттап отыруға тиіс. Бұл жаңа ор-
гандардың тәжірибелілігінен, қажеттіліктен мүлде аулақ болып, кол-
хоздар мен совхоздарда нақты ұйымдастыру жұмысын жүргізуге,
қажеттілікпен егіншілік пен мал шаруашылығы шамшырақтарының жұ-
мыс әдісін үйретуге зер салатын болуы керек.

Партия ұйымдары ауыл шаруашылығын басқарудың жаңа орган-
дарына, олардың кездескен қиыншылықтарды жеңуіне жанжақты кө-
мек көрсетіп отыруға міндетті.



Жаңа басқармалардың бірсыпырасы март Пленумының алға қойған міндеттерін орындау бағытында сәтті қадам жасай бастады. Орал облысындағы Орал өндірістік басқармасы дәнді дақылдар егісін дер кезінде жақсы өткізді. Жоспар бойынша 487 мың гектардың орнына, 502 мың гектар дәнді дақылдар егілді. Оның ішінде бидай егу жоспары 106 процент орындалды.

Сол сияқты Целиноград облысындағы Атбасар совхоз өндірісі басқармасы дәнді дақылдар егу жоспарын асыра орындап шықты. Қостанай облысында Аманкелді совхоз өндірістік басқармасы дәнді дақылдарды егуді агротехникалық қолайлы мерзімде аяқтады. Алматы облысындағы Қаскелен, Жамбыл облысындағы Свердлов, Жамбыл өндірістік басқармалары қант қызылшасын қысқа мерзімде егіп бітірді. Қазір қызылша плантациясында егісті күту жұмысы қызу жүргізіліп жатыр.

Ауыл шаруашылығын бүтінгі күн талабына сай мықтап өрге бастыру партия басшылығының дәрежесіне, партия мен үкіметтің қаулы-қарарларын орындауға бақылаудың жайына тікелей байланысты. Міне, сондықтан да территориялық өндірістік басқарма жанынан партиялық-саяси аппарат құрылды. Онда облыстық партия комитетінің партия ұйымдастырушыларымен қоса нұсқаушылар тобы жұмыс істейді. Бұл ұйымдастырушылардың дені бұрын көп жыл бойы партия, совет қызметінде болып, үлкен тәжірибе мектебінен өткен, саяси жағынан шыныққан адамдар. Олардың ұйымдастырушылық тәжірибесі мол, ауылшаруашылық өндірісін жақсы біледі. Ұйымдастырушылардың көпшілігі бұрын аудандық партия комитеттерінің бірінші секретарьлары болып істеген. Мысалы, Алматы облысындағы Киров аудандық партия комитетінің бұрынғы бірінші секретары Ю. Раджибаев колхоз-совхоз өндірісінің Алматы басқармасында облыстық комитеттің партия ұйымдастырушысы, Жамбыл облысында Меркі аудандық партия комитетінің бұрынғы бірінші секретары К. Жүндібаев Меркі өндіріс басқармасында облыстық комитеттің партия ұйымдастырушысы болып бекітілді.

Партия ұйымдастырушылары өзінің негізгі назарын ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді және дайындауды ұлғайтуға, кадрларды дұрыс іріктеп алуға, орналастыруға, оларды мемлекеттік, партиялық тәртіпті қатаң сақтау рухында тәрбиелеуге аударулары керек. Олар аудандық партия комитеттерімен бірлесе отырып, колхоздар мен совхоздарда ұйымдастыру, саяси-бұқаралық жұмыстың дәрежесін жаңа сатыға көтеруге, коммунистерді, комсомолецтерді, ауыл шаруашылығының мамандарын, селонь бүкіл жұртшылығын мемлекеттік жоспарды, социалистік міндеттемелерді абыроймен орындауға жұмылдыра білуі керек. Басқармалар жанынан ұйымдастырылған ауданаралық жаңа газеттердің атқаратын қызметі де зор.

Территориялық өндірістік басқармалар колхоздар мен совхоздарға демократиялық негізде басшылық етеді. Бұл үшін басқармалардың жанынан арнаулы Совет құрылған. Ол Советтің құрамында басқарманың бастығы (ол советтің председателі), облыстық партия комитетінің партия ұйымдастырушысы, облыстық комсомол комитетінің комсомол ұйымдастырушысы, колхоз председателдері мен совхоз директорлары, аудандық партия комитетінің бірінші секретарьлары мен аудандық совет атқару комитеттерінің председателдері, «Сельхозтехника» бөлімшесінің басқарушылары бар. Совет ауылшаруашылық өндірісін ұйымдастырудың және жүргізудің түбегейлі мәселелерін шешуде үлкен роль атқаруға тиіс.

Территориялық өндірістік басқармалардың құрылуы ауыл шаруашылығына басшылық ету жөнінен аудандық партия комитеттеріне үлкен жауаптылық жүктейді. Аудандық партия комитеттері енді колхоз

совхоз өндірісінің барлық саласына бұрынғыдан терең үнілуге, адамдар арасында ұйымдастыру, саяси-бұқаралық жұмысты пәрменді жүргізуге тиіс.

Ауыл шаруашылығын басқарудың жаңа органдары егіншіліктің шөлтанапты жүйесінің тигізген зардабын жою бағытында көп жұмыс істеулері керек. Озаттардың тәжірибесі көрсеткеніндей, ауыспалы егістің шөлтанапты жүйесінен бас тарту, мол өнімді отамалы дақылдарды көп егуге батыл көшу егістік жердің әр гектарынан өнімді анағұрлым мол алуға жеткізеді.

Астық, ет, сүт және басқа өнімдер өндіру мөлшерін үрдіс арттыру міндеті тек жерді пайдалануды мықтап тәртіпке келтіргенде ғана ойдағыдай орындалады. Осы уақытқа дейін бұл жөнінде үлкен кемшіліктердің орын алып келгені мәлім.

1962 жылы республиканың партия, совет, ауылшаруашылық органдары партия мен үкіметтің шешімдерін орындай отырып, егіс көлемінің құрылымын жақсарту жөнінде біраз жұмыс істеді. Жүгері, бұршақ, қант қызылшасы егісінің көлемі ұлғайтылды. Дегенмен, жерді пайдалануда әлі де көптеген ауданда қатаң тәртіп орнатылмай отырғанын айта кету керек. Бірсыпыра шаруашылықта егістік жердің көбін әлі де өнімі шамалы дақылдар алып жатыр.

Мал шаруашылығын өркендетудегі түбегейлі мәселе — жемшөптің берік қорын жасау. Жемшөп болса мал болады, ет, сүт болады. Мал шаруашылығының тағдырын жүгері, қант қызылшасы, жембұршақ шешеді. Бұл қағиданы жұртшылыққа түсіндіру керек. Мәселе осы дақылдарды дұрыс егіп, олардан мол өнім ала білуде болып отыр.

Отамалы дақылдар жүйесін енгізу егіншілік мәдениетін күрт арттыруды, техниканы өнімді пайдалануды, егістік жерді тыңайтумен жете шұғылдануды талап етеді.

Биыл Қазақстанның колхоздары мен совхоздары мемлекетке 900 миллион пұт астық, 225 мың тонна шитті мақта, 800 мың тонна ет, 1 230 мың тонна сүт және басқа өнімдер сатуға бел байлады. Бұл міндеттің орындалуы халықты азық-түлікпен жабдықтауды едәуір жақсартуға мүмкіндік береді. Ауылшаруашылық өндірісін басқарудың жаңа органдарының қызметкерлері осы өнімдерді дайындауды ұйымшылдықпен жүргізуге барлық күш-жігерін жұмсауға міндетті.

Республикамыздың еңбекшілері март Пленумының қаулысына жауап ретінде ауыл шаруашылығын өркендетуде үстіміздегі жылдың өзінде елеулі қадам жасауды мақсат етіп отыр. Колхоздар мен совхоздарда жерді, техниканы жақсы пайдалану, егіннен мол өнім алу, мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жолындағы жарыс күннен күнге қыза түсуде. Ауылшаруашылық өндірісін өркендетудің соны белесіне мүдірмей шығу үшін әрбір колхоз бен совхозда резервті толық тағымды пайдалану керек. Бұл жөнінен оларға нақты көмек көрсету территориялық өндірістік басқармалардың төл ісі.

Ауыл шаруашылығын басқарудың жаңа органдарының жұмысты жемісті атқаруы партияның XXII съезінің алға қойған міндеттерін орындауды жылдамдатады.

Халық — тарихты жасаушы

Т. ЖАНКЕЛДИН,

философия ғылымының кандидаты

Халық бұқарасының тарихтағы ролі туралы мәселені шешуде өзара бітіспейтін, біріне бірі қарама-қарсы тұратын екі бағыт бар. Олар — тарихи материализм бағыты мен идеализм бағыты.

Идеализмнің түрлі өкілдері халық бұқарасының тарихтағы ролін, олардың ғасырлар бойы адамзатқа қажетті материалдық және рухани байлықтар жасаудағы орасан зор, баға жетпес қызметін ескермейді, ескергісі де келмейді. Өйткені олар халықтың творчестволық күшіне сенбейді, оны бағаламайды. Тарихты жасаушы және қозғаушы күшті олар басқа жақтан іздейді. Мысалы, субъективтік идеалистердің бейнелеуінше, дүниежүзілік тарих — тек ұлы адамдардың, қол басшылардың, тағы басқалардың ерлік істері мен басшылық қызметінің нәтижесі. Мұндай көзқарасты жақтап, дәріптеушілер тарихтағы басты қозғаушы күш — заң шығарушылар, идеологтар, корольдер тағы басқалар деп санайды, ал халық бұқарасын еске алмайды. Тарихты бұлай түсіндіру — оның даму заңдарын бұрмалау деген сөз.

Объективтік идеализмнің өкілдері тарихта шешуші роль атқаратын күш — «дүниежүзілік ой-сана» деп есептейді. Олардың айтуынша, тарихтың даму барысы жоғарыдан, яғни «құдай» тарапынан күн ілгері белгіленген, ал адамдар тек сол тәңірінің айтқанын орындайтын қолжаулық ғана. Тарихқа мұндай фаталистік көзқарастың ғылыми көзқараспен үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

Сырттан қарағанда субъективтік идеалистер мен объективтік идеалистердің тарихқа көзқарастары әртүрлі сияқты, ал шын мәнісінде олай емес. Бұл ағымдардың екеуі де халықтың творчестволық белсенділігін мойындамау жөнінен бір-бірімен ұштасып, үйлесіп отырады. Былайша айтқанда идеалистік көзқарастар қанаушылар қоғамдарындағы бұқараның төмен дәрежеде болуын, еңбекшілердің езіліп-қанауын ақтап, оны баянды етуге тырысады.

Мұндай идеалистік көзқарасқа мүлде қарама-қарсы тұрған тарихи материализм қоғамның дамуы — адамдардың материалдық тұрмыс жағдайларының өзгеруінен және дамуынан туатын заңды процесс деп санайды. В. И. Ленин адамзат тарихын материалистік тұрғыдан танудың мән-жайын айта келіп, былай деген болатын: «...материализмнің дәйекті ұласуы, қоғамдық құбылыстар саласына таралуы бұрынғы тарихи теориялардың басты екі кемшілігін жойды. Біріншіден, бұрынғы теориялар мықтағанда адамдардың тарихи ісінің тек идеялық әуендерін ғана зерттеді, ол әуендердің неден туатынын зерттемеді, қоғамдық қатынастар системасының дамуындағы объективтік заңдылықты аңғара алмады, бұл қатынастардың негізі материалдық өндірістің даму дәрежесінде екенін білмеді; екіншіден, бұрынғы теориялар нақ халық бұқарасының қимылын қамтымады, ал тарихи материализм бұқара тұрмысының қоғамдық жағдайларын және ол жағдайлардың өзгерістерін табиғи-тарихи жағынан дәлме-дәл зерттеуге бірінші рет мүмкіндік берді» (Шығармалар, 21-том, 45-бет).

Маркс пен Энгельс тарихта бірінші рет қоғамның даму заңдарын аша отырып, халық бұқарасының қоғам дамуындағы алатын орнын және атқаратын ролін ғылыми тұрғыдан анықтады, тарихты жасайтын халық бұқарасы екенін, қоғам тарихы өмірге керекті барлық материалдық және рухани байлықтарды жасап шығаратын еңбекшілердің тарихы екенін дәлелдеп берді. Осының нәтижесінде тарихтағы басты, шешуші, қозғаушы күш жеке адамдар емес, керісінше, халық бұқарасы екені айқындалды.

Империализм дәуіріндегі дүниежүзілік революциялық қозғалыстың тәжірибесін, әсіресе біздің елдің жұмысшылары мен шаруалары күресінің бай тәжірибесін қорыта отырып, В. И. Ленин халық бұқарасының тарихтағы алатын орны мен атқаратын ролі жөніндегі маркстік қағиданы жаңа, жоғарғы сатыға көтерді. Ол қанаушы таптардың үстемдігін құлатудағы және социалистік қоғам орнатудағы жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың ролін анықтап берді. Владимир Ильич өзінің Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің 1917 жылғы 4 ноябрьде болған мәжілісінде сөйлеген сөзінде: кімде-кім халыққа сенсе, кімде-кім халық творчествосының жанды бұлағына бойлап енсе, сол ғана жеңеді, сол ғана өкіметті ұстап қалады,—деп тұжырымдады. Сонымен бірге ол халық бұқарасының мұндай күресін ұйымдастыратын және басқаратын күш тек Коммунистік партия екенін кеменгерлікпен дәлелдеді.

Капитализм жағдайында үстем таптар еңбекші бұқараның белсенділігін төмендетіп, езіп-жаншады, халық талантының кең өріс алуына мүмкіндік бермейді, оны тежел отырады. Бірақ қанаушы таптардың бұл зорлық-зомбылығына қарамастан, бұқараның творчествосы тарихта өзін айқын көрсетіп отырады. Ғасырлар бойы ауыр еңбек атқарған халық бұқарасының арасынан он саусағынан өнер тамған талай-талай ісмерлер шыққан. Қанаушы таптар, әрине, олардың данқын шығарып, дәріптеп отыруға ынталы болған емес. Өткен ғасырлардан бізге қалған тамаша тарихи архитектуралық тағы басқа мұралардың бәрі де халық бұқарасының еңбегімен жасалғаны аян. Олар—халық творчествосының жемісі.

Социализм тұсында халық бұқарасының, әрбір жеке еңбекшінің творчестволық белсенділігінің кең өріс алуына мүмкіндік мол. Бұл жөнінде В. И. Ленин Ұлы Октябрь социалистік революциясының қарсаңында былай деген болатын: «...Шынына келгенде, қоғамдық өмір мен жеке адам өмірінің барлық жағынан ілгері дамуы, дамығанда халықтың көпшілігі, сонан соң бүкіл халық болып іс жүзінде жаппай қатысатын нағыз, жедел дамуы тек социализмнен ғана басталатынын түсініп алу керек». (Шығармалар, 25-том, 493-бет).

Социализм—коммунизм тұсында халық творчествосының кең өріс алып, жарасымды дамуының негізі—өндіріс құрал-жабдықтарының қоғамдық меншікте болуы. Егер өндіріс құрал-жабдығын жеке меншіктену адамдарды бір-бірінен алыстататын болса, олардың біріне-бірінің сенбеушілігін күшейтсе және еңбекшілерді қанап, езудің экономиякалық негізі болса, оның керісінше, өндіріс құрал-жабдығына социалистік меншік адамдарды ынтымақтастырып біріктіреді, оларды достастырады, барлық еңбекшінің творчествосы жан-жақты дамып, кең өріс алуына ұшан-теңіз мүмкіндіктер туғызады. Тек социалистік меншіктің негізінде ғана тарихта бірінші рет адамдардың қоғамдық мүддесі мен жеке мүддесін дұрыс үйлестіру мәселесі ойдағыдай шешілді. Сондықтан да социализм жағдайында қалың бұқара еңбек өнімділігін үздіксіз арттыра беруге, техниканы кең пайдаланып, оны жақсартып түсуге, сонымен бірге өздерінің мамандықтарын ұдайы жетілдіріп отыруға тырысады, сол үшін саналы қызмет етеді. Өйткені осындай еңбек еткенде ғана өз Отанының күш-қуаты арта түсетінін, әрбір еңбекшінің

тұрмыс-жағдайы үздіксіз жақсара беретінін еліміздің еңбекшілері жақсы біледі.

Социализм жағдайында миллиондаған еңбекшілердің творчествосы үздіксіз дамып, кең өріс алуына ең керекті, ең басты шарт—Коммунистік партияның дана басшылығы. Партия жұмысшылардың, колхозшы шаруалардың және совет интеллигенциясының коммунистік қоғам құру жолындағы күресіне бағыт-бағдар беруде және сол күресті ұйымдастырып, шебер басқаруда. Сонымен бірге Коммунистік партия экономиканың және мәдениеттің барлық саласында еңбекшілердің творчестволық белсенділігінің кең өріс алып, дами беруіне айрықша жағдай жасап келеді. Біздің елде халықтың еңбектегі белсенділігінің үздіксіз артуына, сана-сезімінің өсе беруіне қажетті жағдайдың бәрі жасалған. Талай-талай асау өзендерге бұғалық салып, шөл даланы суару, асқан алып заводтар мен электр станцияларын салу, космос жолдарын игеру—осының бәрі бостандықтың нұрына бөленген, бейбіт творчестволық еңбекпен шұғылданған совет адамдары үшін жасалып жатқан игі істер.

Коммунистік партияның күші—оның қалың бұқарамен тығыз байланысты болуында және ол байланысты ұдайы кеңейтіп, нығайтып отыруында. В. И. Ленин бұл жөнінде сан рет атап көрсетті. «Авангард, — деді ол, — өзі басшылық етіп отырған бұқарадан қол үзбей, қайта бүкіл бұқараны шын мәнісінде алға қарай бастай білген кезде ғана авангардтың міндеттерін атқара алады. Коммунист еместермен істің мейлінше әралуан тарауларында одақ жасамайынша, ешқандай коммунистік құрылыстың табысты болып шығуы туралы сөз болуы да мүмкін емес». (Шығармалар, 33-том, 224-бет).

Ұлы Лениннің бұл өсиетін біздің партия бұлжытпай басшылыққа ала отырып, халықтың асыл мұраты мен мақсатын іске асыру үшін күресуде. Халық үшін қызмет етуді партия өзінің ең қасиетті борышы деп санайды. Сөйтіп өз жұмысын еңбекшілердің талап-тілегіне сай ұйымдастырады. Міне, сондықтан да біздің елде партия мен халықтың мызғымас бірлігі Совет мемлекеті күш-қуатының қайнар бұлағы болып отыр.

Партия оппортунистердің барлық түріне, социализм жауларына қарсы аяусыз күрес жүргізе отырып, еңбекші бұқараның творчестволық инициативасының және халық арасынан шыққан таланттардың ешқандай кедергісіз өсіп жетілуіне кең жол ашты. Осының бәрі—партияның халыққа деген шынайы қамқорлығының айқын белгісі.

Маркстік-лениндік іліммен қаруланған Коммунистік партия еліміздің жұмысшыларының, колхозшы шаруаларының және интеллигенциясының коммунистік қоғам орнату жолындағы қажырлы күресін даналықпен басқарып келеді. Сонымен бірге партия марксизм-ленинизм рухына жат, халықтың тарихтағы роліне нұқсан келтіретін жеке адамға—Сталиннің жеке басына табынушылықтың зиянды екенін атап көрсетті.

Партия өмірінің лениндік нормаларын және басқарудың коллективтік принциптерін қалпына келтірген және оны одан әрі даналықпен дамытқан Совет Одағы Коммунистік партиясының XX, XXI және XXII съездерінде халық бұқарасының социалистік, коммунистік құрылыстағы шешуші ролі туралы және жеке адамға табынушылықтың зияндылығы жөніндегі мәселе маркстік-лениндік тұрғыдан терең баяндалды.

Біздің партия жеке адамға табынушылыққа және оның зардаптарына қарсы күресті кейінгі жылдары неліктен өрістетті? Оның себебі жеке адамға табыну марксизм-ленинизм рухына жат іс болды. Жеке адамдарды шамадан асыра мадақтап, дәріптеу, оларды табиғаттан тыс белгілері мен қасиеттері бар деп санау халықтың тарихтағы шешуші

ролі мен Коммунистік партияның басшылық ролін төмендетеді. Егер теориядағы әрбір жаңа сөз, практикалық жұмыстағы әрбір жаңа бастама жеке адамның ғана еншісіне беріліп қойса, онда өмірге қажетті барлық материалдық және рухани байлықты жасайтын миллиондаған еңбекшілерге сол жеке адамның айтқанын күтіп қана отырудан басқа ештеңе қалмас еді. Шынында тарихты жасайтын халық, ал жеке адамға табынушылық оның ролін кемітеді. Міне, жеке адамға табынушылықтың зияндылығы осында.

Әрісе, марксизм-ленинизм аса көрнекті адамдардың тарихтағы ролін, халықтың өзі жоғарылатқан көрнекті қайраткерлердің революциялық қозғалыстағы, жаңа қоғам орнатудағы басшылық ролін жоққа шығармайды. Өз қызметін халық мүддесіне, бұқара тілегіне сай жүргізетін жеке адамдар бұқараның ұйымдастырушысы, жетекшісі ретінде қоғамда елеулі роль атқара алады. Міне, марксизм-ленинизм, тарихи материализм халық арасынан шыққан аса көрнекті жеке адамдардың ролін осылай бағалауды, осылай түсіндіруді үйретеді. Н. С. Хрущев жолдас партиямыздың XXII съезінде жасаған баяндамасында былай деді: «Марксизм-ленинизм әрқашан да жеке адамға табыну көрінісінің қандайын болса да қатты айыптап келді, оны пролетарлық революциялық қозғалыстың рухына жат, коммунизм рухына жат деп есептеді. Маркс, Энгельс, Ленин халықты тарихтың шынайы жасаушысы деп қарады, олар жұмысшы табы партиясының басшы және ұйымдастырушы ролін үнемі баса көрсетті. Марксизм-ленинизм жұмысшы табының басшылары мен көсемдерінің маңызды ролін жоққа шығармайды, бірақ ол жеке адамдардың қандайын болса да әсіре дәріптеуге, одан бетер тәңірі тұтуға батыл қарсы шығады. Бір адамды әсіре дәріптеу халықты және партияны сөзсіз кейінгі қатарға қояды, олардың ролі мен маңызын төмендетеді».

Халық өзінің тілегіне сай келетін істі қолға алғанда оны орындап шығу үшін барлық күш-жігерін жұмсайды, шаршап-шалдығуды білмейді, өз арасынан талай-талай таланттыларды, көптеген қайраткерлерді шығарады.

Коммунистік партия бастаған совет халқының қажырлы еңбегі, оның коллективтік данышпандығы еліміздің экономикасы мен мәдениетін тарихта ешқандай теңдесі жоқ қарқынмен тездете дамытып келеді. Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңіспен аяқталғаннан бері қырық төрт жылдан асты. Бұл—тарихтың үлкен мөлшерімен салыстырғанда азғантай ғана уақыт. Бірақ осы азғантай уақыттың ішінде біздің елде ұлы-ұлы өзгерістер болады. Еркіндікке ие болған, өзіне, өз мемлекетіне саналы еңбек еткен миллиондардың қаһармандық күш-жігері нәтижесінде еліміз балға мен қол арбадан, соқа мен ұршықтан арылып, техника жағынан әбден дамыған индустриялы-колхозды елге айналып отыр. Елімізде социализм толық және түпкілікті жеңіп, қазір совет халқы коммунизм құрылысының кең өріс алу дәуіріне енді. Өнеркәсібіміз шапшаң дамуда. 1961 жылға дейін өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 1913 жылғыдан 45 есе артты.

Еліміздің үздік қарқынмен дамып келе жатқанын мынадай мысалдан да көруге болады: 1955 жылдан 1961 жылға дейін темір рудасын шығару 30 есе, мұнай өндіру 1,2 есе, цемент өндіру 7 есе, машина жасау өнеркәсібінің өнімі 2,9 есе өсті.

1913 жылы Россия өнеркәсіп өнімінің көлемі жағынан дүние жүзінде бесінші орында, ал Европада төртінші орында болған болса, қазір Совет Одағы өнеркәсіп өнімінің көлемі жағынан Европада бірінші, ал дүние жүзінде екінші орынға ие болып отыр. 1961 жылы біздің машина жасау және металл өңдеу өнеркәсібіміз өнімді 1913 жылғыдан 350 есе, ал 1919 жылғыдан мың есе артық шығарды. Қазір Англияны, Германия федеративтік республикасын және Францияны қоса есепте-

генде олар қанша болат қорытса, біздің елде сонша дерлік болат қорытылады.

Партиямыздың тарихи XXII съезінде қабылданған жаңа Программада белгіленгендей, алдағы 20 жылдың ішінде өнеркәсіп өнімі кем дегенде 6 есе, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі шамамен 3,5 есе артады. Жиырма жылдан кейін біздің ел кәзіргі капиталистік дүниеге қарағанда өнеркәсіп өнімін екі еседей көп шығаратын болады.

Еліміздің ауыл шаруашылығында да түбірлі өзгерістер болды. Совет Одағында коллективтендіру қарсаңында болған 25 миллион ұсақ шаруа шаруашылығы орнына кәзір 55 мыңдай колхоз бар, 5 600-ден астам совхоз ұйымдастырылды. Социалистік ауыл шаруашылығының қуатты материалдық-техникалық базасы жасалды.

Еліміздің ауыл шаруашылығы, әсіресе партиямыздың Орталық Комитетінің 1953 жылғы сентябрь Пленумынан кейін тез қарқынмен өрге басты. Коммунистік партияның тың және тыңайған жер игеру жөніндегі данышпандық саясаты елімізді астық молшылығына жеткізді. Соңғы жылдарда мал шаруашылығы да жедел өсіп келеді.

Совет халқының тарихи аз уақыт ішінде теңдесі жоқ тамаша табыстарға ие болғанын бұрын патшалы Россияның артта қалған алыс аймағы—Қазақстанның шаруашылық саласындағы жетістіктерінен де айқын көруге болады.

Совет өкіметі жылдарында Коммунистік партия басшылық еткен және ұлы орыс халқынан, сондай-ақ Совет Одағының басқа да халықтары тарапынан қалтқысыз туысқандық көмек алған қазақ халқы патриархалдық-феодалдық құрылыстан социализмге қарай алып адыммен алға басты. Сөйтіп, Советтік Қазақстан кәзір жоғары өркендеген индустриалды-колхозды республика болып отыр.

Қазақстан өнеркәсібінің жалпы өнімі совет өкіметі жылдарында 57 еседен астам артты. 1940 жылғымен салыстырғанда өнеркәсіп өнімі жеті еседен астам көбейді. Халықтың жан басына есептегенде Италия қанша өнеркәсіп өнімін өндіретін болса, кәзір Қазақстан да сонша өнеркәсіп өнімін өндіреді, ал Түркиядағыдан, Ирандағыдан немесе Пакистандағыдан әлдеқайда көп өндіреді.

Қазақстан кәзір көмірді бүкіл Россияның революцияға дейінгісінен артық береді, ал электр қуатын 5 еседей артық өндіреді.

Республиканың ауыл шаруашылығы да күшті қарқынмен өркендеп келеді. Революцияға дейінгі көшпелі қара дүрсін шаруашылықтың орнына бай техникамен жарақтанған, көп салалы, ірі шаруашылықтың колхоздар мен совхоздар құрылды. Қазақстан еліміздің Шығысындағы астық шаруашылығы мен мал шаруашылығының қуатты базасына айналды. Тың және тыңайған жерді игерудің нәтижесінде республика астық өнімі жағынан Совет Одағында РСФСР-ден кейінгі екінші орынға шығып отыр.

Адамды адам қанауға негізделген таптық қоғамдарда тарихи аз уақыттың ішінде мұндай ұлы істердің жасалуы мүмкін емес. Өйткені оларда барлық материалдық және рухани игілікті өндіретін еңбекші бұқара еңбектің нәтижесіне шын көңілімен мүдделі емес.

Социализм-коммунизм жағдайында еңбекшілер бұқарасы материалдық игіліктерді өндіру ісін жүзеге асыра отырып, тарихтың саналы жасаушылары ретінде қимыл жасайды. Халық бұқарасының кәзіргі еңбегі—қанаушылардан азат етілген, нағыз творчестволық еңбек.

Социализм жағдайында еңбекшілер қанаушыларға емес, өзі үшін өз Отаны үшін еңбек етеді. Міне, осының негізінде еңбекке жаңа көзқарас туды. Бұл бүкілхалықтық социалистік жарыстан айқын көрінуінде. Алғашқы коммунистік сенбіліктерден басталып, бұл күндерде коммунистік еңбек бригадалары мен екпінділерінің қуатты қозғалысы ретінде көрініп отырған жарыс еңбекшілерді жаңаша тәрбиелеудің сы-

налған әдісі болып алды. Біздің елде және социализм орнатып жатқан Европа мен Азияның халықтық демократия елдерінде еңбек абырой өперетін, ер атандыратын игі іске айналды. Еңбек тарихта болып көрмеген дәрежеде бағаланатын болып, бұқараның еңбектегі инициативасы кең өрістеді.

Біздің елде кәзірдің өзінде-ақ совет адамдарының едәуір бөлегі үшін еңбек тек күнкөріс құралы болып қоймай, қоғамдық міндет, моральдық борыш, адамгершіліктің жоғарғы сипаты болып отыр. Бұған мысал ретінде Гаганованың патриоттық бастамасын және оны қостаушылардың тамаша істерін алуға болады.

Валентина Гаганованың және оны қостаушылардың артта қалып келе жатқан бригадаларға, учаскелерге көшкендегі мақсаты—пайдакүнемдік мақсат емес, арттағы учаскені алға шығару мақсаты. Ол—жоғары саналылық, коммунизм ісіне шын берілгендік белгісі. Жақсы учаскеде еңбек етіп, жоғары жалақы алып жүрген адамдардың өз еріктерімен арттағы учаскеге көшуі ескі қоғамдық құрылыстарда болып көрген емес. Бұл—тек коммунизм орнатып жатқан адамдарға ғана лайықты қасиет.

Коммунистік партияның сара басшылығы арқасында еліміздің еңбекшілері тарихта тұңғыш рет саяси өкіметтің қожасына айналды. Совет Одағында бүкіл өкімет қала мен деревня еңбекшілерінің қолында. Ал қоғамның саяси негізі—еңбекшілер депутаттарының Советтері. Оны мынадай фактілермен дәлелдеуге болады. Кәзір біздің республикада СССР Жоғарғы Советінің 63 депутаты, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 450 депутаты және жергілікті советтердің 84 мыңнан астам депутаты бар. Осылардың бәрі де—жасампаз еңбегімен, іскерлігімен жақсылық даңқы ел арасына жайылған, халықтың қадір-құрметіне бөленген адамдар. Солардың ішіндегі атакты күрішші Ыбрай Жақаев пен даңқты шопан Жазылбек Қуанышбаевты, ардагер механизатор Михаил Довжик пен кәдірменді қызылшашы Сындыбала Оңғарбаеваны және совхоз директоры Бернард Дворецкийді бүкіл еліміз мақтаныш етеді.

Социализм жағдайында мәдени өмір саласында да халық бұқарасының тарихи творчествосының шеңбері кеңінен ашылады. Адамзат тарихында жинақталған бүкіл мәдениет байлықтары, бүкіл білім еңбекшілердің игілігіне айналдырылды. Оқу орындарының, кітапханалар мен музейлердің, театрлар мен клубтардың және басқа да мәдениет мекемелерінің есіктері еңбекшілерге кеңінен ашық. Коммунистік партияның дана басшылығы нәтижесінде еңбекшілердің рухани байлығы молая түсуде. Халқымыздың мәдени дәрежесі, әдебиеті мен өнері алып адыммен алға басып, өркендеп келеді. Ғылым мен техника шапшаң дамыды. Жердің спутниктерін ұшыру, космос ракеталары мен корабльдерінің ұшырылуы, совет азаматтарының тарихта бірінші болып космосқа ұшырылуы дүние жүзін тандандырды. Бұлар совет ғылымы мен техникасының ұлы жеңісі болып отыр және ғылымда жаңа дәуір ашты. Осының бәрі халық бұқарасының рухани байлықты молайтудағы ролінің анағұрлым арта түскенін айқын көрсетеді.

Социализм тұсында халық жасайтын, халық бұқарасы үшін қызмет ететін мәдениеттің құлашын кең жайып, қарыштап алға басатынын Қазақстанның мысалынан да айқын көруге болады. Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін халқы жаппай дерлік сауатсыз болған аймақ совет өкіметі жылдарында алдыңғы қатарлы ғылымы мен мәдениеті бар елге айналды. Әрбір мың адамға келетін оқушылардың саны жөнінен Қазақстан барлық капиталистік елді, соның ішінде АҚШ-ты да басып озды. Әрбір он мың адамға келетін студенттердің саны жағынан Қазақстан Шығыстың капиталистік елдерін былай қойғанда, Батыстың бірқатар елдерін басып озды. Ол мың адамға есеп-

тегенде Қазақстанда 75 студент болса, Түркияда — 12, Пакистанда — 8, Иранда—4, Италияда—34, Францияда—40, Батыс Германияда—31 студент болып отыр.

Осы кезде біздің республикада 10 мыңға жуық мектеп, Ғылым академиясы, 28 жоғары оқу орны, 140 техникум және басқа арнаулы орта білім беретін оқу орындары, 19 театр, 5 филармония, 6 140 кітапхана, 1 515 клуб, ұлттық киностудия, 25 музей тағы басқа толып жатқан мәдениет мекемелері бар. Сонымен қатар республикамызда жүздеген мың тиражы бар газеттер мен журналдар шығарылады. Осы мәдениет байлығының бәрі республика еңбекшілерінің: орыс, қазақ, украин, ұйғыр, белорусс, өзбек тағы басқа ұлт өкілдерінің қоян-қолтық жүріп атқарған еңбектерімен жасалды және солардың игілігіне қызмет етеді.

Коммунистік партияның басшылығымен табыстан-табысқа жетіп келе жатқан совет халқы кәзір заманымыздың коммунистік манифесі—елімізде коммунизм орнатудың ұлы Программасын іске асыруға бар күш-жігерімен кірісіп отыр. Совет адамдары үшін коммунизм құрғандықиялдан бүгінгі күннің практикалық ісіне айналды. Коммунизмнің сәулетті сарайын салып жатқан совет адамдарының осы күнгі ұрпағы коммунизм тұсында өмір сүретіні партия Программасында айқын көрсетілген. Елімізде коммунизм орнатуға керекті 20 жылдың алғашқы үлкен кезеңіндегі шұғыл міндет—үстіміздегі жетіжылдық жоспарды ойдағыдай орындап шығу. Еліміздің еңбекшілері—тарихтың саналы жасаушылары мұны дұрыс түсініп, жетіжылдықтың алғашқы үш жылының тапсырмасын ойдағыдай іске асырып, төртінші жылына молая түскен күш-жігермен құлшына кірісіп отыр. Партия мен халық бірлесе отырып, алға қойылған міндетті ұдайы орындап келеді. Демек, жетіжылдықтың қалған жылдарына белгіленген тапсырмалар да мүлтіксіз орындалатынына халқымыз кәміл сенеді.

* *
*

Осы кездегі адамдар—халық бұқарасы жасап отырған әлеуметтік игі өзгерістердің куәсі. В. И. Ленин айтқандай, Шығыс халықтары дүниежүзілік мәселелерге белсене араласа бастады. Кейінгі жылдары дүниежүзілік тарихи мәні бар күрделі мәселелерді шешуге ұлы Қытай, Индия халықтары, Азия, Африка елдерінің тағы басқа халықтары қатыстырылуда.

Заманымыздың тамаша табысы, ұлы жетістігі—социализмнің қуатты лагерінің құрылуы. Тарихи аз уақыттың ішінде совет халқының туысқандық, достық көмегінің арқасында халық демократия елдерінің еңбекшілері өздерінің тарихи дамуында алып адыммен алға басып келеді. Социалистік лагерьдегі елдердің саяси, экономикалық және мәдени жағынан ойдағыдай өркендеуі—өз тағдырының қожасы болып отырған халықтың қандай ұлы өзгерістер жасайтынының айқын кепілі.

Қорыта айтқанда, марксизм-ленинизм ілімінің данышпан қағидасы бойынша тарих—жеке адамдардың тарихы емес, өмірге керекті барлық материалдық және рухани байлықты жасайтын еңбекшілер бұқарасының тарихы. Демек, тарихты жасаушы—халық. Оны өмірдің өзі көрсетіп отыр, көрсете береді де.

Кибернетика және техникалық прогресс

О. ЖӘУТІКОВ,

Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі

Адамзат кейінгі жылдары ғылыми-техника жөнінде тамаша табыстарға жетті. Адамды дене еңбегі былай тұрсын, тіпті ой еңбегінен болатын машиналар жасалды. Бұл машиналар ғажап жылдамдықпен сөз шығарады, ауа райын күні бұрын айтып береді, кей сәтте бүкіл дүниені бір өзі басқарады немесе бір тілден екінші тілге аударды, шахмат пен дойбыны да ойнай алады.

Осындай «ақылды» машиналар жасалудың түпкі себебі неде, олар қандай ғылым салалары табысының нәтижесі? Міне, осыған біраз тоқталып өтелік.

Есептеу ісін дұрыс атқармайынша, экономика, финанс, сауда, жоспарлау, құрылыстарды жобалау, өндіріс объектілерінің технологиялық процестерін бақылап, зерттеу, есептеуге қатысы бар тағы басқа жұмыстардың бәрін де жүргізу мүмкін емес. Күрделі есеп жұмыстары есептеп шығаратын немесе есептегіш машиналарды ойлап табуды талап етті. Арифметикалық амалдарды орындайтын есептегіш машиналар — көптен бері келе жатқан аспаптар. Кәдімгі арифметикалық төрт амалды орындайтын, практикада кеңінен таралған есептегіш қол машиналардың бірі — арифмометр екені көпке мәлім.

Тәжірибе жүзінде жиі кездесетін кейбір теңдеулерді шешу үшін арифмометр және басқа есептегіш машиналар қолданылып келді. Бірақ бұл шағын машиналар өте күрделі есепті тез әрі мүлтіксіз шығаруға жарай алмады. Мәселен, өткізгіштегі айнымалы электр тогы тербелісі, құлаққа дыбыс болып естілетін ауа бөлшектерінің тербелісін, ультратыңдадыбыстық, электромагниттік толқындарды, радиолокация белгілерін, жер сілкінгенде пайда болатын қыртыстық тербелістерді, басқарылатын және басқарылмайтын ракеталар қозғалыстарын, жер спутнигі қозғалысын тағы басқаларды зерттеу дифференциалдық, интегралдық теңдеулерге келіп тіреледі.

Міне, осы теңдеулерді есептеп шығару істері өте күрделеніп, қиында соқты. Сондықтан ондай теңдеулерді есептеп шығарудағы кездесетін санқилы математикалық амалдарды орындайтын машиналар жасау зор зорлық болды. Қазіргі техниканың даму процесіндегі ең негізгі мәселелердің бірі тез есептегіш машинаны жасау болып табылса, енді мұндай машина жасалып та отыр.

Кейінгі он жылда ғылым мен техника адам айтқысыз зор табыстарға жетіп, көптеген жаңалықтар әкелді. Бұл жылдар бойында: біріншіден, атомдық қуатты ашып, оны бейбітшілік мақсатына қолдану, екіншіден, электроника мен жартылай өткізгіш техникасын дамытып, үшіншіден, халық шаруашылығына пайдалану, үшіншіден, есептегіш математикалық машиналарды жасау және оларды дамыту, төртіншіден, елімізде жердің спутнигін тұңғыш рет ұшыру мақсаты іске асты. Ақырында, аспан әлеміне космостық ракеталар мен корабльдерді ұшыруға қол жетті. Дүние жүзінде тұңғыш рет совет азаматтары Ю. А. Гагарин мен С. П. Титов космос корабльдерімен жер шарын бірнеше рет айналып, орта оралды. Бұлар — адамзат қоғамында бұрын-соңды болып көрсетілген тамаша жетістіктер.

Адамзат қоғамының күш-қуатын атомдық қуат қаншалықты арттырса, ал, электротехника мен жартылай өткізгіш техникасы және машиналық математика ми қызметінің жасампаздығын немесе оның творчестволық табысын соншалықты күшейтеді. Сөйтіп, ғылым мен техниканың осы үш саласы ой еңбегінің негізгі түрлерін қамтып, бұлардың процесін жеңілдетеді.

Есептеу жұмыстарының күрделілене түсуі есептеп шығару тәсілінің өзін бүтіндей өзгертті. Мұның нәтижесінде күнділікті өмірге ең қажетті техниканың жаңа саласы — есептеу техникасы дүниеге келді. Осыдан кейін бұрын есептеп шығару мүмкін болмаған шешілуі өте қиын делініп жүрген математикалық есептер енді лезде-ақ шығарылатын болды. Мұны есептеп шығаратын машина — автоматты электрондық есеп машинасы.

Осы кездегі ғылым мен техниканың негізгі салалары: атомдық физика, электроника, жартылай өткізгіш техникасы және машиналық математика бір-бірімен тығыз байланысып дамуда. Мәселен, электроника мен жартылай өткізгіш техникасы салаларының қол жеткен жеке табыстары математикалық машиналарды жетілдіру үшін неғұрлым кең пайдаланылады. Сондай-ақ атомдық қуат туралы жүргізілген зерттеулер тез әрекет етуші автоматты, электрондық, есептегіш, математикалық машиналардың көмегісіз зор табыстарға жетпеген болар едік.

Егер елімізде математиканың, физиканың, механиканың, химияның, машиналық математиканың және техниканың дамуы кәзіргі сағатқа жетпесе, космостық әлемді игеру мәселесі күн тәртібіне қойылмаған болар еді.

Халық XX ғасырды — атом ғасыры деп атайды. Бұл дұрыс та. Атом қуаты мен машиналық математиканың ашылуын қатар қоюға болады. Бұл жаңалықтар — осы кездегі ғылым мен техниканың көрнекті табысы. Машиналық математиканың ашылуы тек математиканың өзінде ғана емес, сонымен қатар физика, механика және техника салаларында да төңкеріс жасады.

Есептеуші техниканың келешегі орасан зор. Мұның негізін құрайтын маңызды құрал — тез әрекет етуші электрондық есеп машинасы. Бұл машина тек арифметикалық немесе басқа математикалық күрделі амалдарды ғана жасап қоймайды. Оның көмегімен бүкіл өндіріс процесстерін автоматтандырып, адамның көмегісіз жұмыс істейтін автоматтанған цехтар, заводтар салуға болады. Бұл жағдайда математикалық машина өндірісті жоспарлау, техникалық бақылау бөлімдерінің ролін атқарып, тиісті құрал-жабдықтың жұмысын, түрлі станоктардың қозғалысын реттейді, өнімнің түсер құнының калькуляциясы мен бухгалтерлік есепті де жүргізеді. Электрондық есептегіш математикалық машинаның көмегімен қандай болса да кітапты бір тілден екінші тілге, мәселен, орыс тілінен қазақ тіліне және керісінше, қазақ тілінен орыс тіліне аударуға болады.

Есептегіш машиналарды қолдану шаруашылыққа өте тиімді. Бір екі мысал келтірейік. Есептегіш машина жатыққан есептеуші адамнан 20 мың есе тез есептейді. Олай болса, бір есептегіш машина 20 мың адамның қызметін атқарады. Ал, жиырма мың есепші адамның жылына орта есеппен алатын жалақысы 25 миллион сом. Есептегіш машинаны жасауға кететін қаржы көп болғанда 200 мың сомнан аспайды. Демек, бір ғана электрондық есептегіш машинаның беретін үнемі — 25 миллион сом.

Есептегіш-математикалық машинаның көмегімен ауа райы жағдайын күні бұрын біліп отыруға болады деп біз жоғарыда айттық. Ауа райын күні бұрын дәл айтып беру үшін ауа күйін сипаттайтын толық жатқан күрделі дифференциалдық теңдеулерді шығаруға тура келеді. Мұндай теңдеулерді тек электрондық есеп машинасы ғана шығара ала

Мәселен, ауа райы жағдайын бір тәулік алдын ала болжау үшін таңбалы сандармен миллиардтаған амалдар жасау керек. Электрондық есеп машинасы бұл амалдарды 2,5 сағаттың ішінде жасап береді. Егер осы амалдарды машина есептемей, адам есептейтін болса, он бірнеше жыл уақыт кеткен болар еді.

Геодезиялық съемканың берген материалдары бойынша жаңа карта жасау үшін белгісізі көп 800-дей алгебралық тендеулер шығару керек. Мұндай тендеулерді әдеттегі тәсілмен шығарсақ, бұған бірнеше жыл керек болар еді. Совет конструкторлары мен инженерлері жасаған электрондық есеп машинасының көмегімен 250 миллион арифметикалық амалдар жасап, бұл тендеулерді лезде-ақ шығарып алуға болды.

Мәселе есеп машинасының беретін үнемінде ғана емес, оның тез есептеуінде, уақытты үнемдеуінде және оның негізінде ғылым мен техниканың жаңа саласы — кибернетика ғылымының тууында.

Кибернетика — ертедегі гректің «кибернос» деген сөзінен шығады. «Кибернетика» деген терминді ғылымға бұдан жүз жыл бұрын енгізген француздың атақты физигі және математигі Ампер. Бірақ бұл ғылым «Кибернетика» деген ұғымды мемлекет басқару турасындағы ғылым ғылымына түсінген. Дұрысында кибернетика — күрделі процестер, операцияларды басқару турасындағы ғылым.

Электрондық есеп машинасы математикалық есептермен бірге логикалық есептерді де шығарады. Есеп машинасының осындай қабілеттілігі кибернетика ғылымының тууына себеп болды. Кез келген теңдеуді шешу үшін алдын ала программа жасауды логикалық есеп дейміз. Өйткені есептеу амалдарын қандай тәртіппен жүргізу, онан бұрын шыққан нәтижелерді немен салыстыру және бұл салыстырудың нәтижелерімен байланысты қай шешуді алу керек деген сияқты мәселелер, оның ішінде, логикалық есептерді құрайды. Программаны машинаның өзі жасай алады.

Өндірістің барлық саласында қолданылып келген автоматтар — машинаның «көмекшілері». Өйткені, олар адамның көмегінсіз машинаның жұмысын бақылайды және оның жұмысын қалай реттеу жөнінде шешім қабылдайды.

Кибернетика ғылымының техникадағы маңызына біраз тоқтап өтеміз. Қазіргі уақытта электрондық есеп машинасы түрлі процестерді автоматты түрде басқару үшін үлкен заводтарда, аэродромдарда, темір жолдарда пайдаланылатын болды.

Электрондық есеп машинасын өндіріс процесіне пайдалану үшін оған «басқару алгоритмын» беру қажет. Былайша айтқанда, тиісті басқару процесінің жүзеге асырылуы үшін қандай ережелер қай ретте қолданылатынын көрсету керек.

«Басқару алгоритмы» тағайындалғаннан кейін электрондық есеп машинасы күш беретін механизмдердің режимін анықтайды, поездардың, самолеттердің жүріс графиктерін құрады. Сонымен қатар есеп машинасы алдына қойылған басқару мәселесін шешкеннен кейін қолданалар береді. Осы жасалған программалар бойынша өндірістік механизмдер есеп машинасының тапқан шешімін жүзеге асырады.

Электрондық есеп машинасын өндірісте қолданудың нәтижесінде жұмысшылардың саны азаяды, материалдар мен электр қуаты көп үнемделеді, өндірістік процесс жылдамдатылады, өндірілетін бұйымның сапасы артады, өндірістің барысы мүлтіксіз бақыланады.

Бұл машиналарды, әсіресе адамның денсаулығына, өміріне зиян тигізетін өнеркәсіп орындары мен өндіріс салаларын, мәселен, химиялық, атомдық өнеркәсіптерді басқару үшін қолданудың бүгінгі таңағы маңызы өте зор.

Егер өндірістік процесте күтпеген жерден ақау шығып, механизмнің бір жері бұзыла қалса, ол жөнінде машинаның өзі белгі береді де өзі түзей бастайды. Бұған бір мысал келтірейік. Америка Құрама Штаттарында Кливлендтегі Фордтың заводы автомобильдің алты цилиндрлік моторларының блоктарын жасап шығарады. Әрбір блокты жасап шығару үшін 42 күрделі агрегаттық станоктар жұмыс істеуі керек. Завод күніне 4600 блок жасап шығарады. Міне, осындай ірі заводта тек бір инженер мен бір ұй сыпырушы ғана жұмыс істейді.

Қандай тетікті болса да өңдеп, жасап шығару үшін ол тетіктің сызбасы (чертежі) керек. Осы сызбадағы тетік өлшемдерінің барлығы цифрға айналады да, станоктың қызметін басқаратын цифрлық жабдыққа түседі. Тетіктің сызбасында түрлі фигуралар: шеңберлер, түзулер, сынық сызықтар тағы басқалар кездесуі мүмкін. Осы фигуралардан станоктың қозғалысына лайық фигуралар сайланып алынады.

Станокты басқаратын цифрлық жабдықтың орындайтын есептеу жұмысының көлемі тіпті үлкен. Цифрлық жабдық механизмнің қозғалысын автоматты түрде жүргізумен бірге машинаның жасайтын әрекеттерін басқарады. Кәзір электрондық аспаптарды істеп шығаратын көптеген заводтардың өзі есеп машинасының көмегімен автоматты түрде басқарылады. Ал, химиялық немесе металлургиялық заводтардағы өндірістік процестерді электрондық есеп машинасының көмегімен автоматтандыру мәселесі негізінен шешілді деп айтуға әбден болады.

Электрондық есеп машинасы бүкіл заводтың жұмысын қалай басқарады? Әрине, бұл сұраққа бір сөзбен жауап беру қиын. Дегенмен оны былай деп тұжырымдап айтуға болады: электрондық есеп машинасын іске адам қосады. Адам заводтағы ең шешуші көрсеткішті іріктен алады. Бұл көрсеткішті техникалық тілмен айтқанда «құрамалы параметр» дейді. Олар мыналар: өнімділік және пайдалы коэффициент, олардың арасындағы математикалық қатынас. Міне, осылар анықталғаннан кейін «басқару алгоритмі» жасалады, бұдан кейін есеп машинасының атқаратын қызмет программасы жасалады. Міне, осылар дайын болғаннан кейін есеп машинасы заводтағы өндірістік процесті адамның көмегінсіз өзі басқарып жүре береді.

Машинаның жұмыс программасын жасағанда, ойда жоқ жерде кездейсоқ жағдай, ақау ұшыраса, машина программаны лезде өзі қайтадан жасайды да, осы программа бойынша ең жақсы шешімге келеді. Егер жағдай қиындаса, машина адамға «менің халім нашарлап бара жатыр, өзің жәрдем бермесең болмас» деген сияқты белгі береді.

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін соғыс техникасы мүлде өзгеше, күрделі болып кетті. Мәселен, самолеттер мен кемелердің жылдамдығының орасан өсуі, басқарылатын баллистикалық ракеталардың пайда болуы есеп машиналарының алдына саналуан әрі көтеріңкі талаптар қойды.

Соғыс кезінде есеп машинасы артиллерияның ату проблемаларын шешу, басқарылатын реактивті баллистикалық ракетаны тиісті нысанға көздеп жіберу, самолеттер қозғалысын автоматты түрде басқару үшін қолданылады.

Авиацияда электрондық есеп машинасы тұңғыш рет 1952—1953 жылдары қолданылды. Кәзір бомбалаушы самолеттің ұшуын адамның көмегінсіз басқаруға арналған электрондық есеп машинасы бар. Осындай есеп машинасымен басқарылатын бомбалаушы самолет тактикалық бомба тастау есептерін де шешеді. Соғыс авиациясында есеп машинасы ұшып бара жатқан самолеттің қай жерде бара жатқанын анықтау, бомба тасталатын объектілердің қай жерде екенін алдын ала есептеп шығару, бомба тасталатын пунктке баратын бағытты анықтау қозғалысты және бомба тастауды басқаратын командалар беру міндеттерін атқарады.

Самолеттің қандай биіктікте, қандай бағытта, қандай жылдамдықпен ұшып бара жатқаны туралы мәліметтер электрондық есеп машинасына тиісті түрлендіргіштер арқылы цифр түрінде түсіріледі.

Кәзіргі уақытта әуе шабуылына қарсы қорғанудың «электрондық қолбасшысы» деген мәселе туралы мақалалар Американың газет, журналдарында көп болып жүр. Бұл мақалаларда мынадай мәліметтер бар: «Электрондық қолбасшы»—осы уақытқа дейін болып көрмеген 15 мың электрондық лампасы бар автоматты цифрлық машина. Электрондық лампалардан басқа бұл машинаның бірнеше километр ленталары және 300 мыңнан артық «еске тұтушы» жабдықтары бар. Радиолокациялық құралдардың ұстаған белгілері бірден осы машинаның «электрондық миына» беріледі. Бұл белгілер жүз километрдей жердегі қарсы жақтың, яғни жаудың самолеттерінің қандай жылдамдықпен қандай биіктікте ұшып келе жатқанын, бет алысын машинаға хабарлайды. Осы мәліметтерді «электрондық қолбасшы» өзінің «есінде» сақталып тұрған самолеттер, ракеталар туралы мәліметтермен салыстырып, радиолокациялық құралдың берген хабарының не жөнінде екенін өзі шешеді. Мұнымен бірге электрондық есеп машинасы ол самолеттің немесе ракетаның кімдікі екенін де анықтап береді.

Міне, осының барлығын әбден анықтағаннан кейін «электрондық қолбасшы» жаудың самолеттерін немесе ракеталарын құрту керек деген шешімге келсе, онда олардың маршруттарын қай жерде екенін анықтайды да, осының негізінде қарсы жақтың стратегиялық жоспары туралы қорытынды жасайды, сонан кейін қорғану программасын белгілейді. Электрондық есеп машинасы өзінің қорытындысын бағынышты әскери бөлімдерге әмір ретінде береді деген сияқтылар жарияланды АҚШ газет, журналдарында. Міне, осы баяндалған мәселелердің барлығы кибернетикалық мәселелер.

Кибернетика — физика, математика, электротехника, радиотехника, физиология, тіл тану ғылымдарының жетістіктерінің нәтижесінде туған және бұларды бір-бірімен ұштастыратын ғылым.

Автоматты машиналар мен тірі организмге ортақ заңдылыққа байынатын ұқсас құбылыстардың бар екені байқалды. Осындай ортақ заңдылықтарды ашу кәзір өте маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Өйткені, осы заңдылықты білу физиологтарға, дәрігерлерге және психологтарға организмді тереңірек зерттеуге үлкен мүмкіндік туғызады.

Организм сыртқы ортаның жағдайына қарай бейімделеді. Міне, осы бейімделу процесін елестететін механизмдер жасауға бола ма? деп сұрақ қойсақ, оған: әбден болады деп жауап берер едік. Мәселен, бейімделу процесін көрсететін модель жасалған. Бұл модель—«тышқан» тәрізді механизм. Әдейілеп жасалған лабиринттің, яғни адам шығаралмастай етіп жасалған шытырман үйдің ішіне «май» қоңырсытып, қаңағы «тышқанды» жіберген. Сонда «тышқан» «майды» іздеп тапқан.

Бұл металдан жасалған «тышқанның» әрекеті кәдімгі тірі тышқанның әрекетіндей болғаны байқалады. Лабиринттің ішіндегі «майды» алып қойғанда, «тышқан» лабиринттің ішінде «майды» іздеп саидалып жүріпті.

Егер лабиринтті өзгертсе, яғни кедергілердің орнын ауыстырса, онда «тышқан» «жемге» жету үшін өзіне белгілі жолмен жүруге тырысады. Егер ол кедергілерге кездесіп қалса, онда өзінің беталысын өзгертуге мәжбүр болады. Сөйтіп, қайткен күнде де «жемге» жеткізетін жолды табады. Бұл тіпті ғажап көрініс.

Бұл нендей ғажап механизм? Шынында, жасанды «тышқан» лабиринттің астындағы жылжымалы электромагниттің әсерімен қозғалады. Ал, ол электромагниттің қозғалысын электрондық есеп машинасы басқарады.

Автоматты электрондық есеп машинасы мен тірі организмнің әрекеттеріне ортақ заңдылыққа бағынатын ұқсас құбылыстардың бар екенін айқындаудың арқасында көзірті уақытта медицинада адам ауруының түрін біліп беру үшін электрондық диагностикалық машиналар қолданыла бастады.

Электрондық есеп машинасының көмегімен математикалық есептен басқа бір тілден екінші тілге аудару мәселесін де шешуге болады деп біз жоғарыда айттық. Енді осы мәселе жөнінде бір-екі ауыз сөз етейік. Бір тілден екінші тілге аудару тиянақты ереже бойынша жасалады. Сондықтан бұл істі есеп машинасының көмегімен орындау үшін тиісті программа жасау керек. Шет тілді жетік білмейтін адам, оны өзінің білетін тіліне аудару үшін сөздікті қолданады. Ол сөздіктен өзіне белгісіз сөздердің мағынасын тауып алып, тиісті сөйлем құрастырады. Міне, дәл осындай жұмысты электрондық есеп машинасы да атқара алады.

Есеп машинасының көмегімен аудару үшін алдымен арнаулы машиналық сөздік жасалу керек. Осы айтылып отырған сөздікте әрбір аударылатын сөзге бір немесе бірнеше балама сөздер көрсетіледі және әрбір сөз тиісті цифрға айналдырылады.

Машиналық сөздік кітап түріндегі сөздік емес, ол—«естің» тиянақты электрлік күйі. Егер машинадағы «ес» магниттік «ес» болса, онда сөздер барабанның бетінде тиісті ретпен орналасқан магниттік зарядтар түрінде сақталады. Әрбір әріп тиісті цифр арқылы өрнектеледі.

Аударма үшін жасалған программа бойынша есеп машинасы текстегі сөйлемдерді құрама элементтерге жіктеп, әрбір сөздің қандай грамматикалық категорияға жататынын белгілейді және ол сөзді түбірге, жалғауға, жұрнаққа ажыратады. Программа сөздің түбірі мен грамматикалық қасиетін анықтап, сол түбірге сәйкес оның өзін есептеп шығарады. Аудармаға берілген барлық сөз осы ретпен есептелініп шығарылғаннан кейін, машина бұл сөздерді құрастырып, бастауышы мен баяндауышы бар, синтаксистік жағынан дұрыс байланысқан сөйлем жүйесіне келтіреді. Міне, осы машиналық аударманың негізінде енді ғылымның жаңа саласы—математикалық лингвистика ғылымы туып отыр.

Елімізде ғылым мен техниканың негізгі салалары: атомдық физика, электроника, жартылай өткізгіш техникасы, машиналық математика, кибернетика бір-бірімен тығыз байланысты дамуда. Бұл ғылымдардың болашағы орасан зор. Олар күшті қарқынмен дамып келеді. Партиямыздың XXII съезінде қабылданған жаңа Программада: «Өнеркәсіптің, құрылыс индустриясының және транспорттың өндірістік процестерінде, ғылым-зерттеу жұмыстарында жоспарлау және жобалау—конструкциялау есептерінде, есептеу және басқару саласында, кибернетика, есеп шығарушы және басқарушы электрондық қондырғылар кеңінен қолданылады» деп атап көрсетілген. Біздің елде бұл міндетті жүзеге асыруға мүмкіндік мол.

«Қазақстан коммунисті» журналының редакциясы жанынан штаттан тыс ғылым мен мәдениет бөлімі құрылды. Бөлім құрамында ғылымның, әдебиеттің, өнердің белгілі қайраткерлері бар. О. Жәутіков жолдастың мақаласын осы бөлімнің меңгерушісі, филология ғылымының кандидаты Ғ. ДҮЙСЕНБАЕВ жолдас баспаға әзірледі.

Маман кадр даярлау талапқа сай болсын

Қ. БІЛӘЛОВ,

Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрі

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің зор қамқорлығы арқанда біздің республикада жоғары оқу орындары жыл сайын көбейіп келеді. Егер Ұлы Октябрь революциясына дейін Қазақстанда бірде-бір институт болмаса, кәзір 29 жоғары оқу орны бар. Бұларда 86 мың студент оқиды. Сабак 122 мамандық бойынша жүргізіледі. Жоғары білім мамандар даярлау жөнінен Қазақстан ірі-ірі капиталистік елдерді сып озып кетті. Мәселен, әрбір 10 мың адамға біздің республикада студенттен келсе, Францияда 40, Италияда 34, Батыс Германияда студенттен келеді. 1915 жылы бүкіл Қазақстан жерінде небәрі 7 техникум болып, онда 302 адам оқыған екен. Кәзір бізде 141 арнаулы оқу орны бар, бұларда 120 мамандық бойынша 98 мың жас жітер мен қыздар білім алады.

Партияның XXII съезінің халық шаруашылығын өркендету жөніндегі ұлы міндеттері мамандарды көп даярлауды талап етеді. Осыған байланысты партия жоғары білім беру ісіне кең жол ашып, 1980 жылы студенттер санын 8 миллион адамға жеткізуді, яғни кәзіргіден 3 есе бейтүді көздеп отыр. Партияның жаңа Программасында былай деген: «Ғылым мен техниканың алға басуына байланысты теориялық және саяси ой-өрісі кең, жоғары дәрежелі мамандығы бар мамандар даярлап шығаруға тиісті жоғары және арнаулы орта білім беру ісінің әрі дамытылады».

Мектептің өмірмен байланысын нығайту, елімізде халыққа білім беру ісін онан әрі дамыту туралы Заң оқу орындарының алдына студенттер мен оқушыларды өнімді еңбекке баулу, оқуды өндіріспен байланыстыру міндетін қойды. Өндірісте істеп келгендер жоғары оқу орындарына мол қабылданатын болды. Өткен жылы Қазақ, Қарағанды политехника институттары, Қазақ мемлекеттік университеті бірінші рет рстарға өндірісте екі жылдан артық жұмыс істеп келгендерді қабылдады. Студенттер мен техникум оқушылары шахталарда, завод-фабрикаларда, ет, сүт комбинаттарында, элеваторлар мен құрылыс-монтаж басқармаларында істеп, жұмысшы мамандығын алуда. Үстіміздегі оқу орынында 7 мыңнан аса студент жұмысшы мамандығын алғалы отыр. Әрбір техникумдар өндірістік оқуды өздерінің шеберханаларында өткізіп, өз алдына өнімдер де шығарып жүр. Алматы құрылыс техникумының ағаш өңдеу шеберханаларында мебель жасалады.

Техникалық жоғары оқу орындарының бір топ студенттері коммунистік еңбек бригадаларында істейді. Өскемен қорғасын-мырыш комбинатындағы коммунистік еңбек бригадасының мүшелері—Қазақ политехника институтының студенттері.

Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында студенттердің өндірістік жұмысы жақсы ұйымдастырылған. Студенттердің өндірістік жұмысы мен практикасына комбинаттан әдейі бөлінген жетекші бар. Студенттер осында маман мастерлердің басқаруымен шәкірттік қызмет атқарады.

Екі-үш айдан кейін оларға разряд беріледі. Студенттер тұратын жатақхана сайлы, олардың сабаққа дайындалуына барлық жағдай жасалған. Комбинат студенттерді сызу құралдарымен қамтамасыз еткен. Практика жетекшісі комбинатта жұмыс істеп жүрген студенттерді оқуын да қадағалап отырады. Қарағанды политехника институты студенттерінің Қазақ металлургия заводындағы өндірістік практикасын ойдағыдай өтуде. Оған заводтың бас инженері А. Шалагинов жетекшілік етеді.

Бірақ, сабақты өндіріспен байланыстыру барлық жерде бірдей емес. Өндірістік жұмысқа жіберілген студенттер мен техникум оқушыларының арасында еңбекке жүрдім-бардым қараушылар, қыдырымпаздар кездесіп жүр. Қыдырымпаздыққа салынғаны үшін Павлодар индустриялық, Қарағанды политехника, Өскемен құрылыс-жол институттарының бірнеше студенті өндірістік жұмыстан қуылып, институттан шығарылды.

Кейбір оқу орны басшыларының студенттердің өндірістік жұмысына тиісінше мән бермейтіні байқалады. Целиноград құрылыс техникумының директоры Сембинов жолдас техникум оқушыларының жұмысқа орналасуына қам жасамады, әркімді өз еркіне жіберді. Сол себепті көптеген оқушылар үйді-үйіне кетіп қалып, екі ай бойы жұмыс істемеді. Олар сабаққа да қатыспады.

Бірқатар кәсіпорын басшыларының студенттермен ісі жоқ, ақ қоғамдық ұйымдар студент жастар арасындағы тәрбие жұмысын жолға қоймаған. Мысалы, «Энергострой» құрылыс басқармасында Өскемен құрылыс-жол институтының 30-дан аса студенті жұмыс істейді. Бірақ олар мұнда өндіріске бейімделмеген. Комсомол, кәсіподақ есебінде небәрі сегіз-ақ адам тұрады. Өндірістің партия, комсомол ұйымдары студенттер арасындағы жұмыстан сырт қалған. Олардың неге мұқтаж екенін ешкім елемейді. Қарағандының кен жабдығы заводы Қарағанды политехника институтының 28 студентіне жатақхана бермей, соның кесірінен студенттер қаланың әр жерінде тұруға мәжбүр болып, жұмысқа жиі-жиі кешігіп келіп жүрген. Бұл заводқа жіберілген студенттердің тең жартысына жуығының әртүрлі себеппен өндірістен кетіп қалуы—төзбестік жағдай.

Республикамыздың барлық жоғары мектептері мен техникумдары өздерінің оқу жүйесін жаңа Заңға сәйкес бүтіндей қайта құрды. Мәселен, Қазақ мемлекеттік университетінің оқу жоспарында арнаулы курстар мен семинарлардың сағаттары көбейтілді, тарих, филология факультеттерінде 20-дан аса арнаулы курстар мен арнаулы семинарлар енгізілді. Мұның өзі студенттердің арнаулы ғылым салаларын меңгеруіне, ғылым мен техниканың жетістіктерімен танысуына, кафедралардың ғылыми жұмысына қатысып отыруына себін тигізді. Ескі оқу жоспарында математика мамандығы бойынша педагогикалық практиканы бір-ақ рет өткізу көзделген еді, ал жаңа оқу жоспарында үш практика: педагогикалық, өндірістік және есептегіш машиналардағы практика өткізіледі.

Қазақстанда 12 педагогикалық институт бар, олар 27 мамандықта педагог даярлайды. Сондай-ақ 11 педагогикалық училищеде 5 мыңнан аса адам оқиды. Педагогикалық институттарда физика және жалпы техникалық пәндер, биология және ауылшаруашылық өндірісінің негіздері, шетел тілі, мектеп-интернат тәрбиешісі, дене шынықтыру тәрбиесі сияқты жаңа мамандықтар бойынша мұғалімдер даярлана бастады. Осы оқу орындары педагогикалық практиканы мектеп-интернаттарда, жұмысшы жастардың кешкі мектептерінде, ауыл-село мектептерінде, ал өндірістік практиканы ірі өнеркәсіп орындарында өткізетін болды. Педагогикалық институттар қолданып жүрген «мектеп күндері»—сөзсіз пайдалы іс. Өскемен, Семей, Алматы педагогикалық инсти-

уттарының жаратылыс тану факультеттерінде студенттердің ауыл шаруашылығы жөніндегі өндірістік практикасы ауылшаруашылық тәжірибе станцияларында, мектеп жанындағы учаскелерде, шәкірттік өндіріс бригадаларында жүргізіледі.

Партияның XXII съезінде Н. С. Хрущев жолдас елімізде кешкі және сырттай білім беру жүйесі кең өріс алады деген болатын. Қазір біздің министрлік қамтуындағы жоғары мектептердің сырттан оқыту және кешкі бөлімдері мен факультеттерінде 33 мыңнан аса студент оқиды, бұл 1958—1959 оқу жылындағыдан екі есе артық деген сөз. Арнаулы орта оқу орындарының сырттан оқыту және кешкі бөлімдерінде 2 мыңнан аса оқушы оқып жүр. Соңғы екі жыл ішінде ғана техникумдар мен училищелерде 19 сырттан оқытатын, 7 кешкі бөлім ашылды. Республикамызда сырттан оқыту және кешкі мектеп жүйесін оңан әрі жетілдіру мақсатында бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Институттар мен техникумдар жаңа оқу жоспарымен қамтамасыз етілді, сырттан оқыту бөліміне басшылық негізінен факультеттер арқылы жүзеге асырылатын болды; сырттан оқытындардың сабағын, оқу жоспарын кафедралар өз қолына алды. Сырттан оқыту және кешкі бөлімдер мен факультеттерде штаттағы профессорлар мен оқытушылар лекция оқиды. Кафедралар сырттан оқытындардың методикалық жұмысына аса назар аудара бастады, олар оқу құралдары мен оқулықтар жазып, лекциялардың конспектілерін көбейтуге атсалысып отыр.

Дегенмен, сырттан оқыту ісінде елеулі кемшіліктер бар. Көптеген студенттер мен оқушылар емтихан сессияларына уақтылы келмейді, сырттан оқытындардың үлгірімі төмен. Мысалы, Гурьев педагогикалық институтында сырттан оқытын 643 студенттің тек 280 ғана оқу жылын бітірді. Қызылорда педагогикалық институтында да жағдай осындай. Мұның өзі аталған институт ректораттарының сырттан оқытындарға көңіл бөлмейтінін аңғартады.

Институттар мен техникумдарда студенттердің бақылау жұмыстарының есебі дұрыс жүргізілмейді, оларды рецензиялаудың жайы мәжбүр емес. Кейде бақылау жұмыстарының не күйде екенін сырттан оқытындардың өздері білмейді. Мәселен, Қазақ физкультура институтының оқытушылары Остякова, Стародубов, Вейлерт жолдастар студенттердің бақылау жұмыстарына рецензия жазудан ат-тонын ала қашады. Ал, Қостанай, Орал педагогикалық институттарының оқытушылары Қоронин, Шабаев, Қадырбергенов жолдастар рецензияларды бес-алты ай бойы ұстайды.

Жергілікті жерге сабақ, консультация өткізуге, емтихан, сынақ тапсыруға барып жүрген оқытушылар бірен-саран. Қызылорда педагогикалық институтының, Алматы консерваториясының оқытушылары жергілікті жердегі сырттан оқытындардың қарасын көрген емес. Оқу-консультациялық пункттердің көбі сырттан оқытындардың терең білім аламын орталығына айналған жоқ. Жалпы ғылыми, жалпы техникалық пәндердің және шетел тілдерінің сабақтарын радио мен телевизия арқылы жүргізу жөндеп ұйымдастырылмай келеді. Бізде сырттан оқытындардың көпшілігі ауыл-селолық жерлерде тұрады, сондықтан олар оқу құралдары мен қосымша әдебиеттерге зәру.

Жоғары оқу орындарында мамандар даярлау дәрежесі көбіне лекциялардың сапалы оқылуына, лабораторлық және практикалық сабақтардың, семинарлардың нәтижелі өткізілуіне, курс және диплом жобаларының талапқа сай қорғалуына байланысты. Біздің көптеген профессорлар мен оқытушылар сабақты жоғары дәрежеде өткізеді, ғылым мен техниканың соңғы табыстарын қамтиды, лекциялардың идеялық-методикалық дәрежесіне тиісінше көңіл бөледі. Мұндай сабақтардан студенттердің жүйелі білім алатыны, ой-өрісі едәуір өсетіні даусыз.

Бірақ 1961—1962 оқу жылының қысқы сессиясы көрсеткеніндей, институттар мен техникумдарда оқу процесін ұйымдастыру көңілдегідей емес. Сондықтан студенттердің сабаққа үлгіруі төмен. Мысалы, педагогикалық оқу орындарында бірінші семестрде студенттердің сабаққа үлгіруі 88 процент болды. Әсіресе, Қостанай, Орал педагогикалық институттарында қысқы сессияның қорытындысы нашар. Қарағанды политехника институтының бірінші курсына 1961 жылы 675 адам қабылданып еді, содан қысқы сессия басталғанша 666 студент қалды. Қысқы сессия біткесін сабақ тапсыра алмай, 16 студент тағы шығып кетті, ал қалған студенттердің 150-і қанағаттанғысыз баға алды. Өскемен құрылыс-жол институтының жол факультетінде студенттердің сабаққа үлгіруі небәрі 44 процент болғаны—қынжыларлық жайт. Мұндай жағдай арнаулы орта оқу орындарында да кездеседі.

Студенттердің сабаққа үлгіре алмауының бір себебі, олармен жеке жұмыс жүргізілмейді. Кейде декандар үлгіре алмаған студентті институттан шығарып жіберуді оңай көреді. Орал педагогикалық институтынан үстіміздегі жылдың үш айы ішінде 40 адам (мұның 32-і тек бірінші курстан) шығарылған.

Жасыратыны жоқ, студенттерге сабақтың көптігі үлкен ауыр тиіп жүр. Кей институттарда сабақтардың саны аптасына 42—46 сағатқа дейін барады. Қазақ ССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі жас мамандар даярлау, сабақтардың сапасын арттыру мәселелерін зерттеу үшін белгілі ғалымдар мен тәжірибелі оқытушылардан арнаулы комиссия құрды. Бұл комиссия лекциялардың көлемі, лабораторлық сабақтарды өткізу әдісі, емтихандар мен сынақтардың саны, емтихандардың жалпы мазмұны турасында қызықты ұсыныстар енгізді. Кәзір бұл ұсыныстар жоғары оқу орындарының талқысына түсті.

Қазақстан жоғары мектептері жеке адамға табынудың зардаптарын жою, оқу жүйесін коммунистік құрылыстың кәзіргі міндеттеріне бағындыру жөнінде елеулі жұмыс істеді. Ең алдымен, сабақтардың идеялық дәрежесі арттырылды. Бірінші семестрден бастап-ақ студенттерге партияның XXII съезінің материалдары оқытыла бастады. Қоғамдық ғылымдардың оқытушылары XXII съезд белгілеген аса маңызды теориялық проблемаларды, Сталиннің маркстік-лениндік теория саласындағы қателерін студент жастарға байсалды түсіндіріп келеді.

Қоғамдық ғылымдардың кафедралары коммунистік еңбек бригадалары мен коллективтерінің тәжірибесін зерттеп, таратуда, кәсіп орындардың экономикалық конференциялар өткізуіне көмектесуде, завод, фабрикалармен, колхоз, совхоздармен тұрақты байланыс жасауда, өндіріс мамандарының студенттерге келіп лекциялар оқуын ұйымдастыруда. Лекциялар мен сабақтардың идеялық дәрежесін көтеруде кәзіргі заман проблемаларына арналған ғылыми конференциялардың маңызы үлкен. Қазақстанда жыл сайын тәжірибе алмасу ретінде қоғамдық ғылымдар оқытушыларының республикалық кеңесі өткізіліп тұрады. Өткен жылы этика, эстетика, ғылыми атеизм оқытушыларының бір айлық семинары өткізілді. Биыл КПСС XXII съезінің материалдары бойынша республикалық семинар өткізу ойымызда бар.

Сөйткенмен, лекцияларды үстірт, шалағай оқытын оқытушылар жоқ емес. Қоғамдық ғылым пәндерінен сабақ жүргізуде Орал педагогикалық институтының аға оқытушысы Олексенко, Өскемен педагогикалық институтының аға оқытушысы Башкиров, Алматы индустрия Семей кітапхана техникумдарының оқытушылары Демин, Бульбутенко жолдастар өрескел кемшіліктер жіберді.

Жоғары және арнаулы орта оқу орындарында әрқилы тәлім-тәрбиелік жұмыстары жүргізіліп келеді. Студент жастардың едәуір бөлігі—үгітшілер, халық жасакшылары. Бірқатар институттар мен техникумдарда студенттердің лекторлар тобы, ғылыми атеизм мектептері, әуесқойлық

иностудиялар құрылған. Әлденеше мың студент, оқушы жастар егін дйнау мен астық тапсыру тұсында қолхоздар мен совхоздарға жылма-кыл көмекке барып жүр.

Студенттерді тәрбиелеуге оқытушылар түгел қатысуға тиіс, ал тә-ім-тәрбие жұмысының ұйтқысы—оқу группалары болуы керек. Алай-а, студент жастар арасындағы тәрбие жұмысына профессорлар мен қытушылар аз қатысады. Студенттер қауымынап оқуға жеңіл қарау-ылар, еңбектің қадірін білмеушілер, Отан алдындағы өзінің қасиетті орышын түсінбеушілер табылады. Жыл сайын Қазақстанның жоғары мектептерін бітірушілердің бір тобы белгіленген қызметіне бармай алады. Мысалы, 1961 жылы оқу бітірген жас мамандардың 10 про-центі бөлінген жұмыс орнына бармаған. Қазақтың физкультура инсти-утын бітірген 78 адамнан тек 38 адам ғана бөлінген жеріне барған.

Жоғары мектеп, орта оқу орындары шәкірттерінің ішінде оқу, ең-ек тәртібін, социалистік тұрмыс ережелерін бұзушылар бар. Кейбі-еулер қоғамға жат элементтердің, дін иелерінің ықпалына түсіп кет-ен. Қазақ политехника, Қызылорда педагогикалық институттарының, азақ университетінің, Алматы байланыс, құрылыс, Қарағанды кен хникумдарының студенттері арасында маскүнемдікке салыну, бұза-ылық жасау, тағы басқа ұнамсыз қылық көрсету фактілері бар. Қай-ыбір институт, не техникум басшыларында оқу, ғылыми, шаруашылық ызметті басқарсақ болды, ал тәрбие жұмысын қоғамдық ұйымдар үргізеді ғой деген ниет бар. Енді бір оқу орындарының басшылары рбие жұмысынан гөрі әкімшілік жолмен жазалауды жақсы көреді. әселен, Гурьев педагогика институты ректорының міндетін атқарушы әубетов жолдас бір бұйрықпен бірден 50 студентке жаза қолданған. рине, бұйрық беру оңай, ал тәрбие жұмысы көп еңбекті, қажырлы-ықты талап етеді. Студенттер арасында тәрбие жұмысын жүргізгенде артияның Орталық Комитеті секретары М. А. Суслов жолдастың биыл оғамдық кафедралар меңгерушілерінің Бүкілодақтық кеңсінде сөйле-н сөзінде айтқан «коммунистік қоғамға өз ісін әбден сүйетін, ізден-ш, жігерлі, күшті, алдарына батыл мақсат қойған инженерлер, агро-рмдар, дәрігерлер, педагогтар керек» деген сөзін мықтап есте ұста-н жөн.

Жоғары мектептің әрбір педагогі өзін тәрбиешімін деп білуі керек. рнда ғана ол коммунизм заманына лайық кадрлар тәрбиелеп шығады. ырақ бізде тәрбиеші-педагог деген ардақты атқа кір келтіріп жүрген оқытушылар бар. Жақында біздің министрлік Қазақ мемлекеттік уни-рситетінің партия-совет баспасөзі кафедрасының меңгерушісі . М. Гринбергті қызметінен босатты. Университет ректоры мен декан рапынан бақылаудың жоқтығын пайдаланып, Гринберг өзінің пе-гогтік тапсырмасына артық сағаттар қосып жазып келген, сонымен рге кафедрадағы кейбір оқытушылардың заңсыз қосымша ақша уына жол берген.

Институттар мен техникумдардың іскер, маман кадрлар даяр-уы—ғылыми-педагог кадрларға да байланысты. Расын айту керек, дің республикада ғылыми дәрежесі мен атақтары бар оқытушылар ны онша көп емес. Әсіресе жоғары оқу орындарында ғылым доктор-ры мен профессорлар аз. Көптеген кафедралардың меңгерушілері бо-ып ғылыми дәрежесі мен атағы жоқ оқытушылар істеп жүр. Техни-мдардың халі бұдан да мүшкіл.

КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің 1961 ылғы 13 июньдегі қаулысына сәйкес жоғары оқу орындарына доктор-ық диссертацияларын ойдағыдай жазып жүрген оқытушыларды педа-гтік жұмыстан босатып, ғылыми қызметкерлікке ауыстыруға право рілген. Біздің министрлікке 18 аға ғылыми қызметкердің орны беріл-ді, оларға докторлық диссертация жазып жүрген оқытушылар кө-

шірілді. Жоғары оқу орындарының ректорлары мен ғылыми советтері бұл жолдастарды әрдайым бақылауға алып, докторлық диссертацияларын нәтижелі бітірулеріне көмектесуі керек.

Жоғары оқу орындарының ғылыми-педагог кадрларын даярлау аспирантураның көмегі үлкен. Соңғы екі жылда біз өндірістен қол үз оқитын аспирантураға 140 адам жібердік. Таяуда партия Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советі «Ғылыми кадрларды іріктеу және даярлауды онан әрі жақсарту шаралары туралы» қаулы қабылдады. Бұл қаулы біздің министрлікке, жоғары оқу орындарына үлкен міндет жүктейді.

Оқу орындарының өміріндегі ең жауапты кезең—институттар техникумдарға студенттер мен оқушылар қабылдау уақыты жақында келеді. Оқу орындарына адам қабылдау СССР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігі бекіткен жаңа ережеге толық сай жүргізілуі керек. Сондықтан өткен жылдардағы қателіктер мен кемшіліктер жол бермеу үшін оған осы бастан мұқият әзірленген мақұл. Студенттер қабылдауға әзірліктің бір түрі—жеке өнеркәсіп орталықтарында ашылған даярлық курстары. Оқу орындары осы даярлық курстарындағы сабақтың жайын күні бұрын тексеруге тиіс. Кәсіпорындарда, кәсіпкерлерде, колхоздар мен совхоздарда, сондай-ақ мектептерде кәсіптік түсінік жұмысын жүргізген дұрыс.

Қазір институттар мен техникумдарда қабылдау комиссиялары құрылып, оқуға түсем деушілерден документ қабылданып жатыр. Жетекшілерден емтихан алатын комиссиялардың құрамына тәуір оқытушыларды, доценттерді, профессорларды енгізу шарт. Оқу орындары адам қабылдау маңызды да жауапты жұмыс. Бірінші курстарға өмірлік, өндірістік тәжірибесі бар, өз мамандығын сүйетін үздік те танды жастарды қабылдау міндет.

Жоғары және арнаулы орта білімнің дамуында қол жеткен табыстарымыз айтарлықтай. Бірақ, мамандар даярлау республика халық шаруашылығының өскелең талаптарына әлі толық сай емес. Мұнда өзі жоғары және арнаулы орта мектеп қызметкерлерін қажетті мамандарды көп даярлау күресіне жұмылдырады.

Партияның XXII съезі білімді, іскер мамандар даярлаудың нақты міндеттері мен жарқын болашағын көрсетіп берді. Қазақстан жоғары және арнаулы орта оқу орындарының қызметкерлері коммунизмді белсенді күрескерлерін даярлау міндетін ойдағыдай орындауға өздерінің күш-жігерін аямайды.



Өнім өндіру және дайындау

Біздің елде ауылшаруашылық өнімдерін дайындау — маңызды шаралардың бірі. Бұл — қала мен ауыл-село, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы арасындағы экономикалық қатынастың негізгі түрі.

Совет Одағында товар өндірісі мен товар айналымы экономикалық жағынан тең таптардың өзара қатынасын бейнелейді, социалистік экономиканың даму мүддесіне қызмет етеді. Социалистік мемлекет товар, ақша, баға, түсер құн, шаруашылық есеп, пайда, сауда, кредит, финанс сияқты экономикалық құралдарды қоғамдық өндірісті ұдайы ұлғайта беру мақсатында қолданады.

Ауыл шаруашылығының товарлы өнімінің бір бөлігі дайындау мекемелері арқылы мемлекетке сатылады, ал екінші бөлігі колхоз саудасы және тұтынушылар кооперациясының комиссиялық саудасы арқылы халыққа сатылады. Ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындаудың мемлекеттік жоспарының мүлтіксіз орындалуы қоғамдық шаруашылықты өркендетудің басты бір шарты.

Ауылшаруашылық өнімдері мен шикізат дайындауға орасан зор мән бере келе В. И. Ленин Советтердің Бүкілроссиялық VIII съезінде мынаны атап көрсеткен болатын: «Шаруашылықтың нағыз негізі — азық-түлік қоры... Бұл қор болмаған күнде социалистік саясат тек тілек болып қала береді» (Шығармалар, 31-том, 524-бет).

В. И. Лениннің бұл нұсқауын басшылыққа ала отырып, социализмнің экономикалық заңдарының талабына сәйкес Совет мемлекеті дайындау мекемелері арқылы ауылшаруашылық өнімдерінің негізгі түрлерін өз қолына жинақтайды, қала мен өнеркәсіп орталығы халқын азық-түлікпен, жеңіл және тамақ өнеркәсібін, өнеркәсіптің өзге де салаларын шикізатпен қамтамасыз етіп отырады.

Ал ауыл шаруашылығы өзі берген өнімдердің орнына ұлғаймалы ұдайы өндірісті өркендетуге керекті саналуан машина, құрал-жабдық және басқаны алады. Сонымен қатар қала ауыл-селоға көпшілік тұтынатын товарлар жіберіп тұрады.

Біздің елде колхоздар мен совхоздардың ауылшаруашылық өнімдерін мол дайындап сатуы үшін мүмкіндігі зор. Өндіргіш күштердің дамуы, қала халқының ұдайы көбейіп, оның нақты табысының өсе беруі ауылшаруашылық товарларын көп өндіруді керек етеді, ал Совет мемлекеті дайындау мекемелерінің көмегімен товарлы өнімді белгілі жоспар бойынша тиімді бағамен сатып алуға кепілдік береді.

Ауыл шаруашылығының жоспарлы дамуына мемлекеттік дайындау жүйесі де күшті әсер етеді. Мұны мынадан көруге болады: қала халқының азық-түлік, өнеркәсіптің шикізат жөніндегі қажеті колхоздар мен совхоздардың товарлы өнімінің мөлшерін анықтауда негіз болады. Бұл қажетті өтеу үшін мемлекет шаруашылықтарға тиімді дақылдарды өндіруге тапсырма береді; бұл тапсырма шаруашылықтардың өндіріс жоспарына негіз болады. Ал өндірістік жоспар әрбір аймақтың, ауданның жер, ауа райы жағдайына қарай белгіленеді.

Ауыл шаруашылығы өнімдері мол дайындалған сайын еліміздің экономикалық жағдайы жақсара түседі, халықтың әл-ауқаты артады. Мемлекеттік бөлшек сауда бағасының дәрежесі, бұған орай жұмысшылар мен қызметкерлердің нақты жалақысы, өнеркәсіп өнімдерінің тү-

сер құны кемуі — мұның бәрі ауылшаруашылық өнімдерін дайындауға байланысты. Басқаша айтқанда, ауылшаруашылық өндірісін ұлғайту және өнімнің түсер құнын кеміту мемлекеттің сатып алу бағасын арзандатуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде халық тұтынатын товарлардың бөлшек сауда бағасын кемітуге, совет халқының әл-ауқатын жақсартуға жағдай жасайды. Ауылшаруашылық өнімдерінің мемлекеттік сатып алу бағасының дәрежесі колхоз базарында бағаның қалыптасуына да белгілі дәрежеде әсер етеді.

Социалистік қоғамның экономикасы бірыңғай жоспар бойынша дамиды. Жоспарлы шаруашылықты тұрақты мемлекеттік шикізат қорысыз жүргізуге болмайды. Бұл қорға ауылшаруашылық өнімдерінің барлық түрі, шикізат кіреді. Дайындау жүйесі арқылы Совет мемлекеті алуан түрлі қажетті өтеуге керекті шикізат пен азық-түліктің мол қорын жасауға мүмкіндік алады. Мұндай қор халық шаруашылығының барлық саласында жасалады.

Ауылшаруашылық өнімдерін дайындау негізінде Совет мемлекеті шет елдермен арадағы экономикалық қатынастың да өрісін кеңейтеді. Өйткені сыртқы саудадағы товар айналымына енгізілетін товарлардың ішінде ауылшаруашылық өнімдерінің де тиісті үлесі бар.

Партияның Орталық Комитетінің 1953 жылғы сентябрь Пленумынан кейін ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жолында кең қанат жайған бүкілхалықтық күрес, МТС-терді қайта құру, ауылшаруашылық өнімдерін дайындаудың жана жүйесіне көшу және іске асырылған өзге де бірқатар елеулі шаралар еліміздің, оның ішінде Қазақстанның ауыл шаруашылығын ілгері бастырып, жаңа сатыға көтерді. Дегенмен елімізде ауыл шаруашылығының өсу дәрежесі бүгінгі күннің өскелең талабына сай келмей отыр. Мұны Н. С. Хрущев жолдас партияның Орталық Комитетінің март Пленумында ерекше атап көрсетіп, ауыл шаруашылығына басшылық етуде орын алған кемшіліктердің бетін ашып берді.

Шынында да елімізде ауыл шаруашылығын шын мәнінде дұрыс басқаратын, өнім өндіру мен дайындауды ұйымдастырумен тікелей шұғылданатын, колхоздар мен совхоздардың мұқтажын жете ойластырып, біліп отыратын, жерді, техниканы неғұрлым тиімді пайдалануға күш салып отыратын орган іс жүзінде болмады.

КПСС Орталық Комитеті март Пленумының «Коммунистік құрылыстың кәзіргі кезеңі және партияның ауыл шаруашылығына басшылықты жақсарту жөніндегі міндеттері» туралы қаулысына сәйкес республикада ауыл шаруашылығына басшылық ету жөніндегі Комитет, сондай-ақ ауылшаруашылық өнімдерін өндіру және дайындау министрлігі мен облыстық басқармалар, ал жергілікті жерлерде ауданаралық, аудандық басқармалар құрылды. Мұның бәрі ауыл шаруашылығына, оның ішінде өнім дайындау жүйесіне басшылықты едәуір жақсартуға мүмкіндік береді.

Март Пленумына дейін дайындаушылар мемлекетке ауылшаруашылық өнімдерін сату жоспарының орындалу барысын тексерумен ғана тынып келді. Жұмысты ұйымдастыру ісіне араласпады. Пленумда жасаған баяндамасында Н. С. Хрущев жолдас міне осы жайға, әсіресе ауылшаруашылық өнімдерін дайындаушылар мен сатушылар арасында контрактациялық шарт жасасу мәселесіне ерекше тоқталды. «Ауыл шаруашылығы өнімдерін контрактациялауды, — деп көрсетті Н. С. Хрущев жолдас, — біздің, сірә, анағұрлым табандылықпен енгізгеніміз жөн болар... Сонда мемлекет өнім дайындауды неғұрлым берік негізде жүргізіп, әр жылда қаншама өнім және өнімнің қандай түрлері болатынын күн ілгері біліп отырар еді. Мұның өзі колхоздар мен совхоздарды, өндірістік басқармалардың қызметкерлерін, қысқасы өнім өндірушілерді белгілі бір дәрежеде тәртіпке үйретеді».

Кәзір өнім дайындау мәселесімен аудандық және ауданаралық жаңа басқармалар шұғылданады. Олар мемлекетке сатылатын ауылшаруашылық өнімінің мөлшерін анықтап, колхоз-совхоз басшыларымен контрактациялық шарт жасасады. Шарт жасасуға өнімді қабылдап, есеп айырысатын мекемелер мен ұйымдардың басшылары да қатысады. Шартта: колхоздар мен совхоздардың агротехникалық шараларды, малды өсіруде озат әдістерді қолдану жөніндегі міндеттемелері, сатылатын өнімнің мөлшері мен түрі, сапасы, өнімді сату мерзімі, дайындалатын өнімнің бағасы, тасымалдау жағдайы, осылардың бәріне материалдық жауапкершілігі көрсетіледі. Мемлекеттік дайындау орындары халықтың азық-түлік, өнеркәсіптің шикізат жөніндегі қажетін мұқият зерттеуге, барлық колхоз бен совхозда мол өнімді дақылдар егісінің көлемін ұлғайтуға мұрындық болуға тиіс.

Өнім дайындауға басшылық етудің бұл жаңа түрі мемлекетке де, шаруашылықтарға да пайдалы. Өйткені, біріншіден, сатып алынатын өнімдердің мөлшері, түрі, сапасы жеке колхоз бен совхоздан бастап республика, одаққа дейін белгілі. Екіншіден, колхоз бен совхоз өз шаруашылығын белгілі бір бағытпен жоспарлы түрде ұйымдастырып, мамандандыра алады. Мұның бәрі, қоғамдық өндірісті ұлғайта беруге, халықтың әл-ауқатын жақсартуға көмектеседі.

Кәзіргі контрактациялық шарт — мемлекет пен ірі социалистік ауылшаруашылық орындарының (колхоздар мен совхоздардың) арасындағы экономикалық байланыстың бір түрі. Ол ауылшаруашылық өндірісін жоспарлауды жетілдіре түсуге жәрдемдеседі. Контрактациялық шарт негізінде жоспарлаушы орындар өнім өндіру мен дайындау көрсеткіштерін шаруашылықтың басқа салаларының көрсеткіштерімен ұштастыруға мүмкіндік алады.

Алайда, кейбір колхоздар мен совхоздардың, қабылдау пункттерінің, мал дайындау мекемелерінің, ет комбинаттарының бірқатар басшылары мен қызметкерлері ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алуды ұйымдастыруды қайта құру жөнінде баяулық жасап келеді. Кей жерлерде тіпті өнім тапсыру мен қабылдау тәртібі қатаң сақталып отырмайды. Мысалы, өткен жылы Бесқарағай қабылдау пункті Семей облысының «Бөген» совхозынан 500 қойдың 100-ін орта қондылықпен, 400-ін ортадан төмен қондылықпен қабылдаған. Тексеруде 500 қойдың 28-і семіз, 405-і орташа, 67-і ортадан төмен болып шыққан. Екінші бір мысал. Шығыс Қазақстан облысының «Қараөзек» мал бордақылау совхозы Багратион совхозынан 159 ірі қараның 25-ін, осы облыстың Предгорный мал бордақылау совхозының қабылдау пункті «Уба» колхозынан 70 бас тана-торпакты көрінеу көзге «ортадан төмен» қондылықпен қабылдап алған. Бұл мысалдар кейбір қабылдау пункттерінің қызметкерлері мемлекеттің, халықтың қамынан гөрі өз құлқының көбірек ойлайтынын көрсетеді.

Көптеген қабылдау пункттері ет комбинаттарына малды семіртпей тапсырады. Семей облысының Бородулиха ауданында өткен жылы тапсырылған ірі қараның әрқайсысының тірідей салмағы орта есеппен 260 килограмм, Новопокров ауданында әрбір қойдың тірідей салмағы — 39 килограмм-ақ болған.

Малды семірту тапсырмасының нашар орындалуы неден? Оның негізгі себебі мал бордақылайтын шаруашылықтар мен қабылдау пункттері өз міндетіне жауапсыз қарайды, колхоз, совхоздан қабылдап алған малды қонына қарай іріктеп, онан әрі семірту тәртібін бұзады.

Қабылдау кезінде малдың еттілігін кемітіп бағалау республиканың бірқатар ет комбинатынан да байқалып отыр. Тексеру кезінде Алматы ет комбинатында былтырғы жылдың бірінші жартысында ғана 1930 центнер ет, июль айында 1050 центнер ет (малдың тірідей салмағымен есептегенде) артық шыққан. Сонда күн сайын 40 центнер ет ар-

тық қабылданып отырған. Павлодар ет комбинатында 107 центнер сиыр еті, 20 центнер құс еті, 117 центнер шошқа еті артық шыққан.

Мұндай қылмысты іс жүн дайындау жөнінде де кездеседі. Алматы облысының Панфилов аудандық тұтынушылар одағының қабылдау пунктiнен 3 458 килограмм биязы жүн артық шыққаны анықталды.

Дайындау мәселесiне байланысты мына төмендегi жағдайды айта кетудi жөн көрдiк. Малды етке негiзiнен күзге дейiн, қара суыққа ұрындырмай өткiзген тиiмдi. Ал күзге, әсiресе күздiң аяғына қалса мал арықтап кетедi. Бұдан мемлекет те, колхоз, совхоз да зиян шегедi. Мәселен, дайындау мекемелерi шалғайдағы ет комбинаттарына мал айдайды. Ондағы мақсат — жол-жөнекей жайып семiрту. Бiрақ кейде мал семiрудiң орнына қондылығынан айырылады. Демек, оны арықтатпаудың жолын табу керек. Малды қонды күйiнде жақын маңдағы қасапханада сойып, еттi ет комбинатына тасыған тиiмдi. Соңғы үш жыл iшiнде Алматы облысының Кеген, Нарынқол, Ұйғыр ауданына Алматы қаласындағы ет комбинатына жалпы тiрiдей салмағы 39 355 тонна мал айдалды. Оған 464,2 мың сом қаржы жұмсалды. Малды жолда арықтауынан, өлiм-жiтiмге ұшырауынан 287 мың сом зиян шегiлдi. Жұмсалуға тиiстi қаржыны есептегенде малды ет комбинатына айдап апару 601 мың сомға түстi. Айталық, үш аудан үшiн бiр ғана қасапхана ұйымдастырса, әрбiр тонна еттi автомашинамен Алматыға тасу небәрi 18 сомға түсер едi. Сонда тасымалдауға жұмсалатын жалпы шығын 340 мың сом болмақ.

Сонымен, бiздiң ойымызша, жергiлiктi жерге, әсiресе малды аудандарға лайықтап қасапхана салған тиiмдi. Сонда орынсыз шығын мейлiнше кемiп, жүздеген мың сом қаржы үнемделген, ал тұтынушылар семiз ет алған болар едi.

Н. С. Хрущев жолдас Тың өлкесi ауыл шаруашылығы қызметкерлерiнiң өткен жылғы ноябрьде Целиноградта болған кеңесiнде мемлекетке семiз ет сату жайын айта келiп, былай дедi: СССР Мемлекеттiң жоспарлау комиссиясы мал мен құс етiн ұқсататын кәсiпорындар салу жоспарын жасауы керек... Сапасы жоғары ет қабылдап алып, сату үшiн қасапханалар, тоназытатын жабдықтар болуы қажет.

Ал алыс жердегi қасапханадан жазда тиiстi орынға уақтысында жеткiзгенше ет бұзылып кетуi мүмкiн. Сондықтан да қасапханалардың жанынан шұжық жасайтын, сойылған малдың қан-жынын ұқсататын кәсiпорын салған пайдалы деп ойлаймыз. Шұжықты тасымалдау әрi жеңiл, әрi тиiмдi немесе оны жергiлiктi жердiң қажетiне жаратуға да болады.

СССР Министрлер Советiнiң қаулысына сәйкес осы жылғы 1 июньнен бастап iрi қара, шошқа, қой, ешкi және құс етiн мемлекетке сатып алу бағасы орта есеппен 35 процент арттырылды. Мұның өзi колхоздар мен совхоздарда еңбек өнiмдiлiгiн арттыруға, ауыл шаруашылығы өнiмдерiн, әсiресе мал шаруашылығы өнiмдерiн өндiрудi ұлғайтуға деген ынталылықты едәуiр күшейте түседi. Демек, бұл өнiмдер дайындау мiндетiн аброймен орындауға, сөйтiп халықты азық-түлiкпен жабдықтауды жақсартуға мүмкiндiк бередi.

Партия мен үкiмет Қазақстанның колхоздары мен совхоздарынан биылдың өзiнде ауылшаруашылық өнiмдерiн мейлiнше арттыруды талап етiп отыр. Республикамыздың ауыл шаруашылығы қызметкерлерi бұған iспен жауап беруге бекем бел байлады. Олар 1962 жылы 1,5 миллиард пұт астық алып, мемлекетке кемiнде 900 миллион пұт астық, 225 мың тонна мақта, 1 миллион 787 мың тонна қант қызылшасын, 800 мың тонна ет, 1 миллион 230 мың тонна сүт сатуға ұйғарды. Бұл мiндеттеменi абыроймен орындап, елiмiзде азық-түлiк молшылығын жасауға елеулi үлес қосу — кәзiргi айбынды мiндет.

Б. ҚАЙЫМОВ

Жаңа Программа туралы әңгіме

Біртұтас коммунистік меншікке жету жолында

В. КУЗНЯЕВА

Совет Одағы Коммунистік партиясының XXII съезі — коммунизм құрылысшыларының съезі тарихта тұңғыш рет біздің елде коммунистік қоғам орнатудың ұлы Программасын қабылдады.

Жаңа Программада партия мен совет халқының басты экономикалық міндеті—жиырма жылдың ішінде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау деп атап көрсетілді. Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының бұрын болып көрмеген дәрежеде өсіп, ұлғаюына жеткізеді. Ал мұның өзі коммунистік қоғам орнатудың ең негізгі шешуші шарты.

«Ауыл шаруашылығының өндіргіш күштерін мықтап өрге бастыруды ұйымдастыру, — деп көрсетілген Программада, — бір бірімен тығыз байланысты негізгі екі міндетті: а) халық үшін жоғары сапалы азық-түлік өнімдерін және өнеркәсіп үшін шикізаттың молшылығын жасау міндетін; ә) совет деревнясын коммунистік қоғамдық қатынастарға бірте-бірте көшіру ісін қамтамасыз ету және қала мен деревня арасындағы айырмашылықты негізінен жою міндетін орындауға мүмкіндік береді».

Соңғы жылдары Коммунистік партия мен совет мемлекеті ауыл шаруашылығының тың жер игеру, МТС-терді қайта құру, колхозшыларды материалдық жағынан ынталандыру сияқты аса маңызды мәселелерді ойдағыдай шешті.

Бұл шаралар колхоздар мен совхоздардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға, ауыл шаруашылығының өндіргіш күштерін өсіруге, еңбек өнімділігін арттыруға, сөйтіп ауыл шаруашылығы өнімдерін көбейтуге көмектесті.

Соңғы бес жылдың ішінде ауыл шаруашылығына жұмсалған күрделі қаржы, оның алдындағы бес жылмен салыстырғанда екі есе өсіп 27,2 миллиард сомға жетті. Ауыл шаруашылығына 747 мың трактор берілді. Жалпы өнім бұрынғы бес жылмен салыстырғанда 43 процент өсті. Колхоздардың ақшалай қаржысы мен бөлінбейтін қоры молайып, колхозшылардың әл-ауқаты артты. Мұның барлығы ауыл шаруашылығын бұдан бұлайда өрге бастыруға жағдай жасап отыр.

Ауыл шаруашылығын өрге бастырудың және еліміздің ауылшаруашылық өнімдеріне деген өскелең қажетін қанағаттандырудың басты жолы — колхоз, совхоз шаруашылығын жанжақты механикаландыру. Алдағы уақытта ауыл шаруашылығы техникамен жарақтандырылуы жағынан және өндірісті ұйымдастыру тұрғысынан өнеркәсіп дәрежесіне жететін болады. Соның есебінен ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігі он жылда екі жарым есе, ал жиырма жылда 5—6 есе өсетін болады.

Ауыл шаруашылығы біздің елде қалыптасқан социалистік меншіктің екі түрінің: колхоз-кооператив меншігі мен жалпы халықтық мен-

шіктің бұдан былай да қатар өсіп, жетіле беруі және олардың бірте-бірте жақындай түсуі негізінде өркендейді.

Кәзіргі кезде колхоздарда ауыл шаруашылығының өндіргіш күшін үздіксіз өсіру үшін, колхозшылардың әл-ауқатын жақсарту үшін қажетті жағдайдың бәрі бар. Қолхоз—деревнядағы өндіргіш күштердің кәзіргі даму дәрежесі мен талабына толық сай келеді. Ол—жаңа техника мен ғылым жетістігін неғұрлым кең пайдалануға, еңбек өнімділігін арттыруға, шаруалардың жеке мүддесін қоғамдық, жалпы халықтық мүддемен тығыз ұштастыруға, колхозшылардың бағалы бастамасының кең өрістеуіне жағдай жасады. Ал, колхоз—шаруалар үшін коммунизм мектебі болып отыр. Қолхоздар шаруашылықты ұйымдастыру жөнінде совхоздардан үлгі алады. Совхоздар өндірісті ғылым негізінде жүргізу, өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдастыру, шаруашылықты тиімді дамыту жөнінде озаттық үлгісі.

Колхоздық құрылыс ауыл шаруашылығы өндіргіш күштерінің дамуына қызмет етіп келді, әлі де болса ұзақ уақыт қызмет ететін болады.

Меншік түрлерін қалай болса, солай өзгерте салуға болмайды. Меншіктің әрбір түрі объективті экономикалық заңдылықтар негізінде пайда болып дамиды. Меншік түрлерінің дамып жетілуі өндіргіш күштердің өсу дәрежесіне байланысты.

Тек колхоз құрылысының экономикалық жағынан гүлденуі мен өндіргіш күштердің өсуі нәтижесінде ғана социалистік меншіктің екі түрінің бірте-бірте жақындасуына, ал болашақта олардың бірігіп бірыңғай коммунистік меншік болуына экономикалық жағдай туады.

Демек, меншіктің колхоз-кооператив және мемлекеттік түрі жай шаруашылық-ұйымдастыру шараларын жүзеге асыру арқылы емес, меншіктің екі түрінің де жетіле беруі негізінде, мемлекет тарапынан көрсетілетін көмекке сүйене отырып, колхоз-кооператив меншігінің қоғамдастырылу дәрежесін көтере беру негізінде, жалпы халықтық меншіктің жетекші роль атқаруы негізінде бірігеді.

Меншіктің колхоз-кооператив және мемлекеттік түрі арасындағы басты айырмашылық өндіріс құрал-жабдықтарының, еңбектің қоғамдасу дәрежесіне байланысты. Сондықтан да меншіктің колхоз-кооперативтік түрі колхоз өндірісінің қоғамдасу дәрежесін көтере беру негізінде дамиды. Сөйтіп ол жалпы халықтық меншікпен бірте-бірте жақындасып, кейіннен мүлде қосылып кетеді.

Қазақстан ауыл шаруашылығының өзіне тән ерекшелігі бар. Ол ерекшелік соңғы жылдарда республикада 25 миллионнан аса гектар тың және тыңайған жер игерілуімен сипатталады. Тың жерлерді игеру, көбінесе сол жерлерде совхоздар құру арқылы жүзеге асырылды. Соның нәтижесінде 1953 жылдан 1961 жылғы сентябрьге дейін республикадағы совхоздар саны 293-тен 1204-ке жетті. Ал, мұның өзі Қазақстанның ауыл шаруашылығында совхоздар үлесінің басым екенін дәлелдейді.

Тың және тыңайған жерді солтүстік облыстарға қарағанда аз мөлшерде игерген республикамыздың оңтүстік облыстары ауыл шаруашылығы өндірісінде совхоздарға қарағанда колхоздардың үлес салмағы әлі де болса басым.

Тың игеру тек қосымша миллиардтаған пұт астық, миллиондаған тонна ет, сүт тағы басқа ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді ғана емес, сонымен қатар ол егіншілік мәдениетін көтеруді, тыңдағы егіншілікті социалистік ауыл шаруашылығы мәдениетінің үлгісі ету мақсатын алға қойды. Тың игерілген жерлерде совхоз орталықтары, поселкелер, ғылыми мекемелер, оқу орындары салынып, тас жол, темір жол, электр желілері іске қосылды.

Біздің республикада совхоздардың көп ұйымдастырылуы, колхоздардың өз маңызын жойғанынан немесе олардың экономикалық жағы-

нан тиімсіздігінен емес, миллиондаған гектар тың жер игеруге байланысты ерекше жағдайдан туған қажеттік. Осыған орай А. И. Микоян жолдастың партияның XXII съезінде айтқан мынандай пікірін еске түсіре кеткен жөн: «ерекше жағдайға байланысты Тың өлкесі совхоздар өлкесі болып отыр, ал Краснодар өлкесі ауыл шаруашылығында меншіктің колхоздық түрі басым. Бірақ осыған қарап, бұл өлкелердің қайсысы коммунизмге «жақын» деп айтуға болады?»

Миллиондаған гектар тың игеру, күрделі құрылысты өрістетуге және мол астыққа ие болу бір ғана колхоздардың қолынан келмес те еді. Бұл тек мемлекет қаржысы есебінен совхоздар ұйымдастыру арқылы ғана шешілетін еді.

Бүкіл еліміздегі сияқты Қазақстанда да социалистік меншіктің екі түрі бұдан былай да дами береді. Коммунистік құрылыс кезеңінде колхоздық меншік өз дамуы барысында жалпы халықтық меншікке барған сайын жақындаса түседі.

Механикаландыру дәрежесінің артуы нәтижесінде колхоз өндірісі өзінің материалдық-техникалық дәрежесі жағынан өнеркәсіп өндірісіне жақындайды. Колхоздардың техникалық құралы көбейіп, негізгі өндірістік қоры өсе береді. Олардың қоғамдық шаруашылығының материалдық-техникалық негізін бөлінбейтін қор құрайды. Өзінің құрылымы және қоғамдық қызметі жағынан бөлінбейтін қор барған сайын жалпы халықтық өндірістік қорға жанаса береді.

Біздің елдегі колхоздардың бөлінбейтін қоры 1932 жылғы 0,47 миллиард сомнан 1960 жылы 19,73 миллиард сомға дейін өсті. Біздің республикадағы колхоздардың бөлінбейтін қоры 1953 жылдан 1961 жылға дейін 2,8 есе көбейді.

Бөлінбейтін қор ешқандай бөліске түспейді. Сондықтан да оның артуы колхоздық меншіктің қоғамдасу дәрежесінің өскенін аңғартады.

Бөлінбейтін қордың құрылымында соңғы жылдарда көптеген өзгерістер болды. Оның құрамында оны жалпы халықтық қорға жақындата түсуге лайықты үлестер ұлғайды. Мұны республикамыздағы колхоздардың мысалынан да көруге болады.

1954 жылдың 1 январына дейін республика колхоздарының негізгі қорындағы ауыл шаруашылығы машиналары мен құралдарының үлес салмағы 4,6 процент болса, ол өткен жылдың 1 январында 22,4 процентке жетті. Ондағы машина-жабдықтардың үлес салмағы 1954 жылғы 3,4 проценттің орнына 1961 жылы 6 процентке жетті.

Егер республикадағы колхоздар мен совхоздардың негізгі қор құрылымын салыстыратын болсақ, онда колхоздардың негізгі қорының совхоздар қорына тым таяу екенін көреміз.

Бөлінбейтін қордың, жалпы халықтық кәсіпорындардың негізгі өндірістік қорынан айырмашылығы аз. Өйткені колхоздардың бөлінбейтін қоры да, жалпы халықтық кәсіпорындар қоры сықылды социалистік қор негізінде дамиды.

Партия Программасында колхоздардың өз қаржысының өсуімен қатар деревняға мемлекет есебінен бөлінетін күрделі қаржының көбейетіні атап көрсетілген. Мемлекет колхоздарды осы заманғы машиналы техникамен, химикаттармен, тағы басқа өндіріс құрал-жабдығымен қамтамасыз етіп отырады. Колхоз үшін жүздеген мың мамандар даярлап береді. Мұның барлығы бөлінбейтін қорға елеулі өзгерістер енгізетін болады.

Жалпы халықтық өндірістік қор сияқты бөлінбейтін қордың да түп мақсаты—біздің қоғамның бәрлық еңбекшілерінің үнемі өсіп отырған қажеттерін өтеу, сөйтіп социалистік өндірістің үздіксіз өсуіне көмектесу.

Бөлінбейтін қордың өсуіне, соның нәтижесінде ауыл шаруашылығы өндірісінің өсуіне орай колхоз өндірісінің толық қоғамдастырылуы үшін экономикалық негіз жасалады.

Бұдан былайда бөлінбейтін қор өсіп, қоғамдық шаруашылық нығая береді, соған байланысты колхозшылардың жеке қарауындағы қосалқы шаруашылық өз мәнін жояды.

1961 жылдың январына дейін республикадағы ірі қараның 20 проценті, қойдың 15 проценті, бау-бақшаның 27 проценті колхозшылардың қосалқы шаруашылығында болып келді. Сонымен бірге 1960 жылдың январына дейін Қазақстанда өндірілген ет пен майдың 13,8 проценті, сүттің 20 проценті, жұмыртқаның 37,6 проценті колхозшылардың жеке шаруашылығынан алынды. Демек, мұның өзі колхозшылардың әлі де болса қоғамдық еңбекке толық қатыспай отырғанын көрсетеді.

Колхозшылардың ауыл шаруашылығы өнімдеріне өсіп отырған қажетін кәзіргі кезеңде бірден-ақ қоғамдық шаруашылық есебінен толық өтеуге болмайды. Бұл үшін колхоздардың қоғамдық шаруашылығының колхозшылар қажетін толық қанағаттандырарлықтай дәрежеге жетуі шарт. Осының негізінде колхозшылардың жеке меншігіндегі қосалқы шаруашылықтары экономикалық жағынан өзінің маңызын бірте-бірте жоя бастайды. Колхозшылар өз қарамағындағы қосалқы шаруашылықтың тиімсіз екеніне көзі жеткен кезде, одан өз ықтиярымен бас тартатын болады.

Қоғамдық шаруашылығы нық колхоздардың колхозшылар тұрмысына, өміріне тигізер әсері күшті. Мысалы, Алматы облысы, Іле ауданындағы Мичурин атындағы колхоздың бөлінбейтін қоры 1953 және 1961 жылдардың ішінде 3,5 есе өсті. Бөлінбейтін қордың бұлайша көбеюі, колхоздың негізгі қорын өсіруге, оның құрылымын өзгертуге мүмкіндік жасады. Оның құрамында тракторлар мен комбайндар, басқа да механикалық құрал-саймандар басым болып отыр. Атап айтқанда, кәзір колхозда 11 шынжыр табанды, 23 дөңгелекті трактор, 15 астық комбайны, 45 жүк автомобилі тағы басқа көптеген ауылшаруашылық машиналары бар. Мал фермаларындағы жұмыс механикаландырылды, еңбек өнімділігі артты. Соның нәтижесінде колхоздың ақшалай табысы соңғы сегіз жылда 4 есе өсті.

Ақшалай табыстың өсуі — колхоздың қоғамдық шаруашылығын нығайтуға, пенсия, жәрдем қорын молайтуға, колхоздың мәдени-тұрмыстық мұқтажын өтеуге, еңбеккүнге бөлінетін ақшалай және заттай үлес мөлшерін арттыруға жағдай жасады. Бұрын әрбір колхозшының көмекші шаруашылығынан алатын өнімі енді қоғамдық шаруашылық есебінен өтелетін болды. Бұл жағдай бұрын өзінің қосалқы шаруашылықтарында жұмыс істейтін еңбекке жарамды біраз адамды қоғамдық еңбекке тартуға мүмкіндік берді. Колхоздың қоғамдық жұмысына 1953 жылы еңбекке жарамды адамдардың 60 проценті қатысса, 1960 жылы 75 проценті қатысты. Колхозшылардың ақшалай табысының негізгі көзі — колхоздың қоғамдық шаруашылығы болып отыр. Ал мұның өзі колхозшылар қарауындағы қосалқы шаруашылықтың маңызы төмендеп, колхоздың қоғамдық шаруашылығының барған сайын өркендеп отырғанын айқын сипаттайды.

Өндіргіш күштердің барған сайын өсе түсуіне байланысты колхозаралық өндірістік байланыстар дами береді. Бұл бірнеше колхоздың күші мен қаржысын біріктіру жолымен әртүрлі күрделі құрылыстарды, мәдени-тұрмыс мекемелерін салу арқылы жүзеге асады. Мұның өзі шаруашылық қоғамдасуының жекелеген колхоздар шеңберінде емес, колхозаралық көлемде жүргізілетінін көрсетеді. Бірнеше колхоздың бірлесіп кәсіпорындар салуы колхоз-кооператив меншігіне онан сайын жалпы халықтық сипат береді.

Кәзіргі кезде елімізде бірнеше колхоздың ынтымақтасуымен салынған 3095 кәсіпорын мен құрылыс бар. Республикамызда 502 колхоз бірігіп салған 71 колхозаралық кәсіпорын бар. Оның 6-ы құрылыс материалдарын өндіреді, 57-і құрылыс ұйымы, 3-і электр станциясы.

Техникалық прогресс, әсіресе елді электрлендіру тек колхоз бен колхоздың арасында ғана емес, сол сықылды колхоз бен мемлекеттік кәсіпорындар арасында да техникалық және технологиялық байланыстардың дамуын талап етеді. Бұл талап — мемлекеттік-колхоздық электр станцияларын, ауылшаруашылық өнімдерін бастапқы өндеуден өткізетін, оларды сақтап, тасымалдайтын кәсіпорындарды, құрылыс материалдарын шығаратын кәсіпорындарды бірлесе салудан анық байқалады.

Қоғамдық байлығы өскен сайын колхоздар көпшілік пайдаланатын кәсіпорындар мен мәдени-тұрмыс мекемелерін салуға көп көңіл бөлетін болады. Бұл құбылыстың барлығы — ауыл шаруашылығы өндіргіш күшінің бұдан былай да күшті қарқынмен өсуіне, ауыл-селоға қала тұрмысы мен индустриалдық мәдениеттің енуіне себепкер болады.

Колхоздардың қоғамдық шаруашылығының өсуі, колхозаралық құрылыстардың өрістеуі негізінде бірте-бірте аграрлық-өнеркәсіптік бірлестіктер құрылады, бұлар арқылы ауыл шаруашылығы өзінің өнімін алдын ала өңдеп, ұқсатады.

Социалистік меншіктің екі түрінің бірте-бірте жақындасуы, ал кейіннен біртұтас болып бірігуі кезінде совхоз бен колхоз өндірісінің көп жылғы тәжірибесінде жинақталған үлгі-өнегенің бәрі де кеңінен пайдаланылады.

Міне, мұның барлығы совет деревнясының коммунистік қоғамдық қатынасқа бірте-бірте көшуіне көмектеседі.

Совет Одағы Коммунистік партиясының жаңа Программасында атап көрсетілгендей: «Қала мен деревня арасындағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени-тұрмыстық айырмашылықтардың жойылуы коммунизм құрылысының аса ұлы нәтижелерінің бірі болып табылады».



Партия тұрмысы

Идеологиялық жұмыстың маңызды саласы

Ф. МИХАЙЛОВ,

*Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің
насихат секторының меңгерушісі*

Партияның тарихи XXII съезі идеологиялық жұмыстың аса маңызды міндеті совет адамдарын дүниеге ғылыми көзқарас рухында тәрбиелеу деп көрсетті. Өйткені, еліміздегі коммунистік құрылыстың міндеттері ғылыми негізде жүзеге асырылады. Сондықтан бізде қоғам мүшелерінің дүниежүзілік дамудың барысы мен болашағын айқын бағдарлап отыратын болуының, ел ішіндегі және халықаралық көлемдегі оқиғаларды дұрыс түсінуінің, өз тұрмысын саналы түрде коммунистік негізде құруының ерекше маңызы бар.

Бұл жөнінде партияның жаңа Программасында былай деп көрсетілген: «Қоғам мүшелерінің саналылығы неғұрлым жоғары болған сайын, коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудағы, еңбектің коммунистік формаларын, адамдар арасындағы жаңа қатынастарды дамытудағы олардың творчестволық белсенділігі де солғұрлым толық және кең өрістейді, демек, коммунизм құрылысының міндеттері де солғұрлым тез, ойдағыдай орындалады».

Еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің идеялық негізі, тірегі — марксизм-ленинизм ғылымы. Коммунистік партия өз көзқарасын — марксизм-ленинизмді — алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен шаруалар және интеллигенция ғана емес, бүкіл халықтың түгелдей меңгеруін мақсат етеді. Қазір елімізде жеке адамға табынушылықтың зиянды зардаптары жойылып, партиялық және мемлекеттік басшылықтың лениндік принциптері қалпына келтірілген кезде бүкіл идеологиялық жұмысты кеңінен өрістете жүргізуге ерекше қолайлы творчестволық жағдай туды.

Совет адамдарын дүниеге ғылыми көзқарас рухында тәрбиелеу ісінде саяси оқу шешуші орын алады. Саяси оқу — бүкіл идеологиялық жұмыстың маңызды бір саласы.

Қазір Коммунистік партия біздің елімізде бүкіл халықтың партиясы болып отырған кезде жұмысшы табының маркстік-лениндік идеологиясы бүкіл еңбекшілердің саяси көзқарасына айналды. Сөйтіп, партиялық оқу бүкіл бұқараға саяси білім берудің негізгі мектебі болып отыр.

Біздің республиканың еңбекшілері де маркстік-лениндік теорияны оқып-үйренуге ерекше күшті ынта қоюда. Осының нәтижесінде партиялық насихаттың шеңбері барған сайын кеңі түсіп, оның бұқараға әсері артып келеді. Мысалы, бұдан үш жыл бұрын республикамызда саяси оқу жүйесінде 300 мыңнан аз-ақ астам адам оқитын болса, жақында аяқталған саяси оқу жылында партиялық оқудың барлық түрлерімен бір миллиондай адам қамтылды. Олардың 60 проценттейі партияда жоқ еңбекшілер. Мұнымен бірге 250 мыңдай қыз бен жігіт маркстік-лениндік ілімді комсомол саяси оқу жүйесінде оқып үйренді.

Партияның XXII съезінің материалдарының жариялануына байланысты еңбекшілер бұқарасының саяси білім алуға деген ынта-жіге

рі арта түсті. Осыны ескеріп, партия ұйымдары өткен оқу жылының барысында көптеген жаңа үйірме мен мектеп ашты. Мысалы, өткен жылдың ортасында Рудный қаласында қосымша 70 саяси үйірме мен мектеп ашылды.

Саяси оқудың нәтижелілігі мен мазмұндылығы, алдымен кадрларға, насихатшыларға байланысты. Республиканың партия ұйымдары соңғы уақытта насихатшы кадрларды іріктеп алу және тәрбиелеу, оларға насихат жұмысының әдістері мен тәсілдерін үйрету жөнінде бірсыпыра жұмыстар жүргізді.

Осының нәтижесінде насихатшы кадрлардың құрамы едәуір жақсарды. Өткен оқу жылында 40 мыңнан астам насихатшы жұмыс істесе, соның тең жартысы басшы партия, совет және шаруашылық қызметкерлері, инженерлер, ауыл шаруашылығының мамандары. Насихатшылардың 70 процентінің жоғары және ортадан жоғары білімі бар. Саяси мектептерде, үйірмелерде және теориялық семинарларда тыңдаушылар жалпы теориялық мәселелермен бірге, кәсіпорын, құрылыс, совхоз, колхоз коллективтерінің алдында тұрған нақты міндеттерді орындаудың жолдарын да қызу талқылады.

Алматы күрделі машина жасау заводының, Қарағандының № 35 және № 38 шахталарының, Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының, Гурьев облысындағы Мақат мұнай кәсіпшілігінің, Солтүстік Қазақстан облысындағы «Чистов» және Жданов атындағы совхоздардың партия ұйымдарында үйірмелер мен семинарларда сабақ жоғары идеялық-теориялық дәрежеде өтті.

Партия оқуы жүйесіндегі өткен оқу жылдың бір тамаша қорытындысы — еңбекшілердің экономикалық білімді меңгеруге деген ынтасы бұрынғыдан да арта түсті. Барлық жерде де экономикалық теорияны үйрену халық шаруашылығын өркендетудің нақты міндеттерін орындаудың тиімді жолдарын қарастырумен тығыз ұштастырыла жүргізілді. Республикамызда 470 мыңдай коммунист пен партияда жоқ еңбекші өткен оқу жылында экономикалық семинарларға, мектептерге, үйірмелерге қатынасты. Партия ұйымдары еңбекшілерге экономикалық білім берудің коммунистік еңбек университеті, теориялық конференциялар, озат тәжірибе мектептері сияқты түрлерін кеңінен қолданды.

Әсіресе экономикалық конференция өткізу жөнінде Алматы күрделі машина жасау заводы партия ұйымының тәжірибесі үлгі боларлық. Бұл заводтың коллективі республикамызда жетіжылдықтың төртінші жылының жоспарын мерзімінен бұрын орындау жөніндегі социалистік жарыстың бастаушысы болған еді. Бұл жарысты өрістетіп түсіп, өндірістің мүмкіндіктерін толық пайдалану жолындағы күресте экономикалық конференция үлкен ұйымдастырушы роль атқарды. Конференцияда «Еңбек өнімділігін арттырудың және өнімнің түсер құнын кемітудің жолдары туралы» мәселе талқыланды.

Конференцияның жұмысына 300 адам қатынасты. Партия ұйымы конференцияны үлкен дайындықпен өткізді. Бүкіл заводта өндіріс жұмыстарын механикаландыру және автоматтандыру, өндірісті ұйымдастыруды жақсарту, еңбек өнімділігін арттыру және өнімнің түсер құнын кеміту жөнінде ұсыныстар жинау айлығы өткізілді. Бұл мәселелер жөнінде жұмысшылар бірнеше лекция және әңгіме тыңдады. Осының нәтижесінде жұмысшылардан, инженер-техник қызметкерлерден 700-ден астам бағалы ұсыныстар түсті. Конференцияда осы ұсыныстар жанжақты талқыланды.

Экономикалық конференция заводтың экономикалық жұмыстарын жақсарту жөнінде нақты ұсыныстар жасады. Өндірістің мүмкіндіктері-

не нақты талдау жасаудың нәтижесінде заводтың шығаратын өнімдерін жетіжылдықтың аяғына дейін жоспарда белгіленген 77 проценттің орнына 134 процент, еңбек өнімділігін жоспарда белгіленген 48 проценттің орнына 75 процент арттыру белгіленді. Конференцияға қатынасшылар завод коллективінің жетіжылдық жоспарды бес жылда яғни 1962 жылы толық орындауға мүмкіндігі бар деген пікірге келді.

Қарағандының, Өскеменнің, Шымкенттің, Павлодардың, Петропавлдың, Ақтөбенің, Қостанайдың және басқа қалалардың кәсіпорындарында өткен экономикалық конференциялар да өндірістің бірсыпыра пайдаланылмай жатқан резервтерін ашып пайдалануға көмектесті. Қазір республикамыздың барлық партия ұйымдары да август айында өтетін республикалық экономикалық конференцияға әзірленуде.

Партияның XXII съезінің материалдарын оқып үйренген үйірмелер мен семинарлардың тыңдаушылары да кәсіпорындардың, құрылыстардың, колхоздар мен совхоздардың жұмыстарына терең талдау жасап, партия және шаруашылық ұйымдарына өндірістің қосымша мүмкіндіктерін ашып пайдалануға елеулі көмек көрсетті.

Қазір партия комитеттері мен партия ұйымдары оқу жылының қорытындысын шығаруда. Саяси оқу жүйесіндегі жинақталған тәжірибені қорытып, саяси оқуды ұйымдастырудағы жіберілген кемшіліктерден батыл қорытындылар шығарудың ерекше маңызы бар. Бұл — алдағы жаңа оқу жылына әзірліктің негізгі мазмұны болуға тиіс.

Республикамыздың бірсыпыра партия ұйымдары еңбекшілердің саяси оқуын ұйымдастыруда елеулі кемшіліктерге де жол берді. Бұл кемшіліктің ең бастысы — кейбір партия ұйымдарының насихатшы кадрларды іріктеп алып, тәрбиелеу ісіне жеткілікті мән бермеуі. Мысалы, Жітіқара ауданындағы тұрғын үй құрылыс тресінің жанындағы партия ұйымы нақты экономика үйірмесінің жетекшісі етіп, бар болғаны 4 кластық білімі бар Коротин жолдасты бекіткен. Сол сияқты жеткілікті білімі жоқ Петров және Павлов жолдастарды да үйірмелердің жетекшілері етіп бекіткен. Бұлардың өз ісінің шебері, жұмысты адал істейтін озат адамдар екенінде ешкімнің дауы жоқ. Бірақ үйірмелерді басқару үшін терең білім керек. Осыған қарамай, партия ұйымының бұл жолдастарды ыңғайсыз жағдайға душар етуі, әрине дұрыс емес. Басқарманың коллективінде жоғары білімі бар 20-дағастам инженер-техник қызметкер жұмыс істейді. Партия ұйымы насихатшылық жұмысқа соларды кеңінен тартуға тиісті еді.

Республикамызда насихатшы кадрларды оқыту, тәрбиелеу ісімен нашар шұғылданатын партия ұйымдары да бар. Мысалы, Қызылорда облысының Арал аудандық партия комитеті өткен оқу жылының ішінде насихатшылардың семинарын екі-ақ рет өткізді. Осыған қарамай, мұнда насихатшылардың тұрақты жұмыс істейтін семинары бар деп есептеледі.

Насихатшы партияның ісі үшін жауынгер күрескер, жоғары мәдениетті, терең білімді, тәжірибелі адам болуға тиіс. Насихатшы бұқараға партияның Программасының идеяларын жеткізуші, адамдарды ұйымдастырушы, тәрбиелеуші, сонымен бірге бүкіл жаңаны, озатты қолдаушы, өмірге енгізуші, кемшіліктерге қарсы аяусыз күрес жүргізетін адам болуға тиіс. Біздің елде насихатшының жұмысы ең игілікті және құрметті іс. Міне, сондықтан да бұл жұмысқа партиялық насихатты жанындай жақсы көретін, даярлығы күшті лайықты коммунистерді ұсыну керек.

Кейбір партия ұйымдары насихатшыларды іріктеп алуда бұл талапты жете ескермейді. Соның салдарынан насихатшылардың қатарында лайықсыз адамдар да жүреді. Мысалы, Текелі нан зауыдының партия ұйымы насихатшы етіп Тимошенко жолдасты бекіткен. Оның тиісті білімі және тәжірибесі жоқ. Сондықтан ол көбінесе өзінің мін-

детін басқа адамдарға жүктеп, үйірмеде сабақ төмен дәрежеде өткен. Сол сияқты Қызылорда тұрғын үй құрылыс тресінің партия ұйымында оқу жылының ортасында алты экономикалық мектеп тарап кеткен.

Саяси оқуды ұйымдастыруда орын алған тағы бір кемшілік — кейбір партия ұйымдарында оқу жүйесін ұйымдастыруда, құруда тыңдаушылардың мамандық ерекшеліктерін, білімін және басқа ерекшеліктерін жете өскермеу. Осының салдарынан бір үйірмеге немесе мектепке жетіжылдық, бастауыш, тіпті жоғары білімі бар адамдар да оқытылды. Мысалы, Қостанай облысының Белинский атындағы совхозы партия ұйымында партия тарихын оқып, үйренетін үйірмеде инженерлер, агрономдар, жоғары білімі бар мұғалімдермен бірге бастауыш және жетіжылдық білімі бар қатардағы жұмысшылар да оқыды. Міне, мұндай кемшіліктер көп жерде-ақ үйірмелер мен мектептердің сабағын тиісті дәрежеде ұйымдастыруға кедергі жасады.

Саяси оқу жүйесіндегі оқу жылының қорытындысын партия ұйымдарында, коммунистердің жиналыстарында, партия комитеттерінің бюро мәжілістерінде, насихатшылардың қалалық және аудандық мәжілістерінде талқылаған дұрыс. Келесі оқу жылында да еңбекшілерге саяси білім берудің негізгі бір түрі өздігінен оқушылардың теориялық семинарларын ұйымдастыру болып қалады.

Кейбір партия ұйымдарында маркстік-лениндік теорияны өздігінен оқып-үйренудің негізгі формасы белгілі бір пәнді жеке жоспармен оқу деп түсінеді. Бұл дұрыс емес. Осының салдарынан Қызылорда облысының Арал ауданында «жеке жоспармен» оқитын коммунистердің саны жыл сайын көбейіп келеді. Аудандық партия комитетінің есебі бойынша өткен оқу жылында мұндай коммунистердің саны 735-ке жеткен. Бұл — аудандағы коммунистердің үштен бірі. Ал, аудандық партия комитетінде теориялық семинарлардың саны және оған қатысқан адамдардың есебі туралы ешқандай мәлімет жоқ.

Іс жүзінде «жеке жоспармен» оқу деген білімін көтергісі келмейтін жалқаулар үшін бүркеншік болып алған. Сол 735 коммунистің ешқайсысында тексере келгенде жеке жоспар жоқ болып шықты. Мысалы, Арал аудандық оқу бөлімінің инспекторы коммунист Тілеуімбетов жолдас «жеке жоспармен» оқимын деген сылтаумен өз білімін көтеру жөнінде ешқандай жұмыс істемеген. Тілеуімбетов жолдас есепте тұратын аудандық атқару комитетінің партия ұйымында саяси оқудың ешқандай басқа түрі ұйымдастырылмаған. Мұндағы барлық коммунист «жеке жоспар» бойынша оқиды деп есептелген. Ал, шынында мұнда есепте тұратын 16 коммунистің ешқайсысы да оқымайтыны анықталды.

Арал аудандық партия комитеті партия оқуын ұйымдастыруда мұнан да өрескел кемшіліктерге жол берген. Мысалы, балық заводының партия ұйымында бастауыш ғана білімі бар 7 коммунист партия тарихын өздігінен оқиды. Ал, балық комбинатының басқармасы партия ұйымында жоғары және орта білімі бар 15 адам саяси оқудың үйірме түрлеріне тартылған. Жалпы білім дәрежесі төмен адамдарға өздігінен оқуға мүмкіндік беріл, өздігінен оқуға шамасы келетін білімді адамдарды үйірмелерге тартуды қалай түсіндіруге болады. Жоғары және орта білімі бар адамдарға үйірменің ешқандай саяси білім бере алмайтыны өзінен өзі түсінікті емес пе. Міне, мұндай кемшіліктер — еңбекшілердің саяси оқуын ұйымдастыруға немқұрайды қараудың салдары.

Алдағы оқу жылында саяси оқу жүйесін құрғанда оқудың коллективтік, семинар түрлеріне баса назар аудару керек. Семинарлар еңбекшілерге марксизм-ленинизм теориясын үйретудің ең тиімді түрі екенін іс жүзінде көрсетті. Ал, үйірмелерге, саяси мектептерге негізінен бастауыш, орталау білімі бар еңбекшілерді тартқан дұрыс.

Коммунистерді және партияда жоқ еңбекшілерді саяси оқуға тартқанда еріктілік принципі берік сақталуға тиіс. Міне сонда ғана еңбекшілердің саяси білімге деген ынтасын арттыруға болады.

Келесі оқу жылында партиялық насихаттың шеңберін кәзіргідей де кеңейте беруге мол мүмкіндіктер бар. Идеялық тәрбие жұмыстарының кең өріс алып, әрбір совет адамына ықпал жасауы үшін бұл жұмысты ұйымдастыруға партия ұйымдарымен бірге комсомол, кәсіп одақ ұйымдары да белсене ат салысуға тиіс.

Жастарды коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеуге айрықш. көңіл бөлу керек. Бірақ бізде бұл жұмыста елеулі кемшіліктер бар. Мысалы, Қарағанды облысында кәсіпорындарда, құрылыс пен транспорт ұйымдарында 50 мыңнан астам комсомол жастар жұмыс істейтін болса, соның 6 мыңы ғана экономикалық оқу жүйелеріне тартылған. Ал, ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін 10 мыңнан астам комсомолецтің 1300 ғана ауыл шаруашылығының экономикасын оқып үйренуде.

Республикамыздың барлық ауданы мен қаласында да «Коммунизм құрылысшыларының моральдық кодексі» деген тақырыпта теориялық конференциялар өткізілді. Бұл жөнінде республикалық конференция да өтті. Жастарды коммунистік мораль рухында тәрбиелеу жолында комсомол ұйымдары ерекше белсенділік көрсетуге тиіс еді. Бірақ бірсыпыра комсомол комитеттері, Қазақстан комсомолының Орталық Комитеті бұл жөнінде жеткілікті инициатива көрсете алмай келеді.

Совет адамдарын дүниеге ғылыми көзқарас рухында тәрбиелеу адам санасындағы ескіліктің сарқыншақтарын біржола жою — ерекше қиын да күрделі міндет. Бұл міндетті орындау үшін идеологиялық жұмыстың барлық саласын да жақсарту керек. Бұл жөнінде, әсіресе, ғылыми атеистік насихатқа ерекше көңіл бөлген дұрыс.

Дін — дүниеге марксистік-лениндік көзқарастың негізгі жауы. Дінді уағыздаушылар совет адамдарының кейбір бөліктері арасында түрлі соқыр сенімдердің бар екеніне сүйеніп, өз әрекеттерін күшейтуге тырысады.

Коммунистік партия совет адамдарының санасындағы діни сарқыншақтарды жою, дінге қарсы күрес жүргізу жөніндегі жұмыстарды коммунизм құрылысының міндеттерінің маңызды бір саласы деп санайды. Сондықтан да ғылыми-атеистік насихатта діннің зиянын, оның ғылымға жат екенін халыққа түсіндіруге баса көңіл бөлу керек. Бізде кейде баспасөз, радио арқылы дінге қарсы насихат жүргізгенде көбінесе дінді уағыздаушыларды әшкерелеуге ғана көңіл бөліп, діннің реакциялық мәнін ашуға жеткілікті назар аударылмайды.

Мұның үстіне ғылыми-атеистік тақырыптарға ұйымдастырылған лекциялар мен баяндамаларға көбінесе дінге сенбейтін адамдар шақырылады. Ал, дінге сенетін адамдар, сол сияқты діни уағызды жүргізуші поп, молда, ишан сияқтылар атеистік насихаттың назарына атыс қалып отырады. Бұл кемшіліктің орнын толтырудың бір тиімді жолы — дінге сенушілермен жеке-жеке әңгіме, кеңес өткізіп, олардың қателесіп жүргеніне көзін жеткізу.

Республикамыздың бірсыпыра партия ұйымдарында ғылыми-атеистік насихат нашар жүргізіледі. Осының салдарынан Гурьев, Қызылорда, Шымкент облыстарында халықтың кей бөлігі арасында «әулие» ге түнеу» сияқты ескі салт әлі жойылмай келеді. Бұл облыстарда ел қыдырып, тентіреп жүретін молдалар көп. Олар дінге сенетін адамдарды алдап, тонап, арамтамақтықпен күн көреді. Мысалы, Гурьев облысында Масқарбаев деген біреу өзінің ата-балаларының моласын «әулие» деп лақап таратып жіберген, сөйтіп ол өзі осында «түнеуге» келген адамдардың есебінен күн көреді. Мұндай «әулие» орындар бас

қа облыстарда да бар. Міне мұның бәрі партия ұйымдарының ғылми-атеистік жұмыстарының нашарлығынан. Атеист лекторларымыз бен баяндамашыларымыз еңбекшілерге, әсіресе дінге сенушілерге жаңағыдай «әулие» деп аталатын орындардың мән-жайын батыл әшкерелеп отыруда тиіс.

Еңбекшілерді дүниеге ғылми көзқарас рухында тәрбиелеуде лекциялық насихаттың, саяси үгіттің, баспасөздің, радионың, телевизияның ролі күшті. Бірақ кейбір партия ұйымдары идеологиялық жұмыстың бұл сияқты күшті құралдарын еңбекшілерге марксизм-ленинизм теориясын үйретуге жеткілікті шебер пайдаланбай жүр. Сонымен бірге біздің кейбір лекторларымыз бен баяндамашыларымыз коммунистік құрылыстың теориясы мен практикасын еңбекшілерге үстірт түсіндіреді, кейде тіпті фактілердің өңін айналдырып көрсетеді. Мысалы, тарих ғылымының кандидаты Никольчин жолдас жеке адамға табынушылықтың зияндары туралы айтқанда партияның сол кездегі өмірі мен қызметін бұрмалаған. Шығыс Қазақстан облыстық партия комитеті партиялық насихатты жүргізудегі мұндай бұрмалауды уақытында түзетіп, өте орынды жасады.

Марксизм-ленинизм ғылымының күші оның өмірмен тығыз байланыстылығында және оның бұқараның ой-санасына терең сіңгендігінде. Партияның идея бұқараның санасын билеген кезде, ол материалдық күшке айналады деген ұраны біздің елде толық іске асты.

Партиялық насихат мақсатты, өтімді, өмірмен тығыз байланысты, еңбекшілерге жақын да түсінікті болуға тиіс. Міне, сонда ғана ол қалың бұқараны дүниеге маркстік-лениндік ғылми көзқарас рухында тәрбиелеуге көмектеседі.

Жаңа адамды тәрбиелеу —

басты міндетіміз

М. ФАЗЫЛОВ,

Көкшетау облыстық партия комитетінің секретары

Елімізде коммунизм құрылысын кең өрістете жүргізу жолындағы күресте партия ұйымдарының идеологиялық жұмысы көрнекті орын алады. Партия ұйымдары идеологиялық жұмыстың барлық саласын адамдарға коммунистік тәрбие беру ісіне жұмылдыруда.

Өйткені коммунизм құрылысшыларының саналылығы мен ұйымшылдығы қаншалықты жоғары болса, коммунизмнің материалдық-техникалық негізін жасау, коммунистік қоғамдық қатынастарды өрістете беру, жаңа адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер солғұрлым шалшақ да тыңғылықты орындалады.

Біздің облыстың партия ұйымдары, идеология майданының қызметкерлері бұл жөніндегі өз міндеттерін айқын түсінеді.

Көкшетау облысы — Тың өлкесіндегі астықты әрі малды облыс. Облыстың еңбекшілері Партияның Орталық Комитеті март Пленумының шешімдерін жүзеге асыра отырып, егістің отамалы дақылдар жүйесін кеңінен енгізуде. Мұның өзі жүгері, бұршақ, қызылша сияқты мол өнімді, әрі пайдалы дақылдардың көлемін көбейте отырып, астықты және мал шаруашылығының өнімдерін өткен жылдардағыдан едәуір көбейтуге мүмкіндік береді.

Үстіміздегі жылы біздің колхоздар мен совхоздар өткен жылға қарағанда астықты — 18 процент, етті — 17 процент, жүнді — 26 процент, сүтті — 32 процент артық өндіріп, Отанға кем дегенде 133 миллион пұт астық, 45 мың тонна ет, 135 мың тонна сүт, 2 600 тонна жүн және 22 миллион дана жұмыртқа тапсырмақшы.

Партия ұйымдары идеологиялық жұмыстың барлық түрі мен әдісін шебер қолдана отырып, еңбекшілерді осы ардақты міндетті орындауға бір кісідей жұмылдыруда.

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау, елде азық-түлік және басқа материалдық игіліктердің молшылығын жасау күресіне идеология қызметкерлері белсене атсалысуда. Оларға қойылатын негізгі талап — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауды идеология жағынан қамтамасыз ету, яғни еңбекшілерге коммунистік тәрбие беріп, олардың саналылығы мен белсенділігін, білімі мен мамандығын және мәдени дәрежесін арттыра беру. Бұдан түсетін пайда аз емес. «Қоғам мүшелерінің саналылығы неғұрлым жоғары болған сайын, — деп көрсетілген партияның Программасында, — коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасаудағы, еңбектің коммунистік формаларын, адамдар арасында жаңа қатынастардың дамуы да, олардың творчестволық белсенділігі де солғұрлым толық және кең өрістейді, демек, коммунизм құрылысының міндеттері де солғұрлым тез, ойдағыдай орындалады».

Партияның жаңа Программасы марксизм-ленинизм іліміне бай қазына болып қосылды. Программаны және партияның XXII съезінің материалдарын кеңінен насихаттау — совет халқын коммунизм құруға жұмылдырудың негізгі шарты. Осы игілікті жұмыспен біздің облыста мыңға жуық баяндамашы мен лектор, 2,5 мыңдай насихатшы, 10 мың

ға жуық үгітші, идеология мекемелері — газеттер мен радио, клубтар мен кітапханалар, кинотеатрлар мен көркемөнерпаздар коллективтерінің барлығы шұғылдануда. Идеологиялық жұмыс бастауыш партия ұйымдарының көп көңіл бөлетін мәселесінің біріне айналды.

Адамның идеялық дәрежесі, оның маркстік-лениндік теорияны оқып-үйренуіне байланысты. Облыста партия оқуы жүйесінде биыл 52 мың адам, яғни ересек әрбір үш адамның біреуі оқыды. Биыл саяси оқу жүйесінде оқыған адам саны былтырғыдан 14 мың артық болды. Мұның өзі еңбекшілердің теория мәселелеріне, марксизм-ленинизмге ынтасы өскенін дәлелдейді. Биылғы оқу жылында XXII съездің шешімдері мен партияның жаңа Программасы оқытылды. Бұл жағдай еңбекшілерді коммунизм рухында тәрбиелеуге, олардың қоғам дамуының заңдарын жете түсінуіне, ел ішіндегі сондай-ақ халықаралық көлемдегі оқиғаларды дұрыс ұғынып, өз тұрмыстарын коммунизмнің талаптарына сай құра бастауына едәуір көмектесті.

Маркстік-лениндік теорияны меңгеру партия немесе комсомол активі үшін ғана емес, шаруашылықтың барлық саласында қызмет істейтін адамдарға, бүкіл еңбекшілерге қажет. Н. С. Хрущев жолдас комсомолдың XIV съезінде сөйлеген сөзінде: «Егер адамның идеялық сенімі күшті болса, егер ол марксизм-ленинизмнің озық теориясымен қаруланса, егер ол нағыз жауынгер болса, егер біздің көздеп отырған мақсатымыз оған айқын болса, онда мұндай адам өзінің өмірінде моральдық және саяси жағынан анағұрлым қанағаттанады», — деп көрсетті.

Осы тұрғыдан алып қарағанда насихатшылардың жұмысы — ардақты да игілікті қызмет. Бүкіл идеологиялық жұмыстың, оның ішінде насихатшы қызметінің де негізгі таразысы шаруашылық табыстар екені белгілі. Насихатшының жұмысы тиінақты экономикалық және саяси нәтиже береді. Оны мына бір мысалдан айқын көруге болады. М. Ильин жолдас «Раздольный» совхозында нақты экономиканы үйренушілердің үйірмесін басқарады. Үйірменің 18 тыңдаушысы өндіріс жаңашылдары. Мысалы, Н. Вольф пен И. Васильев жолдастар қырманды толық механикаландырды. П. Вебер жолдас сағатына 200 тонна жүк тиейтін астық тиегіш жасады. Н. Андреева мен Михайленко жолдастар сиырды электрмен сауатын цех ұйымдастырып, жабдықтады. Жаңашылдардың ұсынысы бір жылда совхозға 19 500 сом пайда келтірді.

Ал, № 47 жылқы зауытындағы насихатшы В. Е. Сотниченконың да айтарлықтай табыстары бар. Ол басқарған үйірменің оқушылары жақсы білім алды. Олардың көбі жоғары қызметке ұсынылды. Мысалы, Н. С. Цыганков 1958 жылы үйірмеге келгенде қатардағы тракторшы болатын. Қазір ол машина-трактор мастерскойын меңгереді, Бурабай ауылшаруашылық техникумында сырттан оқып жүр. Ф. Титов жолдас үйірмеге келгенде бригадир болса, қазір бөлімше басқарушысы. Тыңдаушы И. Вергизов тракторшыдан бригадирлікке жоғарылатылды, ол Омбы ауылшаруашылық институтында сырттан оқиды.

Облыстың партия ұйымдары оқу жылын негізінен алғанда елеулі нәтижелермен аяқтады. Қазір барлық партия ұйымдарында да коммунистер оқу жылының қорытындыларын жиналыстарда талқылауда. Биылғы оқу жылындағы озат тәжірибе қорытылып, кәдеге жаратылумен бірге кемшіліктерден де батыл қорытынды шығарылмақ.

Кейбір партия ұйымдары еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісін нашар ұйымдастырып келеді. Көкшетау ауданындағы «Симферополь» совхозы бастауыш партия ұйымының секретары Самбуков жолдас совхозда маркстік-лениндік теорияны үйрететін 21 үйірме мен семинар бар деп, жұртты сендіріп келген болатын. Бұлардың көпшілігі жыл ортасында тарап кеткен боп шықты. Сол сияқты Красноармеец, Чкалов аудандарында басшы қызметкерлердің оқуы ұйымдастырыл-

маған. Қызылту ауданындағы «Толбухин» совхозында 5 үйірменің екеуі және бір семинар жыл ортасында тарап кеткен. Облыстық партия комитеті кәзір өткен оқу жылындағы кемшіліктерден батыл қорытынды жасап, келешекте еңбекшілерге саяси білім беру жөніндегі жұмыстарды жақсарту берудің шараларын белгілеуде.

XXII съездің қарарларында «адамды еңбек етуге даярлау, өмірдің бірінші қажеті болып табылатын еңбекті сүйіп істеуге және қадірлеуге дағдыландыру коммунистік тәрбие беру жөніндегі бүкіл жұмыстың мәні, өзегі»—деп көрсетілген. Бұл әбден түсінікті. Себебі коммунизм кезінде әрбір адамның сана-сезімі, жұртшылық пікірі ешкімнің де қоғамдық жұмыстан тыс қалуына жол бермейді. Жасыратыны жоқ, қоғамдық еңбектен жалтаратын адамдар әлі аз емес. Мысалы, біздің облыста 70 мыңға жуық адам өндіріске қатыспай келеді. Ал, облыста жұмысшы қолы өте тапшы. Мысалы, колхоздар мен совхоздар жыл сайын егін жинау кезінде сырттан 20 мыңға жуық адам шақырады.

Қоғамдық еңбекке араласпайтындардың дені — балалы әйелдер. Сонымен бірге жекеменшікшілдер, алыпсатарлар, басқаның есебінен күн көретін арамтамақтар да бар. Комсомолдың XIV съезінде Н. С. Хрушев жолдас айтқандай, олар қоғамға пайда келтіруді ойламайды, сонымен тұрмай, анау жоқ, мынау жоқ деп талап қойғыш-ақ.

Балаларын орналастыратын жағдай болса ана-әйелдің көпшілігі еңбек етуге даяр екеніне күманданбаса да болады. Балалар бақшалары мен яслилеріндегі орынды көбейтуге тиісінше қамқорлық жасалмаса, бұған қоғамдық және шаруашылық ұйымдарының басшылары кінәлі. Сонымен бірге жұмыстан бас тартатын әйелдер де бар. Олардың арасында саяси-тәрбие жұмысын күшейте түсу керек.

Көп баланың еңбек етуге кедергі емес екенін 11 баланың анасы Герта Фридриховна Кухняк іс жүзінде дәлелдеді. Ол былай болды. Келлер ауданының «Заря» колхозында сүт сауу күннен-күнге төмендеп кетті. Фермадағы төрт топ сиырды сауатын ешкім болмады.

Герта Фридриховна үгітшіден партия Орталық Комитетінің март Пленумы туралы, фермадағы олқылық туралы есіткеннен кейін мынадай байламға келді. Ол ертеңіне сауыншы болып фермаға барды. Онан үлгі алып, тағы үш әйел фермаға келді. Олар кәзір 60-тан астам сиыр саууда. Герта Фридриховна әр сиырдан күніне 8—10 литр сүт сауады.

Міне бұл — үгітші жұмысының нақты нәтижесі. Бірақ идеология қызметкерлерінің бәрі бірдей өз жұмысында осындай нақты нәтижеге жетуді мақсат етіп алға қоймайды. Мысалы, Келлер ауданының XXII партсъезд атындағы колхозында сауыншылар арасында үгіт-саясат жұмысы нашар жүргізіледі, социалистік жарыс нақтылы ұйымдастырылмаған, үгіт-көпшілік жұмысының дәрежесін жақсартуды, оны мақсатты, нақты жүргізуді құнттап отырған партия ұйымы да жоқ.

Еңбекшілерге идеялық ықпал жасауда кітапхана қызметкерлерінің атқаратын қызметі зор. Осылай бола тұрса да біздің облыста көп жерде кітапханалар өздеріне көрсетілген сенімді ақтай алмай келеді. Мысалы, Келлер аудандық кітапханасының қызметкерлері оқушылардың көркемдік талғамының қалыптасуына көмектеспейді, олардың өз оқушыларымен байланысы нашар.

Адамдарды еңбекке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеудің негізгі жолы — барлық адамды еңбектің жақсы үлгілеріне, қоғамдық шаруашылықты жүргізудің озат әдістеріне үйрету. Облыста мұндай мысалдар аз емес.

Коммунистік еңбек бригадасы деген жоғары атаққа 200 коллектив ие болды, коммунистік еңбектің екпіндісі атағын алу үшін 18 мың адам жарысқа қосылған. Жүздеген адамдар еңбектегі ерлігі үшін еңбек даңқы кітабына жазылды, олардың суреттері құрмет тақталарына ілінді. Олардың ішінде автопоездің шофері Г. Нұғыманов, әр

сиырдан 4 мың литрден артық сүт сауған сауыншылар А. Пашенко, М. Герлинская, Л. Шефнер, Ф. Литая, негізгі мегежіннен 41 торайдан алған Федчук, 100 саулықтан 130 қозыдан алған П. Рау, 100 сиырдан 100 бұзау алған Ә. Айсин, И. Задорожный, Қ. Кәрібаев, М. Телжанов, әр қойдан 7,3 килограмнан жүн алған М. Әлкебаев жолдастар бар.

Облыстық партия комитеті еңбектегі озат тәжірибені насихаттап, өндіріске енгізу мәселесіне үлкен мән береді. Сондықтан да бұл мәселені бюрода жиі қарап, үнемі қадағалап отырамыз.

Моральдық қасиеттері жорары, «сегіз қырлы, бір сырлы» коммунизм адамын тәрбиелеуде мәдени-ағарту мекемелерінің алатын орны ерекше күшті. Біздің облыста 13 мәдениет үйі, 319 клуб, 15 автоклуб, 15 мәдениет, денсаулық сақтау университеті жұмыс істейді, сонымен бірге 254 көркем өнерпаздар коллективі, 86 хор, 38 музыка, 70 драма, 48 би коллективі және халық театры бар. Жақында өткен облыстық байқау халық арасында көркем өнердің жаңа сатыға көтерілгенін көрсетті. Әсіресе Қызылту ауданының домбыра және эстрадалық оркестрі, «Қантемировец» совхозының оркестрі, Шучье және Еңбекшілдер аудандарының би коллективтері, көптеген хор коллективтері мен жеке орындаушылар жап-жақсы өнер көрсетті.

Көкшетау облысы 1944 жылы құрылғанымен оның жаңа өмірі тың игеруге байланысты басталды. Облыстың экономикасы күшеюмен бірге мәдениет орындарының қатары да көбейді. Дегенмен бізде әлі күнге дейін маманданған театр жоқ. Сондықтан біз қолда бар клубтарды дұрыс және толық пайдалануға, көркем өнерпаздар мен әуесқойлардың өнері арқылы бұқараны кеңінен қамтуға тырысамыз.

Облыс орталығындағы өнерпаздар коллективі халық театры деген атақ алды. Бұл коллектив режиссер Чурганованың басқаруымен «Любка любовь», «Стряпуха», «Стряпуха замужем» деген пьесаларды сәтті қойды. Қазақ драма үйірмесі Есқалиев жолдастың бастауымен «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» пьесасын қойды. Жергілікті ақындар мен композиторлардың өлеңдер жинағы шығарылды, олардың жаңа туындылары жергілікті газеттерде үнемі жарияланып тұрады.

Адамның жанжақты жетілуі үшін ол білімді де өнерлі болуы керек. Ал облыста әртүрлі жағдайға байланысты көп оқи алмай қалған адамдар әлі де болса бар. Партияның Программасында таяудағы жылдары жаппай сегізжылдық білім беруді жүзеге асыру көзделген. Бұл үшін мемлекет тарапынан көп қаражат бөлініп отыр. Мұның үстіне бұл міндетті шапшаңырақ жүзеге асыру үшін халық ағарту орындарының қызметкерлері бағалы бастамалар жасауда. Чистополь ауданындағы Тахтоброд мектебінің оқытушылары қоғамдық негізде кешкі орта мектеп ұйымдастырды. Бұл мектептің 7—9—10 кластарында 52 адам оқиды. Қазір облыста қоғамдық негізде 14 кешкі мектеп пен 4 консультациялық пункт жұмыс істейді. Кешкі мектепте оқитын жастар білімін көтерумен бірге өндірісте де жақсы жұмыс істеуде.

Халықты коммунистік мораль негізінде тәрбиелеп, әрбір адамның жанжақты дамуына жағдай туғызумен қатар, идеология қызметкерлері мен мекемелері ескіліктің сарқыншақтарына қарсы күрес жүргізуде.

Облыстың партия ұйымдары идеологиялық жұмыстың барлық түрі мен әдісін шебер қолдана отырып, жаңа адамды тәрбиелеу жолында қажымай-талмай күрес жүргізеді. Мұның өзі еңбекшілер бұқарасын коммунизм құрылысының міндеттерін орындау жолындағы күреске жұмылдыра түседі.

Қоғамдық негіздегі жұмыс

Ж. БАЛАПАНОВ,

Талдықорған қалалық партия комитетінің секретары

Партияның XXII съезі идеологиялық және партиялық-ұйымдастыру жұмыстарын кеңінен өрлетудің нақты жолдарын белгілеп берді. Съезд шешімдерінде партия жұмысында қоғамдық негізді кеңінен қолдану, бұл іске активті барынша мол тарту, ұйымдастыру жұмысының түрі мен әдісін неғұрлым жетілдіре түсуге баса көңіл бөлінді. Н. С. Хрущев жолдастың съезде жасаған есепті баяндамасында «Партия органдары қоғамдық негізде жұмыс істейтін комиссиялармен, бөлімдермен, нұсқаушылармен, аудандық және қалалық комитеттердің секретарьларымен барған сайын толығы беруі тиіс» деп атап көрсетілді. Міне, осыған орай, қала партия ұйымы қоғамдық негіздегі партиялық жұмысты өрістете бастады. Қалалық партия комитетінің жанында штаттан тыс құрылған ауыл шаруашылығы, құрылыс, мектеп, әйелдер арасында жұмыс жүргізетін бөлімдер, партияға кірушілер арызын алдын ала қарайтын комиссия бар. Бұл бөлімдерде ауыл шаруашылығында, құрылыста, өнеркәсіпте істеп ысылған, тәжірибелі мамандардан 40 коммунист нұсқаушы болып жұмыс істейді.

Штаттан тыс бөлімдердің жұмысы қалалық партия комитеті бюросы бекіткен жоспарға лайықты жүргізіледі. Бөлімдерді партиялық жұмыста тәжірибесі бар, өз саласын жақсы меңгерген, жоғары білімді коммунистер басқарады. Мысалы, ауыл шаруашылығы бөлімін көп жыл партия, совет аппаратында қызмет істеген, жоғары білімді агроном, кәзір пенсионер М. Песоцкий жолдас басқарады. Бөлімнің қалған 6 нұсқаушысының да жоғары білімі бар. Олар да өздерін жұмыста көрсете білген коммунистер.

Ауыл шаруашылығы бөлімінің қызметкерлері қалалық партия комитетіне үлкен қолқабыс тигізіп келеді. Бөлім әрдайым бюро мәжілісінің күн тәртібіне көкейтесті мәселелерді қоюға ат салысады. Өткен жылдың октябрь айында «Партияның XXII съезі» колхозында сиыр сауатын жылжымалы агрегат іске қосылды. Соның нәтижесінде бір сауыншы 120 сиырды сауатын болды. Қалалық партия комитетінің бюросы мал фермаларын механикаландырудың жайы туралы мәселе қарап, бастауыш партия ұйымдарын, шаруашылық басшыларын «Партияның XXII съезі» артелінің тәжірибесін жинақтап, зерттеп, оны өздеріне қолдануды талап етті.

Бюроның бұл қаулысының орындалуын бақылау штаттан тыс бөлімге тапсырылды. Ауыл шаруашылығы бөлімінің қызметкерлері бұл іске бар ынтамен кірісті. Соның нәтижесінде кәзір 6 колхозда сиыр сауатын агрегат жұмыс істейді, тағы екі колхозда қондырылым жатыр. Бөлімнің қызметкерлері тек бақылаушы ғана емес, олар керекті жерінде білек сыбанып іске де көмектеседі. Мысалы, осы бөлімнің нұсқаушысы, инженер-механик Қ. Рақышев жолдас сиыр сауатын агрегатты құрастыруға, қондыруға өзі тікелей араласып, қолма-қол жәрдемдесті.

Осы бөлімнің нұсқаушылары мал дәрігері О. Сәрсенов пен зоотехник И. Чарухин жолдастардың ұсынысы бойынша колхоздарда асыл

құқымды мал басын көбейту шарасы қолданылды. Сондай-ақ бөлім қызметкерлері қалалық партия комитетінің бюросына мәселе даярлауға да көмектеседі. Мысалы, осы жылдың март айында болған қалалық партия комитетінің бюро мәжілісінде «Бау-бақша, жүзім шаруашылығын өркендету» туралы мәселе қаралды. Бұл мәселені бюроға даярлаған ауыл шаруашылығы бөлімінің нұсқаушысы П. Гетман жолдас.

Бөлім партия Орталық Комитетінің шешіміне сай егіс құрылымын қайта құру, көп жылдық және біржылдық шөптердің орнына отамалы дақылдар егу жөнінде де көп жұмыстар істеді.

Сондай-ақ қалалық партия комитетінің жанында штаттан тыс жұмыс істейтін әйелдер арасындағы жұмыс бөлімінің қызметкерлері әйелдерді қоғам өміріне, өндіріс жұмыстарына белсенді қатыстыру жөнінде партия ұйымдарына жәрдемдесіп отырады. Қаланың кәсіпорындары мен колхоздарында осы бөлімнің тікелей басшылығымен жұмыс істейтін 30 әйелдер советі бар. Бөлімнің әрбір нұсқаушысы 3—4 бастауыш партия ұйымын өз қамқорлығына алған. Олар әйелдер арасында социалистік жарыстың барысын қорытындылап, озат тәжірибені жинақтап, таратып келеді.

Әйелдер арасындағы жұмыс бөлімі қаланың кәсіпорындары мен мекемелеріндегі жұмысшы, қызметкер әйелдердің тұрмысына, олардың білім, мамандық дәрежесінің өсуіне көмектесіп, жалғыз басты, көп балалы аналарға қамқорлық жасап отырады.

Бұл бөлімнің қызметкерлері әйелдерге семьяда бала тәрбиелеу, шаруашылығын жүргізуге жәрдемдесу жайларын да естен шығармайды. Осы бөлімнің ұйымдастыруы бойынша жыл басынан бері қай Макаренконың «Семьяда бала тәрбиелеу» деген кітабы бойынша 1 рет конференция өткізілді. Бұл конференцияларға әйелдер белсене қатысты.

Бұл бөлім, әсіресе өндірісте істейтін әйелдердің өз жұмыс нормаларын артығымен орындауын, сөйтіп елімізде коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасауға олардың өз үлес-сыбағасын қосуын қатты қадағалайды. Соның нәтижесінде де қала кәсіпорындарында жұмыс істейтін 13 әйелдер бригадасына ең құрметті де абзал атақ— коммунистік еңбек бригадасы атағы берілді.

Абыройлы атаққа ие болған бұл бригадалардың бәрінің де өндірістік көрсеткіштері жоғары. Бригада мүшелері жұмыста да, тұрмыста да өзгеге үлгі көрсетіп келеді. Мысалы, жеміс-консерві заводының И. Лемкуль жолдас басқаратын жеміс-овощ цехында 20 жұмысшы бар. Цех жұмысшылары өткен жылдың жоспарын 112 процент орындап, еңбек өнімділігін жоспарда белгіленгеннен 1 процентке арттырды. Бригада мүшелері тегіс оқуда. Бригаданың 12 мүшесі техникумда ырттан оқыса, 2 мүшесі кешкі мектепте оқиды, 6 адам әртүрлі саяси білім беретін үйірмелерге қатысады.

Сондай-ақ қалада өз ісіне асқан тиянақтылықпен қарайтын еңбек заттары әйелдер толып жатыр. Солардың қатарында тігінші А. Родай, Социалистік Еңбек Ері қызылшашы С. Әлімбекова, колхозшы А. Шкурина, СССР Жоғарғы Советінің депутаты, сауыншы Ш. Терезуова, шошқа бағушы М. Пильшенко, сауыншы Қ. Өтепова, бұзау бағушы М. Пожидаевалар бар.

Қалалық партия комитеті әйелдер арасында жұмыс істейтін бөлімге көмектесіп отырады. Өткен айда қалалық партия комитетінің бюросы Партияның XXII съезі атындағы тігін фабрикасындағы әйелдер советінің жұмысы жайлы мәселе қарап, оның тәжірибесін жинақтап, басқаларға үлгі ретінде таратуға қаулы алды.

Қалалық партия комитетіне, әсіресе қоғамдық негізде жұмыс істейтін идеологиялық комиссия елеулі көмек көрсетіп отыр. Бұл комис-

сия бізде 1960 жылдан бері қарай жұмыс істеп келеді. Комиссия мүшелерінің ішінде 19 адам қалалық партия комитетінің пленум мүшесі. Идеологиялық комиссияның председателі Т. Черторогова жолдас.

Идеологиялық комиссия кәзір еңбекшілерді коммунистік рух тәрбиелеуде, жалпы идеялық-тәрбие жұмысын жүргізуде елеулі тәжірибеге ие болды.

Бұл комиссияның мүшелері насихатшылардың семинарын даярлауға, теориялық және экономикалық конференциялар өткізуге жәрдемдеседі. Партия оқуы жүйесіндегі семинарлар мен үйірмелерге көмек көрсетіп, бақылауға белсене ат салысып келеді. Сондай-ақ идеологиялық комиссия қалалық партия комитетінің пленумы мен бюросына мәселелер әзірлеуге де қатысады.

Идеологиялық комиссияның қалалық партия комитетіне көрсетіп отырған көмегі жанжақты. Оның әрбір мүшесі колхоз, совхоз, кәсіпорындарда жиі-жиі болады. Олардағы социалистік жарыстың қорытындысын шығаруға, үгіт пункттерінің жұмысын жақсартуға жәрдемдеседі.

Идеологиялық комиссия бастауыш партия ұйымдарына коммунистік еңбек жолындағы қозғалысты кең өрістетуге, озат тәжірибе мен ғылым жетістігін өндіріске енгізуге, сондай-ақ арамтамақтарға қарсы күресті өршітуге, идеологиялық жұмыстың түрі мен әдісін жетілдіріп беруге ұмтылады.

Жақында идеологиялық комиссияның белсене қатысуымен «Еңбек етпеген, ішіп жемейді» деген тақырыпта қалалық теориялық конференция өткізілді. Осы комиссияның ұйымдастыруы бойынша «Өнімнің түсер құнын кеміту мен еңбек өнімділігін арттырудағы мүмкіншіліктер» деген тақырыпта қала кәсіпорындарында 8 экономикалық конференция өткізілді. Мұндай конференциялар тігін, аяқ киім, мебель фабрикаларында, жеміс-консерв заводында, № 1 және № 4 автобазаларда өткізілді.

Идеологиялық комиссия өткен жылы партия оқуы жүйесіне адаспартуға белсене қатысты. Соның нәтижесінде саяси оқуға тартылғандардың саны бұрынғыдан 3 мың адамға көбейді. Комиссия мүшелері партияның жаңа Программасы мен Уставы, XXII съезд материалдарын түсіндіретін насихат топтарын басқарды. Съезд материалдары партияның Орталық Комитеті март Пленумының материалдарын оқытатын 24 лекторий құрылды. Сондай-ақ осы комиссияның бастауы бойынша ұй шаруасындағы әйелдер арасында жұмыс істейтін лекторийлер ұйымдастырылды. Міне үш айдың жүзі болды, осы лекторийдің мүшелері қалалық Мәдениет үйінде әр сейсенбі сайын партияның XXII съезі материалдары, халықаралық жағдай туралы лекциялар оқып келеді. Сол сияқты идеологиялық комиссия ССРС Жоғарғы Советінің сайлауы кезінде үлкен бұқаралық-саяси, ұйымдастыру жұмыстарын атқарды.

Қалалық партия комитеті қоғамдық негіздегі партия жұмысына соның бірі идеологиялық комиссияның жұмысына көп көңіл бөліп келеді. Олардың көтерген мәселесіне ден қойып, көмектесіп отырады. Қалалық партия комитеті өз тарапынан бұл жаңа да абыройлы істі етек жайып, өркендеуіне жағдай жасауда.

Кәзір қоғамдық негізде жүргізілетін идеологиялық жұмысқа 251 үгітші, 300 насихатшы, қалалық партия комитетінің 60 баяндамашысы, штаттан тыс 35 лектор, саяси және ғылыми білім тарату қоғамының 300 мүшесі қатысуда. Сондай-ақ, Крупская атындағы, Партияның XXII съезі атындағы колхоздарда да қоғамдық негізде семинарлар жұмыс істесе, қант комбинаты, «1-май» колхозы, ауыл шаруашылығы және малдәрігерлік техникумдары жанындағы бастауыш партия

ұйымдарында қоғамдық негізде жұмыс атқаратын саяси оқу кабинеттері бар.

Қаланың кәсіпорындары мен шаруашылықтарында бұдан да басқа қоғамдық негізде атқарылатын жұмыстар өркен жаюда. Мысалы, «Коммунистический труд» газеті редакциясы жанында штаттан тыс негіз бөлім жұмыс істейді. Таяуда қалалық комсомол комитеті пленум өткізіп, онда қоғамдық негіздегі жұмыстарды дамыта берудің барысы туралы мәселе қарады. Медицина училищесі студенттерінің бастама-ы бойынша қалалық балалар ауруханасы жанынан құрылған тіс кабинетінің жұмыс тәжірибесі айтылды. Сондай-ақ қалалық комсомол комитетінің жанынан қоғамдық негізде балалардың спорт мектебі құрылған болатын. Қоғамдық негізде жұмыс істейтін шопан, сауыншылар советі, халық жасақшылар советі бар.

Міне, қоғамдық негізде атқарылып жатқан осындай сан алуан идеологиялық жұмыстардың нәтижесін жинақтап, қорытып отыратын идеологиялық комиссия қалалық партия комитетіне біраз көмек көрсетуде. Бұл комиссия идеологиялық жұмыстардың өмірмен орайлас, өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын өркендетудің міндеттерімен тығыз байланысты, нақты, мазмұнды, нысаналы болуына әсер етуде.

Идеологиялық комиссияның міндеті — саяси тәрбие жұмысының тәжірибесін үнемі зерттеп, терең қорытып, өндірістің алдында тұрған міндеттерін орындауға көмектесуде деп білеміз. Шын мағынасында ол солай болып та отыр.

Қалалық партия комитетінің жанынан ұйымдастырылған комиссия мүшелері өз ісіне үлкен жауапкерлікпен қарауда. Мысалы, қант комбинатындағы қоғамдық негізде жұмыс істейтін саяси оқу кабинетін коммунист Филоненко жолдас басқарады. Бұл кабинетте ағымдағы саясат мәселелерін оқып-үйренуге керекті әдебиеттердің бәрі бар. Кабинет ықпалы ашық, онда кезекшілер болады. Үгітшілер, насихатшылар күн сайын осы жерден табылады. Олар еңбекшілердің сұрауларына жауап береді.

Идеологиялық комиссия еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуде, еңбек өнімділігін арттыруда, еңбек тәртібін нығайтуда, коммунистік еңбек қозғалысын өрістетуде бастауыш партия ұйымдарына елеулі көмек көрсетіп отыр.

Сондықтан да қалалық партия комитеті алдағы уақытта да өзінің күнделікті практикалық жұмысында қоғамдық негіздегі жұмыстарды өркендеті, партия активін өсіре отырып, басшылық жұмысының тиімділігі мен әдісін жетілдіре береді. Мұның өзі бізге жетіжылдықтың екінші жылының міндеттерін ойдағыдай орындау жолындағы күрескең ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

ҰЙЫМШЫЛ КОЛЛЕКТИВ

Байболдың үйіне келгені жаңа еді. Дәл осыны күткендей-ақ телефон шыр ете қалды.

— Шәймерденбісін, 18-дің палеці сынып кетті деймісін. Ал не істеп жатсындар? Жарайды. Кәзір мен де барамын.

Мастер учаскеге жеткенде оператор скважина редукторының палецін ауыстырып та үлгерген екен.

Бекбике мұнай өндіру учаскесінің мастери Байбол Қилыбаев — жұмыс дегенде тынымсыз жан. Ол басқарған мұнайшылар бұл күндері өндірістік жоспарды артығымен орындау үшін күресуде. Алғашқылардың бірі болып коммунистік еңбек бригадасы атағына ие болған бұл бригада мүшелерінің бәрі де коллективтің алдында қойылған міндетті орындауда уақытпен санаспайды.

Осы бригаданың бригадирі, коллективтің жетекшісі — Б. Қилыбаевтың өмірі өзгеге де үлгі. Ол өмірді көрген, одан үйренген адам. Ең алғашында Байбол Гурьев қаласындағы құрылыстың бірінде жұртасушы болып орналасты. Еңбек қадамы сәтті басталды. Жас жігіттің талабы мен қайратына коллектив сүйсініп жүрді.

Бірақ Байбол маман жұмысшы болу, техниканы меңгеруді аңсады. Алдына айқын мақсат қойған ол екі жылдық өнеркәсіп училищесіне түсті. Оқуды 1934 жылы үздік бітіріп, бұрғышы мамандығын алып шықты. Сөйтіп ол еңбекке араласып, жер қабатын бұрғылаудың әдісін он саусағындай меңгерді.

«Өнерлі өрде озады» дегендей, талапты маман Комсомол кәсіпшілігінің бұрғылау мастерлігіне жоғарылатылды. Бұл — 1941 жылы еді. Бригадир коллективті ұйымшылдыққа тәрбиелей отырып, мұнай өндіретін скважина санын біржарым есе, еңбек өнімділігін бірнеше есе арттырды.

Партбюро секретарының бөлмесіндегі мәжіліс ұзаққа созылды. Күн тәртібіндегі мәселе — Бекбике мұнай өндіру учаскесінің өндірістік жоспарды орындай алмауы жайлы.

— Учаске, — деді партбюро секретары, — Отанға жүздеген тонна мұнай бережақ. Мұнда еңбекті ұйымдастыру жағы әлсіз. Ішкі мүмкіндік толық пайдаланылмай жатыр. Учаскені олқылықтан алып шығу үшін іскер басшы, білікті өндіріс жетекшісі керек. Бұл учаскенің мастерлігіне Қилыбаев жолдас ұсынылды. Бұл ұсынысты коммунистер өндіріс озаттары қостады.

Мастерді жаңа учаскедегі қиыншылықтар қатты толғантты. Іс тетігі адамда екенін жақсы білетін мастер ең алдымен адамдармен жұмысты жақсартты. Соның арқасында коллектив табысы да молаю түсті. Әсіресе бригаданың соңғы үш жылдағы өндірістегі ерлігі аудай көлемінен асып, облысқа танылды. Қилыбаев жолдас Отанымыздың астанасы Москвада болған коммунистік еңбек бригада мүшелерінің кеңесіне қатысты.

Міне содан бері бригада коллективі мұнай шығарудың жоспарын айдан-айға, жылдан-жылға асыра орындап келеді. Бригада да еңбек ұйымдастыру жақсы жолға қойылған.

Вахтаны қабылдау жауапты істің бастамасы. Бригада мүшелері учаскедегі жұмыстың саласын жанжақты бақылап, механизмнің «жүрек соғуын» білгеннен кейін вахтаны қабылдау—бүтін бір сменадағы істің тағдырын шешеді,—дейді бекбикеліктер.

Бұл — тәжірибеде әбден дәлелденген қағида. Мұны осы учаскенің жұмысы да ақиқат дәлелдеп береді.

Вахта ауысар кез. Күз жанбыры жауып тұр. Жер бетін мұздақ жапқан. Қолында вахталық журналы бар аға оператор Ш. Кенебаев пен оператор А. Сарбалин учаскенің батыс бетінен түсіп, әрбір скважинаны қарап жүр. Олардың вахта ауысар кездегі кездесетін жері де бұрыннан аян. Жұмысқа жаңа келген операторлар учаскені белгілі маршрутпен аралап, вахталық журналдан бұрынғы сменадағылардың жұмысына қанығады, учаскенің сол бойдағы жұмыс жайын біледі, әсіресе кемшілікті мүлт жібермейді.

Вахталық журналға жазылған сын ескертпелер, пікірлер жеті сайын бригада талқысына салынады. Қызыл бұрышта өткізілген бір мәжілісте аға оператор Қ. Байсарымов вахта кезінде ұйықтап қалған Үсенді қатты сынға алды. Оның жауапсыздығынан мұнайдың кем тапсырылғанын ескертті.

Ұйымшыл коллектив коммунистік жарысқа қосылар алдында әрбір оператор, бригаданың әрбір мүшесі 3—4 мамандық меңгеру керек деген мақсат қойған еді. Олар кәзір бұл мақсаттарына жетті. Мысалы, операторлар Қ. Байсарымов, Ө. Токсанбаев, Ә. Балмұқанов, Ш. Кенебаев және басқалардың слесарь, электрмен пісіруші, тракторшы, ағаш ұстасы, шофер мамандықтары бар. Ал, операторлар Жамансарин, Нұрғазиев, Сәтмағамбетов, Асқаров және басқалар қысқа мерзімнің ішінде екі-үш мамандық меңгерді.

Бригада мүшелері бұрынғыдай скважиналардың жерасты жөндеуін арнаулы бригадаға бермейді, өздері атқарады. Осының өзінен мыңдаған сом мемлекет қаржысы үнемделді. Бұл коллектив жаңа техниканы пайдалануда да шебер-ақ. Скважиналарды сапалы жөндеудің нәтижесінде олардың жөндеу, мерзімі 55 күнге жетіп отыр.

Ұйымшыл бригаданың мүшелері тек еңбекте ғана оза шауып, жүлде алып жүрген жоқ, сондай-ақ олар күнделікті тұрмыста да өзгелерге үлгі-өнеге көрсетуде. Қоғам жұмысына белсене араласады. Мысалы, операторлар Кенебаев — учаске кәсіподақ ұйымының председателі, халық заседателі, Байсарымов—аудандық Советтің депутаты, кәсіпшілік партбюросының мүшесі, Балмұқанов — учаске партия тобын басқарады. Әубәкіров — халық заседателі, үгітші, Нұрғазиев — аудандық партия комитетінің мүшесі, ал бригадирдің өзі — поселкелік Советтің депутаты. Әрбір оператор — жаңалық ұсыныстардың иесі.

Бригаданың әр мүшесі өздері не болған абырой-атақты жоғары ұстау үшін қажырлы еңбек етумен бірге оқып, білімін көтеруді де парызым деп біледі. Олар тегіс дерлік әртүрлі саяси үйірмелерде оқиды. Әр біреуінің өз үйінде шағын кітапханалары бар. Газет-журналға үзбей жазылып, оқып тұрады. Бригада мүшелері бірлесіп көркем әдебиет кітаптарын оқиды. Жұмыстан қолдары бос кездерінде өздері оқыған кітаптар туралы пікір алысады. Міне, мұның барлығы бригада мүшелерінің еңбекке деген ынтасын арттырып, бір-біріне деген жолдастық, достық көмегін күшейтуде.

Бұрын артта қалып келген учаске, шебер мастер, ұйымдастырғыш бригадир коммунист Б. Қилыбаев келгеннен соң озаттар қатарына теңелді. Тек теңеліп қана қойған жоқ, абыройлы атаққа ие болды. Бригаданың мүшелері бұдан былай да еселеп еңбек етіп, коммунизм құру ісіне сүбелі сыбаға қосу жолында күресуде.

Партия тұрмысының хабарлары

ПАРТИЯ ҰЙЫМЫ СЕКРЕТАРЬЛАРЫНЫҢ СЕМИНАРЫ

Целиноград облыстық партия комитеті кәсіпорындар, транспорт және байланыс орындары бастауыш партия ұйымдары секретарьларының үш күндік семинарын өткізді. Семинарда партияның XXII съезінің шешімдеріне байланысты ішкі партиялық жұмысты жақсартуға беру, бұл жөніндегі озат тәжірибені тарату мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді.

Партия ұйымының секретарьлары облыста өнеркәсіпті, транспортты және байланыс құралдарын дамыта берудің болашағы, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жөніндегі партия ұйымдарының міндеттері, коммунистік еңбек жарысын ұйымдастыру туралы, еңбек өнімділігін арттырып, өнімдердің түсер құнын кеміту туралы және басқа тақырыптарда лекциялар тыңдады. Сонымен бірге өз жұмыстарының тәжірибелерімен алмасты.

ФЕРМАЛАР МЕХАНИКАЛАНДЫРЫЛУДА

«Шақат» совхозының партия комитеті өндіріске озат тәжірибені енгізу ісін шебер ұйымдастырып келеді. Соңғы кезде ғана совхозда бес табын сиыр электрмен сауылатын болды. Сонымен бірге бірнеше мал қорасында автоматты суарғыштар орнатылды. Шошқа фермасында электр бақташысы енгізіле бастады. Қора тазалау түгелдей механикаландырылды. Совхоз биыл барлық сиырды электрмен саууды жоспарлап отыр. Бұл 32 сауыншыны басқа жұмысқа ауыстыруға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде 4600 сом үнемделді. Сиырды электрмен сауумен байланысты сауыншылар жетісағаттық жұмыс күніне көшеді.

Егін шаруашылығында да озат тәжірибе кеңінен қолданылуда. Жүгері, бұршақ, қант қызылшасын, овощ және

картоп өсіретін механикаландырылған 13 отряд, 33 звено құрылды. 200 адам тракторшылар мен комбайншылардың және шоферлердің курсына оқиды.

Павлодар облыстық партия комитетінің бюросы озат тәжірибені енгізу және совхоз өндірісіндегі жұмыстарды механикаландыру жөнінде бұл партия комитетінің секретары Никитин жолдастың баяндамасын тыңдап, партия комитетінің бұл бағыттағы жұмысын мақұлдады. Облыстық партия комитеті бұл совхоздың тәжірибесін барлық шаруашылықтарда да кеңінен қолдануды партия ұйымдарына жүктеді.

ҚОҒАМДЫҚ БАСТАМА НЕГІЗІНДЕ

Саран қалалық партия комитетінің пленумында қоғамдық бастама негізіндегі жұмыстардың жәйі туралы мәселе талқыланды.

Қаланың партия, совет және кәсіподақ, комсомол ұйымдарында қоғамдық негіздегі жұмыстар өрістей түсті. Қалалық партия комитетінің жанында қоғамдық негізде жұмыс істейтін халық ағарту, денсаулық сақтау, әйелдер арасындағы жұмыс бөлімдері бар. Сонымен қатар бірнеше комиссия, штаттан тыс нұсқаушылар жұмыс істейді. Партия ұйымдарында қоғамдық негізде жұмыс істейтін 200 ден астам лектор және баяндамашы бар. Әкімшіліктің жұмысын бақылайтын комиссиялардың құрамында 150-ден астам коммунист жұмыс істейді.

Пленумда қалалық партия комитетінің секретары Е. Зимина және партия ұйымдарының секретарьлары Асыллов, Жұмаділдин, Макаров, Крупко, Шишканов жолдастар қоғамдық негіздегі жұмыстарды ұйымдастырудың тәжірибесін ортаға салумен бірге, бұл жөніндегі кемшіліктерді сынады.

Қалалық партия комитетінің пленумы қоғамдық негіздегі жұмысты өрістетуге берудің нақты шараларын белгіледі.

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Ордабаев Б. (бас редактор), Айтмағамбетов З.,
Әбілдаев К., Бейсенбаев С., Жанкелдин Т.,
Мендібаев Қ., Хайдаров С. (жауапты секретарь),
Ыдырысов Т.

Редакция адресі:
Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 103.
Тел. 2-23-03, 2-24-95.